

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ**

*Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде*

**7-кітап**

2-ші басылым, өңдел. және толық.

ӘОЖ 34:37(574)-512.122  
КБЖ 67.3:74.200(5Каз)=632.4  
Қ 74

**ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен.**

**Құрастырушы-авторлар:** Г.А. Байжабагинова, Л.Г. Матвеевкова, А.В. Волкова, А.К. Сламбекова, Ғ.А. Қыстаубаева, Н.Қ. Смағұлов, Ә.Х. Нөкербекова, Н.Ж. Сәрсенбеков, К.В. Ушакова, Ж.Т. Мұсаева, С.Б. Балшыкеев, М.М. Қарасартова, Д.Г. Шорманбаева.

Қ 74 **Құқықтық тәрбие негіздері.** Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде. 7-кітап / ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен – 2-ші басылым, өңдел. және толық. - Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті баспасы, 2011. – 103 б.

Жинақта азаматтық қоғамды және құқықтық мемлекетті қалыптастыру мәселелері, Қазақстан Республикасындағы адам мен азаматтың негізгі конституциялық құқықтар мен бостандықтары мақалаларда қарастырылған, сондай-ақ білгені студентке пайдалы болуы мүмкін құқықтық нормалар туралы түсініктер берілген. Жинақ материалдары кураторларға куратор сағаттарын және Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өнегесінде Отаншылдық тәрбие тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде басқа шараларды дайындау үшін ұсынылады.

ӘОЖ 34:37(574)-512.122  
КБЖ 67.3:74.200(5Каз)=632.4

© Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті, 2011

## *Kipicne*

Құқықтық тәрбие құқықтық білімді, құқықтық тәжірибені, құқықтық мәдениетті және қоғамның құқықтық мұраттарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу бойынша мақсатты қызметті білдіреді. Құқықтық тәрбиенің мақсаты - жеке адамның да, жалпы алғанда, қоғамның да құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Жеке тұлғаны құқықтық әлеуметтену ісіндегі құқықтық тәрбие мәнінің көрсеткіші ҚР мемлекеттік егемендігі қалыптасуының алғашқы жылдарында еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша «Қазақстандағы оқушы жастардың құқықтық тәрбиесінің тұжырымдамасын» (Президенттің 1995ж. 21 маусымдағы жарлығымен бекітілген) әзірлеу болды. Тұжырымдама «жоғары құқықтық сана мен заңдарға құрмет дәстүрлерін қалыптастыруды», «заңға саналы түрде құрмет көрсету мен оны өмірлік тәжірибеде белсенді пайдалана білуді» құқықтық тәрбиенің басты мақсаты ретінде белгіледі.

Сөйтіп, жоғары оқу орнындағы құқықтық тәрбиенің мақсаты құқық бұзушылықтың алдын алу және таңдалған еңбек қызметіне даярлау процесінде арнайы құқықтық білімді беру ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның дүниетанымдық көзқарасын, оның адамгершілік-құқықтық қасиеттерін, ал атап айтқанда: **адамның жоғары азаматтылығын**, оның жалпы құқықтық мәдениетін және әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру мәселесі болуы тиіс.

Н.Ә. Назарбаев Конституция күніне арнап, сөйлеген сөзінде атап өткендей, «Біздің ортақ парызымыз - Ата заңды құрметтеу, оны өз Отанымызды, өз Тарихымызды құрметтегендей қадір тұту» (//Казахстанская правда, 2009, 31 тамыз).

Бұл Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР-дағы адам мен азаматтың негізгі конституциялық құқықтары мен міндеттерін, жеке тұлғаның девиантты тәртібінен туындаған құқықтық жауапкершілігі мәселелерін зерделеуді міндет етеді. Сонымен қатар, Президент Н.Ә. Назарбаевтың қазақстандық қоғамды әрі қарай демократияландыру және саяси жаңарту бойынша бастамалары сияқты маңызды мәселеге ерекше назар аударылуы тиіс. Осы, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары жүйесінің демократияның негізгі принциптеріне, атап айтқанда «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясына» сәйкестігін сезінуі қазақстандық отаншылдықты қалыптастыру факторларының бірі болуы тиіс.

Ұсынылып отырған жинақта Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің оқытушылары дайындаған, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам туралы, Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтары туралы, құқық бұзушылықтар мен құқықтық жауапкершілік түрлері туралы, сондай-ақ еңбек, отбасы және басқа заңнамалар негіздері туралы түсінік берілген мақалалар бар. Олар «Құқықтық тәрбие негіздері» тақырыбы бойынша куратор сағаттарын дайындау және өткізу кезінде кураторларға ақпараттық көмек көрсете алады.



## Мемлекеттің басты институты

*Парламент Мәжілісінің депутаты,  
«Нұр Отан» ХДП фракциясы  
Әлеуметтік кеңесінің төрағасы  
Айткүл Самақова*

Біздің еліміздің болашағын белгілейтін басты институт Отбасы институты болып табылады. Парламент Мәжілісінде «Нұр Отан» партиясы фракциясының Әлеуметтік кеңесінің қамқорлығымен өткен екі конференцияның күн тәртібінде отбасы және неке, сондай-ақ республикадағы демографиялық жағдайды жақсарту мәселесінің бірінші кезекте болғаны кездейсоқ емес.

«Нұр Отан» партиясының әлеуметтік бағдарламасы ауқымды және көп қырлы. Ол білім беру, денсаулық сақтау және зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы әлемдік стандарттарға қол жеткізуді, спортты дамытуды және салауатты өмір салтын қалыптастыруды, халықтың барлық топтары үшін сапалы тұрғын үйдің қол жетерлік болуын, сондай-ақ әйелдер мен жастардың қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік салаға белсенді қатысуын көздейді. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін Әлеуметтік кеңес құрамында еңбек, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон мәселелері; денсаулық сақтау және демография, ғылым және білім; мәдениет және жастар саясаты; отбасы саясаты және гендерлік теңдік мәселелері бойынша төрт комиссия құрылған.

Осы мәселелерді аса объективті зерделеу үшін, сондай-ақ жан-жақты ойластырылған шешімдер қабылдау үшін комиссиялар құрамына Сенат пен Мәжіліс депутаттары ғана емес, сонымен бірге ғалымдар, министрліктер мен ведомстволар басшылары, сондай-ақ үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың өкілдері кірді.

Соның арасында кеңес отбасы мен демографиялық саясат мәселелеріне басты назар аударды, өйткені мемлекеттің әлеуметтік саясатының барлық негізгі бағыттары осыларға тоғысқан. Біздің елімізде отбасы институтын қолдау үшін көптеген істер атқарылуда. Отандық экономиканың өсуімен халықтың табыстары да жоғарылап келеді, ана мен баланы қорғауға жұмсалатын шығындар, балаларға, көп балалы отбасыларға, мүгедектерге берілетін мемлекеттік жәрдемақы мөлшерлері артуда, еңбек зейнетақылары ұлғаюда.

Сонымен бірге қазіргі уақытта бүкіл әлемдегідей, біздің елімізде де отбасы институты дағдарыс кезеңін бастан кешіруде. Қоғам ұяшықтарының саны азайып келеді, ажырасушылар мен ресми некеде болмаған тұлғалар саны артып келеді. Осыған орай, толық емес отбасылар мен некесіз туылған

балалардың үлес салмағы ұлғайып келеді, өйткені азаматтардың, әсіресе жастардың едәуір бөлігі батыс елдердің тәжірибесі бойынша тіркелмеген некемен тұрады. Бұл даму бағыттары көптеген әлеуметтік проблемаларға ұласады, олардың арасында - халық денсаулығының нашарлауы, маскүнемдік пен нашақорлықтың, жыныстық жолмен жұғатын аурулардың таралуы, зорлықтың, балалар мен бозбалалар қылмысының көбеюі.

Қазақстанда отбасы институтын дамыту перспективалары туралы қоғамдық пікірді зерделеу үшін Әлеуметтік кеңес ҚР Президенті жанындағы отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссиямен бірлесіп, әрі БҰҰ тұрғын халық Қорының қолдауымен еліміздің барлық аймақтарын қамтып, ірі ауқымды социологиялық зерттеулер жүргізді. Оның нәтижелері өте қызықты болып шықты. Ең алдымен, олар отбасының бұрынғыдай қоғамның басты институты болып табылатынын көрсетті. Ол өзінің мәнін жоғалтпағаны туралы шетелдік сарапшылар мен зерттеушілер айтады. Сұралғандардың көпшілігі өмірдегі негізгі құндылық отбасы деп санайды.

Жүргізілген зерттеулер Қазақстандағы отбасы жағдайының анық картинасын берді. Сұралғандардың үштен екісі (67 пайызы) - нуклеарлы отбасында (ата-аналары және балалары), төртінші бөлігі (25 пайызы) — кеңейтілген отбасында (ата-аналары, балалары, туысқандары), сегізі толық емес отбасында (ата-анасының біреуімен) тәрбиеленген. Сондай-ақ көпшілігі (72 пайызы) ата-аналары мен басқа туысқандарынан бөлек тұрған жақсы деп санайды. Бұған азиаттықтарға (66 пайызы) қарағанда, еуропалықтар (84 пайызы) аса бейімді. Әрі бұл жағдайды мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асырғанда, әсіресе тұрғын үй саласында және қарт адамдарға қатысты есепке алу қажет. Өйткені қарт жастағы адамдардың оңаша өмір сүруі әр текті әлеуметтік қызметтердің дамуын талап етеді.

Ажырасулардың басты себебі ретінде респонденттер (69 пайызы), әдетте күйеуінің маскүнемдігін атайды. Бұл салауатты өмір салтын насихаттау және оны көпшілік арасында тарату мақсатында аса белсенді жұмыс қажет екенін көрсетеді.

Тұрғындардың репродуктивті мақсаттары қызықты. Орта есеппен алғанда, біздің респонденттеріміз өскен отбасыларда төрт баладан тәрбиеленген. Алайда сұралғандардың көбі олардың өз отбасыларында үш баладан болуы тиіс деп санайды. Бүгінгі күні бала туудың жиынтық коэффициенті 2,36 құрайды (орта есеппен алғанда, репродуктивті жастағы бір әйелге келетін балалардың саны). Сөйтіп, егер үшінші баланың тууын ынталандырса, елдегі демографиялық жағдайды едәуір жақсартуға болады, бұл республика үшін өте маңызды.

Респонденттердің 40 пайыздан астамы бала тууға кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі ретінде әйелдер денсаулығының нашарлығын атады. Сонымен бірге, сұралғандардың 90 пайызы өз денсаулығын жақсы және қалыпты деп бағалайды. Бұл сәйкессіздік қосымша зерделенуі тиіс. Бірақ денсаулық сақтау органдарына әйелдердің репродуктивті денсаулығына ерекше назар аудару керектігі анық. Сондай-ақ респонденттердің жартысы ғана отандық медицина қызметтерінің деңгейін оң бағалайды.

Бүгінгі күні зерттеуге қатысушылардың пікірі бойынша ең өзекті мәселе тұрғын үй проблемаларын шешу болып табылады (респонденттердің 52 пайызы). Жұмысқа орналасу проблемасы көкейкестілігі бойынша екінші орынды иеленеді (41 пайыз), үшіншіде – білім берудің қол жетерліктей болуы (респонденттердің 37 пайызы). Осының барлығын 2006-2016 жылдарға арналған ҚР-дағы гендерлік теңдік стратегиясымен көзделген отбасы мәртебесін жоғарылатудың кешенді бағдарламасын әзірлеу кезінде есепке алу қажет.

Жүргізілген зерттеуде отбасындағы зорлық-зомбылық мәселелеріне ерекше назар аударылған. Сұралғандардың жартысынан көбі (51 пайыз) отбасындағы зорлық-зомбылық үшін жазаны қатайту, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы (респонденттердің 45 пайызы) заң қабылдау керек деп есептейді. Сондай-ақ барлық жерлерде дағдарыс орталықтарын ашу, сенім телефондары желісін дамыту және осы мәселелер бойынша халыққа кеңес беру ұсынылады.

Жүргізілген зерттеу неке мен отбасы институтын насихаттауда бұқаралық ақпарат құралдарының маңызды рөлін растады. Белгілі болғандай, респонденттердің жартысы (49 пайызы) осы мәселелер бойынша ақпаратты телеарна, радио, газеттер мен журналдардың арқасында алады, тек 23 пайызы ғана ата-аналарынан көмек сұрап, кеңес алады. Сонымен бірге респонденттердің 72 пайызы отбасындағы зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша заңдар туралы жеткілікті дәрежеде білмейтінін және өздерінің құқықтық білімдерінің деңгейін жоғарылату қажет ететінін атап өтті.

Қазіргі уақытта біздің елімізде 19 мыңға жуық жетім және ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар бар. Сонымен қатар статистикаға сәйкес, республикада 4,3 миллион отбасы бар. Бұл республика азаматтарының балаларды асырап алу үшін үлкен әлеуетті мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді. Айта кетсек, егер осыған сәйкес қазақстандық отбасылар жетім балаларды асырап алса, қоғамда кеңінен, әр қырынан талқыланып жүрген халықаралық асырап алу мәселесі күн тәртібінен өзінен-өзі түсер еді.

Бүгінгі күні сәбиді балалар үйінде күту үшін айына шамамен 25-30 мың теңге жұмсалады. Егер бұл қаржыны асырап алушы отбасыларға жәрдемақы түрінде берсе, көптеген қазақстандықтар балалар үйінен балаларды тәрбиелеуге алады деп ойлаймын.

Конференция Денсаулық сақтау министрлігіне ерлердің еңбекке жарамды жасындағы өлімін азайту, олардың өз денсаулығын сақтау үшін жауапкершілігін арттыру, өндірістегі жарақаттықтың алдын алу, зиянды әдеттермен күресу бойынша шаралар қабылдауды ұсынды.

Сөйтіп, отбасы институтын қолдау және нығайту мемлекеттің қазіргі кезеңдегі стратегиялық міндеттері болып табылады. Сондықтан да «Нұр Отан» партиясы фракциясының Әлеуметтік кеңесінің жұмысы алдағы уақытта да барлық осы маңызды мәселелерді шешуге бағыттталатын болады.



## Әскер: кемелдену жасы

*Парламент Мәжілісінің депутаты,  
генерал-полковник  
Сәт Тоқпақбаев*

1998 жылдан бастап жетінші мамыр күні Отан қорғаушылардың кәсіби мерекесі болып табылады. Алайда жас тәуелсіз республиканың күнтізбесіне даңқты күн едәуір ертерек кірген болатын: нақты айтсақ, 1992 жылы дәл осы күні Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қарулы күштері құрылды. Біздің әскеріміздің өткен жылдар ішінде өткерген жолы қазақстандық әскери қызметкерлердің жаңа ұрпағы өз қызметінде әкелеріміз бен аталарымыз шын жүрегімен мақтан тұтқан әскери айбын мен намысты, Отанға және қиындығы мол қызметтік міндетке адалдығын сақтай білгенін көрсетеді.

Тәуелсіздік алған соң, Қазақстан алдында еліміздің сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қисынды тұрды. Әрине, бірінші кезекте ол жеке Қарулы күштердің құрылуын талап етті. Сондай-ақ біздің әскеріміз бір сағат ішінде және айдалада құрылмағанына қарамастан, әрине, әскери құрылыстың алғашқы кезеңінде кейбір жаңсақтықсыз болмады. Алайда барлығын ретімен айтайық.

Президенттің аталған Жарлығы жарыққа шыққан соң, отандық Қарулы Күштердің құрамына әскери бірлестіктер, құрамалар, бөлімдер, мекемелер, ұйымдар және полигондар, сондай-ақ біздің еліміздің аумағында орналасқан, ТМД біріккен Қарулы Күштерінің әскери мүлкі кірді. Сол 1992 жылы біздің еліміздегі әскери құрылыстың нормативтік-құқықтық базасын қалыптастырған заңдардың толық пакеті қабылданды.

Осы жұмыспен қатар Қазақстанның маңында «қауіпсіздік белдеуін» құру бойынша дипломатиялық шаралар қабылданды. Әскери құрылыстың ұзақ мерзімді перспективаларын анықтаған маңызды оқиға біздің еліміздің қуаты бойынша әлемде төртінші болатын ядролық арсеналдан бас тартқаннан кейін, бес ядролық держава — АҚШ, Ресей, ҚХР, Ұлыбритания және Франция жауап ретінде бізге қауіпсіздікті және аумақтық тұтастықты тегіс қамти алатын кепілдіктерін бергені болды.

1993 жылғы ақпанда қабылданған Әскери доктрина сол жылдары Қарулы күштердің қалыптасуы үшін қуатты ұйымдастырушы импульс болды. Халықаралық жағдайдың күрт өзгеруі, тәуелсіз демократиялық мемлекетті құру жағдайында доктрина Қазақстандағы әскери құрылыстың негізгі бағыттары мен мазмұнын белгіледі, ал оның тәжірибесі Қарулы күштердің құрамы мен құрылымын оңтайландыру барысында алынды. Алайда еліміздің сол кезеңдегі

шектелген ресурстары мен мүмкіндіктері әскерлердің топтарын құруда, әскердің ұйымдастыру-штаттық құрылымына түбегейлі өзгерістерді енгізуге мүмкіндік бермеді. Ел аумағының орасан өлшемдері және 13 мың шақырымға жуық шекара периметрі бола тұра, әскери қауіпсіздік тұрғысынан аса ықтимал қауіпті бәсеңдетуді есепке алатын, әскери бөлімдер мен құрамаларды ұтымды орналастыру бойынша шаралар қабылданбады. ӘК құрылымын жетілдіру және оларды геосаяси жағдайдың өзгерістеріне бейімдеу бойынша тиімді зерттеу жұмысының жоқтығы да өз әсерін тигізбей қоймады.

Сонымен қатар, Қазақстандағы және оның маңайындағы жағдай сол жылдары өте қарқынды өзгеріп тұрды. Аймақтағы жағдайды тұрақсыздандыратын және ұлттық қауіпсіздікке қатерін төндіретін жаңа факторлар пайда болды. Мемлекет шекараларына жақын орналасқан жерлерде болып жатқан әскери даулар және оның болуы ықтимал әлеуетті ошақтар, ел аумағына экстремистер мен халықаралық лаңкестердің әскери құрылымдарының ену мүмкіндігі, аймақта жаңа ядролық мемлекеттердің пайда болуы – осының барлығы біздің әскери саясаттың және әскери ұйымның өзгерген шындыққа бейімделу қажеттілігін тудырды.

Осыған байланысты мемлекет басшылығы бірқатар шұғыл шаралар қабылдады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасындағы ұлттық қауіпсіздіктің 1999-2005 жылдарға арналған Стратегиясы әзірленген және бекітілген. Құжатты дамыту үшін 2000 жылғы оныншы ақпанда ҚР Президентінің Жарлығымен әлемдегі және аймақтағы әскери-саяси ахуалдың қазіргі жағдайын кешенді бағалауға сүйенетін, қазіргі жағдайды, еліміздің экономикалық және ресурстық мүмкіндіктерін ескеретін, жаңа Әскери доктрина қабылданды. Онда Президенттің ХХІ ғасырдағы өзекті мәселелері туралы халыққа Жолдауының тұжырымдамалық ережелері көрініс тапты.

Еліміздің әскери қауіпсіздігіне төніп тұрған қатерлерге қарсы тұру дайындықтарын есепке ала отырып, Қазақстан әскерінің қалыптасу кезеңіне тән әскери-саяси ойлау жүйесі өзгертілді. Әскерлердің орналастырылуына деген көзқарастар қайта қаралды. Сондай-ақ, егер бірінші Әскери доктринада әскери-саяси одақ шеңберіндегі пассивті серіктестік элементтері болған болса, онда жаңа доктрина мемлекеттік әскери құрылымдарды еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің кешенді бөлігі ретінде қарастырды.

Қорғаныс жүйесінің құрылысын жүзеге асыра отырып, біз Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың шеңберінде өз қауіпсіздігіміздің, сондай-ақ достас мемлекеттердің мүдделерін басшылыққа алдық. Сонымен бірге Қарулы күштерді реформалау барысында бізге бірқатар маңызды міндеттерді шешуімізге тура келді: әскерді басты қажеттіліктермен, материалдық-техникалық базамен және тез әрекет жасауға әзір әскерлердің дайын болуын қамтамасыз ету; әскери басқарма органдарының құрылымдарын қайта құру, осы тізбектегі қайталаушы және тиімсіз бөлімдерін жою.

Сол кездері мен екі жыл басқарған Қорғаныс министрлігі, Әскери доктринаны іске асыру мақсатында, әскери-аумақтық құрылымға ауысу және Шығыс, Оңтүстік, Орталық және Батыс төрт әскери округты құру бойынша ұсыныстар әзірледі. Бұл әскери басқарудың тиімді жүйесін құруға ғана емес,



сонымен бірге әскери қызметке шақыру, Қарулы күштер үшін резерв даярлауға, сондай-ақ ел аумағында әскери бөлімдер, қару-жарақтар мен әскери техниканы тиімді орналастыруды аяқтау мәселелеріне жаңаша қарауға мүмкіндік берді.

Әскери-экономикалық қамтамасыз етудің маңызды принципі үнемі әскерді кепілді бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру болып табылды, оның ұзақ уақыт бойындағы тапшылығы сол кездегі қиындықтардың негізгі себебі болды. Ел Президенті осы мәселені шешу бойынша бірқатар шаралар қабылдады. Жаңа Әскери доктринаға сәйкес, ҚК-ді қаржыландыру бюджеттік заңдарда ІЖӨ бір пайызынан кем емес деңгейде белгіленді. Өз кезегінде, әскерлердің әскери әзірлігі мен жауынгерлік қабілетіне әсер етпейтін құрылымдардың санын қысқарту мен оларды жою біздің әскеріміздің сапалы параметрлерін арттыруға қосымша қаржылар іздестіруімізге мүмкіндік берді.

Елбасымыз – Қарулы күштердің Жоғары Бас қолбасшысы Н. Назарбаевтың басты назарында әскери қызметтің беделін жоғарылату, әскери қызметкерлерді және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз етуді күшейту мәселелері болғаны баршаға белгілі. Сонымен, 2001 жылы әскери қызметкерлердің еңбекақысы 25 пайызға өсті және ТМД елдерінің арасында ең жоғары еңбекақы болды. Әскери қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі жоспарлы және жүйелі сипатқа ие болды.

Қазақстандық әскердегі батыл реформаларды әзірлеу және іске асыру процесі жаңа кезеңнің дарынды әскер басшыларының саңлақтарын әкелді, олар әскери-саяси даярлықтың жоғары деңгейіне ғана емес, сонымен қатар өзара әрекеттестік пен ықпалдастықтың күрделі кешенінде оқиғаларды бағалай білу және стратегиялық ойлау қабілеттеріне ие.

Өмір өзі реттегендей, Отан қорғаушылардың кәсіби мерекесі біздің елімізде Жеңіс Күні қарсаңында атап өтіледі. Бұл жайтта терең идеологиялық семантика бар. Қазақ халқының әскери тарихы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы біздің жерлестеріміздің жауынгерлік ерлігі, әкелеріміз бен аталарымыздың жауынгерлік дәстүрлері – біздің қазіргі жауынгерлеріміз үшін қайсарлық, халқына шын жүрегімен берілгендік және ер жүректілік сабақтарын алуға қажет сарқылмас қуат көзі.

*«Казахстанская правда». 2009. 7 мамыр*



## Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекетті және азаматтық қоғамды қалыптастыру

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры, с.ғ.к. Л.Г. Матвеевкова*

Заң үстемдігіне және құқықтар теңдігіне негізделген мемлекет ретінде құқықтық мемлекет туралы ұғымдар ежелгі дәуірге және рим құқығының қалыптасу кезеңіне барып тіреледі. Құқықтық мемлекеттік негіз құраушы принциптер XVII-XVIII ғғ. либерализм теоретиктері Дж. Локктың, Ш. Монтескьенің, Т. Джефферсонның еңбектерінде тұжырымдалған. «Құқықтық мемлекет» терминінің өзі алғаш рет неміс заңгерлері Т.К. Велькердің, Р. фон Мольдің және т.б. еңбектерінде бекітілді.

Құқықтық мемлекет теориясының негізінде азаматтарды билік тарапынан үстемдік пен озбырлықтан қорғауға ұмтылу, жеке тұлғаның жеке бостандығын, негіз құраушы құқықтарын, атап айтқанда өмір сүруге, қауіпсіздікке, меншікке құқықты қамтамасыз ету жатыр. Бұл біріншіден, мемлекет пен қоғамды бөлген жағдайда, ал екіншіден, мемлекет қызметінің сферасын құқықпен, бірінші кезекте конституциямен, халық пен билік арасындағы қатынастарды реттейтін Ата заңмен шектегенде ғана мүмкін болады. Сонымен, құқықтық мемлекет – бұл демократиялық мемлекет, онда құқықтың басымдылығы, заңның үстемдігі қамтамасыз етіледі, онда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары танылады және кепілдендіріледі.

Құқықтық мемлекеттік жалпыға танылған принциптер: халықтың егемендігі, Конституцияның үстемдігі, заң алдында барлығының теңдігі, мемлекеттік және жеке мүдделердің теңдігі, адам мен адамзат құқықтары мен бостандықтарының мызғымастығы болып табылады. Құқықтық мемлекеттегі биліктің жоғары органдарының қызметі оларды заңды, атқарушы және сот билігі деп бөлу принципінің негізінде жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта құқықтық мемлекет мұрат, ұран, конституциялық принцип болып табылады. Сондықтан қандай да бір мемлекетте құқықтық мемлекет принциптері толығымен іске асты деп нақты сенімділікпен айтуға болмайды. Құқықтық мемлекетті қалыптастыруды оның негізгі принциптерін іске асыру процесі ретінде қарастыру керек.

ҚР Конституциясында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - деп айтылған. Осы сөздермен мемлекет өзінің құқықтық мемлекетке

шынайы берілгендігі туралы және оның негізгі принциптерін іске асыруға ұмтылысы туралы мәлімдейді.

Халық егемендігі принципі сөзбе-сөз халық билігінің үстемдігін білдіреді және ҚР Конституциясының 3-бабында өзінің көрінісін тапты, онда былай делінген: *«Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президенті-нің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар.»*.

Конституцияның үстемдік принципі 4-бапта белгіленген, онда былай айтылған: *«Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың нормалары болып табылады... Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады»*.

Барлығының заң алдында теңдігі принципі ҚР Конституциясының 14-бабында белгіленген: *«Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды»*.

Мемлекеттік және жеке мүдделер теңдігі принципін іске асыру мемлекеттік және жеке меншікті қорғау кезінде теңдікті тану түрінде болады (ҚР Конституциясының 6-бабы): *«Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады»*.

Адам мен адамзаттың құқықтары мен бостандықтарының мызғымастығы принципі 12-бапта көрсетілген: *«Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі»*, әрі ҚР Конституциясының 39-бабында: *«Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін»*.

Сонымен, Қазақстан Республикасының Конституциясында құқықтық мемлекеттің негізгі принциптері көрініс тапты, бұл Қазақстанның оны нақты құруға ұмтылысын куәландырады.

Адамдардың өмірінде барлығын да мемлекет билемейтінін ескеру керек. Мемлекет өркениетті құрған жоқ, ал өзінің дамуының белгілі сатысында өркениет мемлекетті қоғамның саяси ұйымы ретінде тудырды. Сондықтан мемлекеттік билікпен параллель ерекше ұйымдастыру құрылымы бар, ол азаматтық қоғам ұғымымен белгіленеді.

Азаматтық қоғам деп онда адамға оның экономикалық және саяси болмысының түрлерін еркін таңдау кепілдігі берілетін, адамның жалпыға ортақ құқықтары бекітілетін, саяси плюрализм қамтамасыз етілетін қоғамдық құрылым түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, азаматтық қоғам – бұл мемлекеттен тәуелсіз және онымен қатар болатын, әр түрлі әлеуметтік топтардан,

қозғалыстардан, бірлестіктерден, мәдени, ұлттық, аумақтық және басқа ортақтықтардан тұратын және жеке тұлғаның алуан түрлі мүдделерін білдірудің маңызды түрі болатын, қоғамдық өмірдің ерекше сферасы.

Азаматтық қоғам туралы ұғым XVII ғасырдың ортасынан бастап (Т.Гоббстан бастап) ұзақ эволюциядан өтті және Ұлы Француз буржуазиялық революциясы кезеңінде кеңінен таралды. Азаматтық қоғам буржуазиялық революциялардың өнімі болып табылады және жеке адамдардың құқықтарын теңестіру, оларды мемлекет құзырындағылардан еркін меншік иесі-азаматтарға айналдыру нәтижесі ретінде басым көпшілігінде «төменнен» қалыптасады.

Азаматтық қоғамның күрделі құрылымы бар, оған шаруашылық, экономикалық, діни, этникалық, отбасы-туыстық, адамгершілік және құқықтық қатынастар, сондай-ақ биліктің алғашқы субъектілері ретінде жеке адамдар, мүдделер топтары, партиялар және т.б. арасындағы мемлекетпен жанаспайтын саяси қатынастар кіреді. Азаматтық қоғамда тік - билік ету-бағыну қатынастары емес, көлденең бәсекелестік пен ынтымақ қатынастары басым болып табылады. Сондықтан азаматтық қоғам олардың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруды қамтамасыз етудің мемлекеттік емес және саяси емес әдістерімен танылған жеке адамдардың қоғамдық тіршілік әрекетінің табиғи түрлерінің жиынтығын білдіреді деп есептеуге болады.

Азаматтық қоғам институттарына саяси партиялар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ қоғамға көрсетілетін қызметтердің кең спектрін іске асыратын, мемлекеттік емес қорлар, коммерциялық емес мекемелер, заңды тұлғалар одақтары (қауымдастықтары), басқа ұйымдар және қоғамдық пайдалы міндеттерді шешу мақсатындағы ынталы топтар түрінде құрылған қызметтің әр түрлерін жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдар жатады.

Азаматтық қоғамның қазіргі түсінігі жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген. Оның негізгі сипаттамалары алуан түрлілік және меншік түрлерінің теңдігі, еңбек пен кәсіпкерлік бостандығы, идеологиялық түрлілік және ақпарат бостандығы, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының мызғымастығы болып табылады. Азаматтық қоғамның саяси негізі – адамның бостандығын, амандығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құқықтық мемлекет.

Азаматтық қоғамның елеулі белгісі оның жеке адамының экономикалық және әлеуметтік бостандығы болып табылады. Бұл бостандық жеке адам меншіктен шеттетілмеген, ал оның толық құқықты субъектісі ретінде болған жерде ғана болуы мүмкін. Азаматтық қоғамның саяси іргетасы жеке тұлғаның барлық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, онда тұрақтылық, қауіпсіздік, әділдік пен ынтымақтастық жағдайын жасау мақсатында қоғамды дамыту үшін қажет болатын құқықтық мемлекет және демократия болады. Азаматтық қоғамның экономикалық негізін, олармен тең танылу мен қорғалудың заңды кепілдіктері қамтамасыз етілген, меншіктің алуан түрлері және жеке меншіктердің егемендігі құрайды. Азаматтық қоғамның болуының басты

базалық жағдайларының бірі жариялылық болып табылады, ол тәуелсіз БАҚ арқылы қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ азаматтық қоғамның маңызды белгісі мынада: ол адамның табиғи, шеттетілмейтін құқықтарына апелляция береді, олардың мүдделерін сенімді қорғау үшін жеке тұлғаның, әлеуметтік топтардың қажеттіліктерін аса толық қанағаттандыру үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Азаматтық қоғам мемлекет билігін қайта үлестіруге арналған демократиялық компенсаторлық механизм ролінде болады, ал саяси қоғам өзінің биліктік функцияларының құрылымсыз байқалуын болдырмау үшін пайдаланады.

1980-ші жылдардың аяғында және 1990-шы жылдардың басында басталған экономикалық, әлеуметтік және саяси сфералардағы түбегейлі реформалар әр түрлі әлеуметтік топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қоғамдық бірлестіктер құруды ынталандырды. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып мемлекеттік емес экономика секторы жұмыскерлерінің мүдделерін білдірген тәуелсіз кәсіподақтар пайда болды. Бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық және діни бірлестіктер, саяси партиялар белсенді институцияланды. Азаматтық сананың аса айқын байқалуы - ядролық полигондарды жабуды мақсат етіп қойған, «Невада – Семипалатинск» қоғамдық қозғалысы болып табылды. Азаматтық қоғамның және оның институттарының дамуына осы процесті жүзеге асыру үшін сәйкес саяси, құқықтық және басқа жағдайларды жасау бойынша мемлекеттік қызметіне мүмкіндік туғызды.

1990-шы жылдардың басында әлеуметтік қорғау Коалициясы құрылды, оның шеңберінде оларды талқылау жолымен қоғамдық өткір проблемаларды жөнуге, оларды шоғырланған негізде шешу механизмдерін іздеу бойынша бірлесіп жұмыс істеу үшін 28 әр түрлі ұйым, партия, қозғалыс біріктірілді.

1994 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары сферасындағы әлеуметтік серіктестік бойынша республикалық үш жақты комиссия құру туралы қаулы қабылдады, ол сындарлы үш жақты қатынастардың дамуына және әлеуметтік серіктестік жүйесінің құрылуына негіз болды. Сонымен қоса, Қазақстан халықтары Ассамблеясына біріккен ұлттық мәдени орталықтар белсенді дамыды. Этнос аралық келісім елде реформалар жүргізілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін іргетас болды.

1990-шы жылдың аяғы азаматтық қоғам институттарының қызметін кәсіптендірумен атап өтілді, бұл олардың қоғамдық проблемалар, қажеттіліктер мен мұқтажықтардың әр түрлі спектрін шешу бойынша жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Бұқаралық-медиа рыногында сапалы өзгерістер болды, олар бұқаралық ақпарат құралдарын, полиграфия кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу процесімен, сондай-ақ БАҚ мемлекеттік қаржыландыру және демеулік қаржыландыру жүйесінен мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде мемлекеттік тапсырысқа өтумен байланысты болды. 1999 ж. түгел дерлік аймақтарда «Инфо-орталықтар ҮЕҰ» ашылды, олардың басты міндеті аймақтық үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекеттесу, оларға кеңестік көмек, ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсету болды. 2000 ж. Қазақстан-

ның үкіметтік емес ұйымдарының Конфедерациясы құрылды, ол мемлекеттік билік органдарымен өзара әрекеттесу механизмдерін құру үшін ҰЕҰ күштерін шоғырландырды. 2002 ж. қыркүйекте Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен республикада адам құқықтары жөніндегі Уәкілетті - омбудсмен институты құрылды, ал 2003 ж. Қазақстан адам құқықтары туралы Халықаралық пактілерге қосылды. Сол жылы Ел Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізілді.

Қазақстан дамуына тән ерекшелік мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы тығыз өзара әрекеттесу болды. Сонымен, 2003 ж. ел Үкіметі үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекітті, оған сәйкес облыстық (қалалық) бағдарламалар әзірленді. Сол жылы көптеген көрнекті діни қайраткерлердің, әр түрлі конфессиялар өкілдерінің қатысуымен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының бірінші съезі өткізілді, онда «Бейбітшілік пен келісім» Декларациясы қабылданды, бейбітшілік пен тұрақтылық Форумы ұйымдастырылды.

Қазақстандық қоғамның өміріндегі маңызды оқиға тұрақты негізде өткізілетін және нағыз жалпы ұлттық диалогтық механизм болған, үкіметтік емес ұйымдардың Азаматтық форумы болып табылады. Бірінші Азаматтық форум – республикалық ҰЕҰ съезі 2003 ж. 14-15 қазанда Астана қ. еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен өтті. Ол мемлекеттік органдардың және ҰЕҰ маңызды қоғамдық проблемаларын шешуде серіктестік негіздегі өзара әрекеттесу механизмін жетілдіруге бірлескен амалдар жасауға мүмкіндік туғызды. 2005 ж. екінші Азаматтық форум өтті, ол бизнес-ассоциациялардың елдің қоғамдық өміріне қатысуына мүмкіндік туғызды. «Билік - қоғамның» ұзақ мерзімді тұрақты механизмдерін және әр түрлі диалог алаңдарын құру бойынша жұмыс, орталық және жергілікті деңгейлерде белсенді жүргізіле бастады.

2006 ж. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған Тұжырымдамасы қабылданды. Ол Жалпы ұлттық демократиялық реформалар бағдарламасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 ж. 1 наурыздағы халыққа Жолдауында белгіленген, Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына кіру Стратегиясына сәйкес әзірленді.

Осы түйінді құжат азаматтық қоғам институттары дамуының негізгі бағыттарын және азаматтық бастамаларды іске асыру мүмкіндіктерін анықтады. Берілген Тұжырымдаманың мақсаты азаматтық қоғам институттарын жан-жақты дамыту және олардың адам құқықтары мен адам өлшемдері саласындағы халықаралық шарттар мен пактілер шеңберінде мемлекетпен тең құқылы серіктестік үшін заңды, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-әдістемелік базаны әрі қарай жетілдіру болды. Ол алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі негізгі міндеттерге күштерді шоғырландыру қажет екендігін анықтады:

1) онда адам, оның құқықтары мен бостандықтары басты қазына болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықты және әлеуметтік мемлекетті

құру; үкіметтік емес ұйымдар, бизнес-сектор және мемлекет арасында үйлесімді, тең құқықты және серіктестік қатынастар жүйесін құру;

2) бизнес-сектордың ҮЕҰ жобаларына қатысуы үшін экономикалық стимулдарды әзірлеу, қайырымдылық пен меценаттықты дамыту;

3) азаматтық қоғамның барлық институттарын дамыту үшін қолайлы құқықтық базаны қалыптастыру;

4) өмір сүру сапасының жоғары стандарттарына қол жеткізу, еңбек қатынастарын үйлестіру, халықтың бай және кедей топтары табыстарының деңгейлері арасындағы айырмашылықты қысқарту.

Берілген тұжырымдама мынаны анықтады: оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін азаматтық қоғамның адам құқықтарын және демократиялық бостандықтарды сақтауды қамтамасыз ететіндей моделін жүзеге асыру; азаматтық қоғам институттарының тұрақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау; адамның құқықтары мен бостандықтарының қоғам алдындағы жауапкершілігін үйлестіру; қоғамның мемлекеттік билік қызметін тиімді бақылауын жүзеге асыру қажет. Билік органдары мен азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы серіктестік принциптерінің негізінде ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыру; тиімді әлеуметтік қорғау жүйесін құру; қоғам мен билік мүдделерін келістіру жүйесін ұйымдастыру. Қабылданған шаралар нәтижесінде демократиялық мемлекеттік басты принципі – азаматтық қоғамның басты қазынасы ретінде адам құқықтарын қамтамасыз ету іске асырылуы тиіс. Кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес - азаматтық қоғамның экономикалық негізін, ал орта класс оның әлеуметтік базасын құрауы тиіс.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған Тұжырымдамасы азаматтық қоғам институттарын құру үшін қолайлы жағдайлар жасауға көзделген, мақсатты бағдарламаларды, заңды және басқа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу үшін негіз болды. Қазіргі уақытта Қазақстанда барлық әлеуметтік маңызды сфераларда жұмысты жүзеге асыратын 5 мыңға жуық үкіметтік емес ұйымдар бар. ҮЕҰ өзінің қызметімен барлығы дерлік қоғамдық маңызды сфераларды қамтиды. Бұл экология, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, гендерлік қатынастар, адам құқықтарын қорғау мәселелері және т.б. әр түрлі текті қызметтерді ҮЕҰ-дан кем дегенде 2 млн. адам алады.

Барлық облыстар Әкімдері жанында – билік пен үкіметтік ұйымдардың өзара әрекеттесуі бойынша кеңестер, орталық атқару органдары жанында ҮЕҰ қатысуымен кеңес беру органдары құрылған және жұмыс істейді.

Сонымен, елімізде азаматтық қоғамның қалыптасуы және демократияның дамуы тығыз өзара байланысты: азаматтық қоғам неғұрлым көп дамыса, мемлекет соғұрлым демократиялы болады. Сондықтан Қазақстанның өмір сүру сапасының стандарттары жоғары динамикалы, қазіргі заманғы мемлекет ретінде дамуы тек адамзат әлеуетін белсенділендіру, азаматтардың іскерлігі және азаматтық қоғамның әрі қарай қалыптасуы негізінде ғана мүмкін болады. Ол үшін республикада қажетті объективті алғышарттар қалыптасты, олар ел басшылығының және, ең алдымен оның Президенті Н.Ә. Назарбаевтың

қазақстандық қоғамды әрі қарай демократияландыру мен саяси жаңартуға саяси еркіндігінің бар болуы сияқты субъективті факторлармен толықтырылады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Конституция Республики Казахстан. Алматы, 2007.
2. Концепция развития гражданского общества в Республике Казахстан на 2006-2011 годы // Казахстанская правда, 2006, 26 июля.
3. Сапарғалиев Г. Основы государства и права Казахстана. Алматы: Атамура 1998.
4. Сагиндыкова А.Н. Конституционное право Республики Казахстан. Алматы: Білім, 1999.



## Конституция – Қазақстан Республикасының Ата Заңы

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының профессоры, с.ғ.к.  
Л.Г. Матвеевкова*

Конституция – бұл халықтың жалпы еркін білдіретін, аса жоғары заңды күші бар және қоғамның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-адамгершілік өмірінің аса маңызды принциптері мен институттарын бекітетін, мемлекеттің Ата заңы. Конституция саяси және құқықтық жүйенің ядросын құрайды және мемлекет пен қоғамның тіршілік әрекетінің барлық сфераларын дамыту базасы болады.

Қазақстанда мемлекеттіліктің негізгі атрибуттарын құру процесі 1991 жылғы 16 желтоқсанда басталды, сол кезде ҚР Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды қабылдады, онда Қазақстан Республикасы өз аумағының шегінде барлық толық билікті иеленетін және өзінің сыртқы және ішкі саясатын дербес анықтайтын, егеменді мемлекет болып табылатыны жарияланған.

Қазақстандық мемлекеттілікті құру процесінің келесі кезеңі егеменді Қазақстанның 1993ж. 28 қаңтарда тұңғыш Конституцияны қабылдауы болды, ол өзінің негізгі принциптері ретінде халық егемендігін және биліктерді бөлу идеясын жариялады. 1993 ж. Конституцияның негізіне президенттік республика моделі жатты, оған сәйкес Президент мемлекет басшысы ретінде бір мезгілде атқару билігінің басшысы да болды. Жоғары заңды билік өкілетті билік органы - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне тиесілі болды. Конституциямен жарияланған адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары демократияның негізгі принциптеріне сәйкес келді.

Алайда Конституцияның проблемалы жақтары, әсіресе жоғарғы билік органдарының өзара әрекеттесуі бөлігінде айтарлықтай жылдам айқындалды. Сонымен, мысалы, 1994 ж. көктемде 1993 ж. ҚР Конституциясының негізінде сайланған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі өзі қызмет еткен бір жыл ішінде барлығы жеті заң қабылдады. Әрі бұл елде өткізілетін экономикалық және саяси реформалар өте белсенді заң шығаруды талап еткен кезеңде болды. Бұл саяси партиялардың айтарлықтай дамымағанына, ал заңды билік органындағы депутаттардың нақтылы өздерін көрсеткеніне және маңызды заң жобаларын сәтті «дуалауына» байланысты болды. Президенттің депутаттардың қызметіне құқықтық ықпал ету мүмкіндігі болмады, яғни заңды билік органын тарқату туралы мәселені қоймақ түгілі, тіпті депутаттарға шұғыл заңдар қабылдау қажеттілігін де айта алмады. Нәтижесінде Конституция объективті түрде қоғамдағы өзгерістерге кедергі болды.

Сөйтіп, мемлекетті әлеуметтік-экономикалық және құқықтық реформалау қажеттіліктері жаңа Конституцияны әзірлеу қажеттілігін тудырды. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен жаңа Конституцияның жобасы дайындалды, ол бүкіл халықтың талқылауы үшін жарияланды. Талқылау

барысында азаматтар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, мәслихаттар 30 мыңға жуық ұсыныстар мен ескертулер айтты. Олардың ішінде ең маңыздылары Конституция жобасына енгізілді және 1995ж. 30 тамызда бүкіл халықтық дауыс беру (референдум) нәтижесінде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды.

1995 ж. ҚР Конституциясының мәнді ерекшелігін халықтың оны жасаушы болып танылуы құрайды. Бұл мәнді Конституцияның алғашқы жолдары көрсетеді: *«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, ... өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз».*

1995 ж. ҚР Конституциясында мемлекеттің мақсаттары анық белгіленген. Конституцияның 1-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені бекітілген. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып Қазақстан халқы жарияланған.

Конституция мемлекеттік механизмнің жұмыс істеудің негізін құраушы принциптерін бекітті, азамат мен адамның конституциялық мәртебесін анықтады, сондай-ақ мемлекет қызметінің негізгі принциптерін: қоғамдық келісімді және саяси тұрақтылықты, бүкіл халық игілігін экономикалық дамытуды, қазақстандық патриотизмді, республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беруді қосқанда, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық жолмен шешуді жариялады.

Конституцияның II-бөлімінің *«Адам және азамат»* деп аталатынын ерекше атап кету керек. Онда адамның қоғамдық өмірдің барлық сфераларында басымдылығын қамтамасыз ететін және Жалпыға ортақ адам құқықтары декларациясының негізін құраушы принциптеріне сәйкес келетін, жеке, әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтардың барлық кешені декларацияланады. ҚР Конституциясы адамның табиғи, ажыратылмас құқықтары ретінде әрбір адамның өмір сүруіне, жеке бостандығына құқықты, жеке өмірі мен намысына қол сұқпаушылыққа құқықты жариялайды. Сонымен, 12-бапта былай делінген: *«Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды ...».*

Сонымен қоса, Конституция мынадай ережені анықтады, оған сәйкес республика азаматы ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды, сондай-ақ Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды (10-11-баптар). Қазақстан азаматтарының еңбек бостандығына құқығы (яғни мәжбүрлі еңбекке тыйым салынған), заңмен белгіленген оларды шешу тәсілдерін пайдаланып, жеке және ұжымдық еңбек дауларына құқығы бар. Конституцияның жаңалығы азаматтардың кәсіпкерлік қызмет бостандығына және жеке меншікті қорғауға құқығы болып табылады.

1995ж. Конституцияның маңызды құраушысы Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтары мен бостандықтарының көлемі болды, олардың бірлесу бостандығына құқығы (23-бап), мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы (33-бап) жатады. Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктердің ісіне және қоғамдық бірлестіктердің мемлекеттің істеріне араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын жүктеуге жол берілмейді. Аталған шектеулер конституциялық құрылыс тұрақтылығының және қоғамдағы келісімнің нашарлау мүмкіндігі жолына тосқауылдар болып табылады.

Қазақстанда саяси және идеологиялық алуан түрлілік орын алады. Сонымен бірге ұлттық мүдделерді қорғау мақсатында Ата заң азаматтық қоғам субъектілерінің қызметіне шектеулер енгізу мүмкіндігін көздейді. Сонымен, мақсаттары мен әрекеттері конституциялық құрылысты зорлықпен өзгертуге, республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігін бүлдіруге, нәсілдік, ұлттық, діни, сословиелік және рулық араздықты тұтандыруға, басқа мемлекеттердің саяси партияларының жұмыс істеуіне, сондай-ақ саяси партиялардың шетелдік заңды тұлғалармен және азаматтармен, шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қаржыландырылуына бағытталған, қоғамдық бірлестіктердің құрылуы мен қызмет етуіне тыйым салынады.

Конституциядағы құқықтар мен бостандықтар декларациясы, оларды нақты іске асыру үшін жағдайлар жасау Қазақстанның адам құқықтары туралы Билль деп аталатын, түгел дерлік халықаралық келісімдерге толық құқықты қатысушы болуына мүмкіндік берді. Олардың арасында азаматтық және саяси құқықтар туралы, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактілер, геноцид қылмыстарын ескерту және ол үшін жазалау туралы, нәсілдік кемсітудің барлық түрлерін жою туралы, балалар құқықтары туралы, адамдарды кепілдікке алумен күрес туралы және т.б. конвенциялар бар.

Жоғары заңды күшті иеленіп, 1995 ж. ҚР Конституциясы жоғарғы билік органдарының жұмыс істеу және өзара әрекеттесу құрылымы мен механизмін, мемлекеттік құрылыс түрін және елді билеу түрін анықтады.

Конституцияға сәйкес Қазақстан – Президент басқаратын біртұтас мемлекет. ҚР біртұтас құрылысы келесі принциптерге негізделеді: аумақтық және мемлекеттік тұтастық, мемлекеттік билік жүйесінің бірлігі, бірыңғай заңдар жүйесі, бірыңғай азаматтылық. Мемлекеттік құрылыстың біртұтас түрі егеменді Қазақстан мемлекетінің шеңберінде ұлттық-мемлекеттік және аумақтық құрылымдардың қолайсыздығын жорамалдайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабы ҚР Президентінің мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі орнын анықтайды. Көрсетілген бапқа сәйкес, Президент мемлекеттің басшысы, оның жоғары лауазымды тұлғасы, халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі болып табылады.

Президент оны халықтың мемлекет басшысы етіп сайлағандықтан, халықтың нышаны болып табылады. Бұл оның халықтың атынан сөйлеуіне

құқық береді. Бірде бір билік тармағына тікелей қатысты болмай, Президент оның барлық тармақтарының келісілген түрде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қабілетті.

Конституцияға сәйкес ҚР Президенті жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде кәмелетке толған азаматтарының жасырын дауыс беруі арқылы бес жыл мерзімге сайланады. Конституция Президенттік кандидатқа қойылатын негізгі талаптарды анықтады: ол қырық жасқа толған, тумасынан Қазақстан азаматы болуы және соңғы он бес жыл бойы Республикада тұратын, сондай-ақ мемлекеттік (қазақ) тілді еркін меңгерген болуы тиіс.

ҚР Конституциясының 44-бабы Президенттің өкілеттіктерін анықтайды, олардың арасында Үкіметті ұйымдастыру, барлық жоғары мемлекеттік лауазымдарға тағайындау, референдумды тағайындау және т.б. бар. Конституциямен көзделген жағдайларда заңды күші бар Жарлықтарды шығаруға құқылы. Заңды билікке қатысты Президент кейінге қалдырылатын тыйым салу құқығын иеленеді.

ҚР Конституциясының 63-бабына сәйкес Президент Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен кеңескеннен кейін ҚР Парламентін немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

ҚР-да мемлекеттік билік органдары жүйесін Парламент (заңды билік), Үкімет (атқарушы билік) және Жоғарғы сот (сот билігі) құрайды. Конституцияның 3-бабы «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылатынын» анықтайды.

Парламент – заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган. Заң шығару қызметтерімен қатар, Парламент атқарушы билікке қатысты белгілі бақылау қызметтерін де жүзеге асырады. Бұл – республикалық бюджетті бекіту, Үкімет бағдарламасын мақұлдау немесе қабыл алмау, Үкіметке сенімсіздік білдіру.

ҚР Конституциясы алғаш рет Парламенттің екі палаталы құрылымын бекітті: Сенат және Мәжіліс. Мәжіліс Қазақстанның барлық азаматтарының мүдделерін білдіреді. ҚР Конституциясының ерекше тәртібі Сенатты ұйымдастыру үшін анықталған. Егер Мәжіліс депутаттары жалпыға ортақ және төте сайлау негізінде сайланса, онда Сенат депутаттары жанама сайлау негізінде сайланады. Сенатты әрбір облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Республика астанасынан сәйкесінше облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың барлық өкілетті органдар депутаттарының бірлескен мәжілісінде екі адамнан сайланатын депутаттар құрайды. Сонымен қоса, Сенат депутаттарының бір бөлігі ҚР Президентімен тағайындалады.

Үкімет атқарушы билікті жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады. Үкіметті Президент құрайды, яғни Президент Мәжілісте ұсынылған партиялармен кеңескен соң, Премьер-Министрдің кандидатурасын Мәжілістің бекітуіне ұсынады, ол қызметіне кіріскен соң, Үкіметтің дербес құрамын Президенттің бекітуіне ұсынады. Үкімет елді ағымдағы басқаруды жүзеге асырады, мемлекетті дамытудың перспективалы бағдарламаларын әзірлейді. Ол

Президент өкілеттіктерінің мерзімі шегінде әрекет етеді және қайта сайланған Президенттің алдында өзінің өкілдіктерін тапсырады.

ҚР-дағы мемлекеттік биліктің дербес тармағы сот билігі болып табылады, ол әлдекімнің еркіне байланыссыз республика атынан және тек сотпен ғана жүзеге асырылады. ҚР Конституциясы Жоғарғы сот және жергілікті соттар құрайтын, мемлекеттің бірыңғай сот жүйесін ұйымдастырады. Арнайы және төтенше соттарды қандай да бір атаумен және көмекші сөзбен құруға тыйым салынады.

Конституциялық бақылау және Конституцияны қорғау Конституциялық Кеңеске жүктелген. Ол жеті мүшеден, соның ішінде Төрағадан тұрады. Конституциялық Кеңестің өмірлік мүшелері құқылы түрде ҚР экс-Президенттері болып табылады. Конституциялық Кеңес заңдардың, жарлықтардың және басқа нормативтік актілердің конституциялылығы туралы қорытынды береді.

Сөйтіп, ҚР Конституциясы 1995ж. ел Президенті мәртебесін едәуір арттырды, президенттік басқаруды ұйымдастыру туралы конституциялық ережені бекітті, екі палаталы кәсіптік Парламент құрды. Сонымен қоса, ол экономикалық реформаларға жаңа импульс берді, заң шығарушы базаны және Үкімет қызметінің нарықтық қатынастар жағдайларындағы заң шығарушы өрісін құруды қамтамасыз етті. Маңызды жетістіктердің арасында макроэкономикалық тұрақтандыру, тиімді қаржы-несие жүйесін құру, кезеңмен жүргізілген жекешелендіру бар. Өнеркәсіптік өндірістің тұрақты өсуі басталды, ауыл шаруашылығы жанданды, инвестициялық қор жақсарды.

Конституция, Ата Заң ретінде қоғамның өзінің және мемлекеттің дамуының негізгі кезеңдеріне сәйкес келуі тиіс. Басқа жағдайда Ата Заң уақыт реалияларымен байланысты жоғалтып, түрлендіру мен қоғамның дамуына бөгеуіл болатын тарихи құжатқа айналады. Сондықтан еліміздің қоғамдық-саяси және экономикалық өмірінде болатын өзгерістер конституциялық алғышарттарды қоғамның жаңа қажеттіліктерімен сәйкестікке дер кезінде келтіруді талап етеді.

ҚР Конституциясы табиғи эволюциясының көрсеткіші оған Парламенттің - Президенттің бастамасы бойынша 1998ж. 7 қазанда 20-ға жуық өзгеріс пен толықтыру енгізгені болды, олар Парламенттің өкілеттіктерін едәуір кеңейтті, сондай-ақ ҚР Парламентінің Мәжілісін құру тәртібін өзгертті. 1995ж. Конституцияға және Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Заңға сәйкес абсолют көпшіліктің мажоритарлы сайлау жүйесі қабылданды. Ел Конституциясына 1998ж. 7 қазанда енгізілген өзгерістер салдарынан Мәжіліс депутаттарының саны 77 адамды құрады. Олардың ішінде 67-і әкімшілік-аумақтық бөлуді есепке алғанда және сайлаушылардың тең шамамен құрылатын, бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша абсолют көпшіліктің мажоритарлы сайлау жүйесі бойынша сайланды. 10 депутат бірыңғай жалпы ұлттық сайлау округін құру арқылы партия тізімдерінің негізінде пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша сайланды. Бұл өзгеріс саяси партиялардың әрі қарай дамуы және олардың қызметін жандандыруға жағдайлар жасады. Ал 1999 ж. күзде Мәжіліске сайлау алғаш рет жаңа ережелер бойынша өтті.

Нақты демократияны нығайтуды жетілдіру жолында жаңа қадам ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша өткізілген 2007ж. Конституциялық реформа болды. Осы реформаның салдары 2007ж. 21 мамырда ҚР Конституциясына бірқатар түзетулер енгізу, сондай-ақ Конституциялық заңдардың толық пакеті, соның ішінде «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «ҚР Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «ҚР-дағы сайлар туралы» заңдар болды. Осы түзетулердің нәтижесі ел Президенті өкілдіктерінің бір бөлігін Парламенттің пайдасына қайта үлестіру, Сенаттың рөлі мен мәртебесін күшейту, Президент тағайындайтын Сенаторлар санын 9-дан 15-ке дейін ұлғайту болды. ҚР Президентінің ұсынысы бойынша қолданылып жүрген ҚР Конституциясына президенттік басқару мерзімін 2012 жылдан кейін 7 жылдан 5 жылға дейін қысқарту туралы, Елбасына заң шығару бастамасы құқығын беру туралы, оған Парламентте алғаш рет өкілеттілік алған Қазақстан халқы Ассамблеясын құру құқығын беру туралы түзетулер енгізілді.

Конституциядан оған сәйкес өзінің өкілдіктері кезеңіне Президент саяси партиядағы қызметін тоқтатады деген тармақ шығарылды. Сонымен қоса, Мәжіліс депутаттарының саны 107 адамға дейін өсті және оны ұйымдастыру тәртібі өзгерді: 98 Мәжіліс депутаты - пропорционал сайлау жүйесін қолдану негізінде саяси партиялардан, ал тоғыз депутат Қазақстан халқы Ассамблеясымен 5 жыл мерзімге сайланады. Бұл түзетулер Қазақстанның партия жүйесін дамыту үшін нақты мүмкіндіктер тудырды.

Осының негізінде Қазақстан Республикасындағы конституциялық құрылыстың өзінің негізінде ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың елдегі жаңартушы түбегейлі өзгерістерді жалғастыру бағытымен себептескен шығармашылық әлеуеті бар екендігі туралы тұжырым жасауға болады. Н.Ә. Назарбаев өзінің сөйлеген сөздерінің бірінде атап өткендей: «Біз демократиялық қоғамда өмір сүруге үйреніп келеміз, ендеше өзіміз күн сайын демократияны құраймыз».

Бүгінгі таңда ҚР Конституциясы халықаралық құқықтың жалпыға танылған принциптері мен нормаларына, конституциялық заң шығармашылықтың әлемдік стандарттарына толығымен сәйкес келеді. Онда тұжырымдалған саяси принциптер мен құқықтық институттар біздің мемлекетімізді әлемдік экономика мен саясат жүйесіне енгізуге мүмкіндік туғызады.

Озық демократиялық мемлекеттердің конституциялық даму тәжірибесін пайдаланып, ҚР Конституциясы елдегі нақтылы жағдайды және қоғамның жаңа жағдайларда әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-адамгершілік дамуының нақты қажеттіліктерін көрсетеді.

Еліміздің Ата Заңы Республика қызметінің негізін құраушы принципі ретінде қоғамдық келісімді танып, ұлттық идеяның барлық құраушыларын өзінде шоғырландырады. Бұл ҚР Конституциясын саяси тұрақтылықтың аса маңызды факторы, азаматтық әлемнің, әлеуметтік және ұлттық келісімнің кепілі етеді.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Конституция Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями от 7 октября 1998г. и от 21 мая 2007г.). Алматы, 2007.
2. Назарбаев Н.А. Новый этап демократизации Казахстана – ускоренное развитие свободного демократического общества //Казахстанская правда. 2007. 17 мая.
3. О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан. Закон Республики Казахстан //Казахстанская правда. 2007. 22 мая.
4. Джунусова Ж.К. Республика Казахстан: Президент. Институты демократии. Алматы, 1996.
5. Рогов И. Государство – это мы, народ Казахстана //Казахстанская правда. 2009. 29 августа.



## Жалпыға ортақ адам құқықтарының Декларациясы. Қазақстандағы адам құқықтары

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Ф.А. Қыстаубаева*

Адам құқықтарының қазіргі замандағы ұғымы ежелгі заманда пайда болған табиғи құқық идеяларынан шығады да, өзінің тікелей бастауын либерализм идеяларынан алады. Оның ең көрнекті өкілдері өмірге, қауіпсіздікке, бостандыққа, меншікке, мемлекетке тәуелсіз болатын және онымен қорғалатын адамның табиғи, ажыратылмас (шеттетілмейтін), әрі қасиетті нормаларына қысым көрсету кедергісінің маңызды құқықтарындағы ұғымын негіздеді.

Адам мен адамзат құқықтары институтын дамытудағы сапалы серпіліс ХХ ғасырдың екінші жартысында көбінесе тоталитарлық режимдердің қайғылы тәжірибесіне реакция ретінде болды. Қалыптасқан азаматтық, саяси және әлеуметтік-экономикалық құқықтар каталогы елеулі кеңейеді. Оларға жаңа «құқықтар ұрпағы»: қолайлы қоршаған ортаға, ақпаратқа және т.б. Осы кезеңде адам мен азамат құқықтары институтын дамытудағы жетекші рөлді оның негіз құраушы құжаттарында ресімделген халықаралық құқық иеленеді: Жалпыға ортақ адам құқықтарының декларациясы (1948ж.), Біріккен Ұлттар Ұйымымен қабылданған, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пакт, және азаматтық және саяси құқықтар туралы пакт (1966ж.), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің Хельсинки қорытынды актісі (1975ж.) қосылады.

Олар және адам құқықтары жөніндегі кейінгі халықаралық құжаттар адам мен адамзат құқықтары каталогының масштабты стандартын және қатысушы-мемлекеттердің конституциялық құқығымен қабылданған осы құқықтарды қамтамасыз ету кепілдіктерін құрады.

Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекітетін, аса маңызды алғашқы халықаралық-құқықтық құжат 1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған, Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы болып табылады. Осы құжатқа Бастама бөлімде былай мәлімделген: «Бас Ассамблея осы Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын оны орындауға барлық халықтар және барлық мемлекеттер әрбір адам мен қоғамның әрбір органы осы Декларацияны үнемі ескеріп, ағарту және білім беру жолымен осы құқықтар мен бостандықтарды құрметтеуге және ұлттық пен халықаралық прогресті шаралар жолымен олардың Ұйымға мүше мемлекеттер халықтарының арасында да, сондай-ақ олардың юрисдикциясында болатын халықтардың



арасында жалпыға ортақ және тиімді танылуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге ұмтылатындай етіп жариялайды».

Декларацияның 1-бабында былай деп жарияланған: «Барлық адамдар тумасынан өзінің ар-намысы мен бостандығында еркін және тең болады. Оларға ақыл мен ар берілген және олар бір-бірімен ағайындылық рухында әрекеттесуі тиіс». Осы жарияланған құқық 3-баппен күшейтіледі: «Әрбір адамның өмір сүруге, бостандыққа және жеке ісіне қол сұғылмауына құқығы бар».

2-бапта Декларация әрбір адамның нәсіліне, түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа нанымдарына, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік, сословиелік немесе басқа жағдайына қатысты қандай да болмасын айырмашылықсыз, осы Декларациямен жарияланған барлық құқықтар мен барлық бостандықтарды иеленуі тиіс екенін анықтайды.

Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 7-бабы мынаны бекітеді: «Заң алдында барлық адамдар бірдей және ешбір айырмашылықсыз заңның тең қорғауына құқығы бар. Барлық адамдардың осы декларацияны бұзатын қандай да болмасын кемсітушіліктен және осы кемсітушілікке қандай да болмасын арандатушылықтан қорғауға құқықтары бар». Осы халықаралық құқық нормасының мағынасын қоғамның кез келген мүшесінің лайықты адамша тіршілік етуге құқығын қорғау ретінде, әрбір адамнан жеке тұлғаны көруді талап ету ретінде түсіну керек.

Көрсетілген қағида кейіннен адам мен азамат құқықтарын сақтау стандарттарын анықтайтын, барлығы дерлік халықаралық-құқықтық көздерде, сондай-ақ әлемнің көптеген елдерінің ұлттық заңдарында қайталанған.

Қазақстан Республикасының берілген Декларацияны ратификациялау туралы арнайы акт (заң) қабылдамағаны, алайда оның барлық қағидаларын Қазақстан Республикасының Конституциясында және салалық заңдарда жүйелі көрсеткені есте қаларлық.

Сонымен бірге Жалпыға ортақ адам құқықтары декларациясының негізгі қағидаларының танылуы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының 1990 жылғы 25 қазандағы мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясының Бастама бөлімінде, сондай-ақ ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 16 желтоқсандағы № 1008-ХІІ Қаулысымен іске қосылған, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында тура көрсетілгенін атап өту керек, онда сөзбе-сөз былай делінген: *«Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі, Қазақстан халқының еркін білдіріп, Жалпыға ортақ адам құқықтары декларациясында, халықаралық құқықтың жалпыға танылған басқа нормаларында бекітілген жеке тұлға құқықтары мен бостандықтарының басымдылығын танып, қазақ ұлтының өзін-өзі анықтауға құқығын растап, азаматтық қоғамды және құқықтық мемлекетті құру шешімділігінен бастау алып, ынтымақшыл сыртқы саясатты жүзеге асырып, өзінің ядролық қару-жарақты таратпау принципіне және қарусыздандыру процесіне шынайы берілгендігін мәлімдеп, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін салтанатты түрде жариялайды».*

Сонымен, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Жалпыға ортақ адам құқықтары декларациясының қағидаларын нақтылы сақтайды, бірақ заң жүзінде оны халықаралық-құқықтық құжат ретінде ратификацияламайды. Алайда берілген жайттың принциптік маңызы жоқ, өйткені біріншіден, бұл онсыз да Декларацияға сәйкес келетін, қалыптасқан құқықтық жүйеге әсер етпейді, ал екіншіден, Қазақстан Жалпыға ортақ адам құқықтары декларациясының негізінде және дамуы бойынша қабылданған екі құжатты: 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт және сондай-ақ 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактты ратификациялады.

Қазақ мемлекеттілігі орныққан жылдар ішінде конституциялық теория негізіне салынған басты идеялардың бірі оған сәйкес Қазақстан Республикасында адамның, оның өмірінің, құқығы мен бостандығының басты қазына болып табылатын принципі болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қоғамды идеялық шоғырландыру Қазақстан прогресінің шарты ретінде» еңбегінде: «Біз құрып жатқан қоғамның жоғары қазынасы - оның игілігі үшін түрлендірулер басталған адам болып табылады».

Осы принципке Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 ж. 20 қыркүйектегі Жарлығымен мақұлданған, Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының Тұжырымдамасы үйлеседі, ол да жоғарыда айтылған принципке сүйенеді: «...негізгі принциптердің бірі – адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін білдіретін, адам құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы принципі».

Адам құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті жанында Адам құқықтары жөніндегі комиссия құрылған болатын. Ол адам құқықтарының тұңғыш арнайы ұлттық мекемесі болды. Оның қызметінің негізінде адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып табылатын Елбасы саясатын жүзеге асыру болады. Ол өзімен мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдарды ауыстырмай, адам құқықтарын қамтамасыз ету ісіне елеулі үлес қосады. Бұл - адам құқықтарын қолдау мен қорғаудың қоғамдық және мемлекеттік механизмдерін күшейту де, осы сферада мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жасауға қатысу да, адам құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу де.

Адам құқықтары жөніндегі комиссия адам құқықтарын қорғаудың мемлекеттік механизмін жетілдіруге бағытталған бірқатар маңызды шешімдер қабылдауға өз үлесін қосты. Бұл Қазақстанның адам құқықтары жөніндегі халықаралық конвенцияларға, сондай-ақ БҰҰ азаматтық және саяси құқықтар туралы, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактілеріне қосылуы; халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтары бойынша халықаралық шарттар жөніндегі ведомство аралық комиссия құру; Білім және ғылым министрлігі құрылымында Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі комитетті ұйымдастыру.

Адам құқықтары жөніндегі комиссияның және оның Сараптық кеңесінің құрамына адам құқықтарын қорғау сферасында нақты тәжірибесі бар ҮЕҰ өкілдері кіреді. БҰҰ Даму бағдарламасының және ЮНЕСКО Кластерлік бюросының көмегімен Алматыда ТМД және Балтия елдерін аналогтары жоқ, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның қазақ және орыс тілдеріндегі цифрлық кітапханасы сәтті іске қосылды. Ол халыққа адам құқықтарын қорғау сферасында тегін құқықтық ақпарат береді.

Өздерін мемлекеттік билік және лауазымды тұлғалар, республикадағы басқа ұйымдар тарапынан көрсетілген әділетсіз әрекеттер құрбаны санайтын жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау үшін омбудсмен институты құрылған. Өзінің мәртебесі бойынша адам құқықтары бойынша уәкілетті тұлға нақты адамның бұзылған құқықтарын қорғайтын халықтық қорғаушы болып табылады. Ал жалпы алғанда Комиссия және омбудсмен, Қазақстанның құқықтық өрісінде бір-бірін толықтыра отырып, адам құқықтарын қорғау сферасына өз үлестерін қосады.

2008 ж. 23 сәуірде ҚР Парламенті БҰҰ жан азабына қарсы Конвенциясына Факультативтік хаттаманы ратификациялады, бірақ Хаттамамен көзделген ұлттық ескерту механизмін құру үш жылға кейінге қалдырылады деп ескертілген. 2008 ж. 11 маусымда Парламенттің келісімдік комиссиясы судьяларға рұқсат етілген қамау бойынша өкілеттіктер беру туралы заңды бекітті.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасында адамның қоғамдағы орны, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғау проблемасы толығымен және түпкілікті шешілген деп пайымдауға болмайды. Өкінішке орай, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзу жағдайлары әлі де орын алады.

Барлық оң жағдайларда адам құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау сферасындағы мемлекеттік институттар мен үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмысы ылғи да жүйелілігімен ерекшеленбейді. Негізгі себептердің арасында – патернализм дәстүрлерінде және құқықтық нигилизмде айқындалатын, қоғамдық сана инерциясы.

Заң шығаруда және құқық қолдану механизмдерінде азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын толық көлемде іске асыруына кедергі келтіретін ақаулар бар.

Азаматтар құқықтарын іске асыру мен қорғауда қосымша проблемалар тудыратын факторлардың бірі басқаруды бюрократияландыру, сыбайлас жемқорлық болып табылады. Лауазымды тұлғаларға қойылатын талаптарды және өз міндеттерінің адал ниетпен орындалғаны үшін жауапкершілікті заң шығару деңгейінде жоғарылату қажет. Қабылданған Қызметтік этика кодексі мемлекеттік қызметкер өмірінің нормасы болуы тиіс. Қызметтік этика нормаларын бұзудың, сыбайлас жемқорлық және басқа заңға қарсы әрекеттер жасаудың мұндай жұмыскер үшін мемлекеттік қызметте жұмыс істеу құқығынсыз жұмыстан шығаруға дейін маңызды салдары болуы тиіс.

Соған қарамастан, адам құқықтарының, оның мүдделерінің, ар-намысы мен абыройының, оларды қорғау мен кепілдендірудің - қазақстандық қоғамды саяси жанарту мен демократияландырудың маңызды мақсаты Қазақстанда мемлекеттік саясаттың негіз құраушы принципі болып танылады.

Жалпы алғанда, адам құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесінің өткен кезеңдегі қызметін сипаттай отырып, жүргізілетін реформалар нәтижесінде демократиялық процестер, Қазақстандағы адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, көтермелеу және қорғау саясаты тұрақты және қайтымсыз сипатты иеленді деп айтуға болады. Адам құқықтарын қорғау сферасында мемлекет қабылдаған шаралар Қазақстанның қолданылып жүрген халықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен қамтамасыз етілетін, әрі қарай халықаралық гуманитарлық кеңістікке шоғырлануына мүмкіндік туғызады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Всеобщая декларация прав человека.
2. Конституция Республики Казахстан. Алматы, 2007.
3. Сапарғалиев Г.С. Конституционное право РК. Академический курс. Алматы: Жеті Жарғы, 2007.



## Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтары

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы  
Ә.Х. Нөкербекова*

Саяси құқықтар тобына мемлекетті және қоғамдық өмірді басқаруда азаматтардың белсене қатысу мүмкіндігін анықтайтын және қамтамасыз ететін құқықтар жатады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес ҚР азаматтары жиналыстар, митингтер, демонстрациялар, салтанатты шерулер жүргізуге, пикетке шығуға құқығы бар; мемлекет істерін басқаруға қатысуға құқылы, бірлесу бостандығына құқығы бар (сайлауға және сайлануға хақылы); мемлекеттік органдарға жүгінуге хақылы, мемлекеттік қызметке тең қол жеткізуге хақылы.

*Конституцияның 23-бабында Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі деп атап көрсетілген.*

Қоғамдық бірлестіктер заң алдында тең. Мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктер, ал қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктердегі мемлекеттік органдардың функциясын жүктеуге, қоғамдық бірлестіктері мемлекеттік қаржыландыруға жол берілмейді.

ҚР қолданыстағы заңнамалық актілері: ҚР Азаматтық кодексі, «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Саяси партиялар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Кәсіподақ ұйымдары туралы» ҚР Заңдары, басқа да нормативтік-құқықтық актілер азаматтардың бірлесу бостандығына хақылы екеніне кепілдік береді. Қазақстан Республикасы азаматтарының қоғамдық ұйымдарды бірлестіру құқығы тұтастай алғанда сақталады. Қазақстан Республикасында нақты көп партиялықты қалыптастыру үшін құқықтық және саяси жағдайлар құрылды, көптеген қоғамдық және қоғамдық-саяси ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес *Қазақстан азаматтары бейбіт түрде және қарусыз жиналыстар, митингтер, демонстрациялар, салтанатты шерулер жүргізуге, пикетке шығуға құқығы бар.* Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының 1-бабына сәйкес, 1995 жылғы 17 наурыздағы № 2126 «Қазақстан Республикасындағы бейбіт жиналыстар, митингтер, демонстрациялар, салтанатты шерулер жүргізуге, пикетке шығу және ұйымдастыру туралы» Заңына сәйкес қоғамдардың және топтардың жеке мүдделері мен қарсылықтарын жиналыстар, митингтер, демонстрациялар, салтанатты шерулер жүргізу, пикетке шығу, сондай-ақ

қоғамдық орындарда, киіз үйлер құру, шатырлар құру, басқа нысандарда аштық жариялау және пикетке шығу түрінде білдіреді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабының 1 тармағында: *Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар.* деп атап көрсетілген. Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері үшін шағым арыз беріп, сотқа жүгіне алады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы азаматтардың тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысу мүмкіндігін анықтайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабының 2-тармағына сәйкес *республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға (дауыс беруге) қатысуға құқығы бар* деп атап көрсетілген. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот өкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік билік органдарына сайлануға жасы *18-ге* толған ҚР азаматтары қатысу құқығына ие болады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабының 4 тармағына сәйкес *Жасы 25-ке* толған адам Мәжіліс депутаты бола алады. Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. *Жасы отызға толған*, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, тиісті облыстық, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады деп атап көрсетілген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 2-тармағына сәйкес Республика Президенті болып тумысынан Республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын Республика азаматы сайлана алады.

Маңызды саяси құқық *Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу құқығы* болып табылады. Мемлекеттік қызметкер лауазымына үміткерге қойылатын талаптар тек лауазымды міндеттемелер сипатымен және заңмен ғана белгіленеді. Ұлты, жынысы, нәсілі мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға негіздеме бола алмайды.

ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 12-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарының әкімшілік мемлекеттік лауазымын иелену құқығы бар. Әкімшілік мемлекеттік лауазымды иелену конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орындарының түлектерін мемлекеттік қызметке тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында Елбасы жанындағы Адам құқықтары

жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігіне мемлекеттік қызметтің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, бос әкімшілік мемлекеттік лауазым орындарына конкурс өткізу ережесіне қатысты Агенттіктің кейбір нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ әкімшілік мемлекеттік лауазым категорияларына қойылатын типтік біліктілік талаптарын ұсынады.

Ақпарат таратуда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда маңызды құралдардың бірі бұқаралық медиа құралдары болып табылады.

Қазақстанда соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі саласында өте маңызды түрлендірулер жүргізілді. БАҚ секторын мемлекет иелігінен алынды, ал нәтижесінде БАҚ 80% мемлекеттік емес болып табылды.

Қазіргі кезде қолданыстағы БАҚ саны 2000-нан асып кетті. Қолдағы бар деректерді салыстыру үшін: Қырғызстанда – 700, Тәжікстанда - 202, Өзбекстанда – 719 жұмыс істейді, Белоруссияда ақпараттық агенттіктер (6) және басылым БАҚ (1500) саны бойынша екі аз. Медиалық инфрақұрылымды дамыту бойынша Қазақстанның көш басында келуі еліміздегі жыл сайын өтетін Еуразиялық медиа-форум дәлел бола алады.

Журналисттер Конгресі мен Одағы, Қазақстан телерадио хабарларын тарату Ассоциациясы, Ұлттық телерадио хабарларын тарату Ассоциациясы, журналистер кәсіподағы, «Әділ сөз» халықаралық қоры, «Internews Network Kazakhstan» өкілділігі, жастар медиа одағы және т.б. жұмыс істейді.

Қазіргі кезде елімізде отандық 2120 БАҚ жұмыс істеп тұр. Оның ішінде 1332 газет, 590 журнал, 187 теле- және радиокөмпаниялар, 11 ақпараттық агенттіктер жұмыс істейді.

Бұл аталған көрсеткіш 1991 жылы тәуелсіз Қазақстанда бар болғаны 185 БАҚ болған кезге қарағанда 11 есеге артқанын көрсетеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі бөлігі республикалық масштабта тарайды. Олардың үлесі барлық қолданыстағы БАҚ жалпы санының 48% құрайды. Облыстық маңыздағы БАҚ 16,5%, жергілікті (қала, аудан) - 23 %, өңірлік (облыс аралық) - 2,5%, еліміз аумағында, алыс және жақын шетелдерге таралатын БАҚ - 9% құрайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт түрде және қарусыз жиналыстар, митингтер, демонстрациялар, салтанатты шерулер өткізуге, пикетке шығуға құқығы бар. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 наурыздағы № 2126 «Қазақстан Республикасында бейбіт түрде жиналыстар, митингтер, демонстрациялар, салтанатты шерулер өткізуді, пикетке шығуды ұйымдастыру тәртібі туралы» Жарлығына сәйкес қоғамдардың және топтардың жеке мүдделері мен қарсылықтарын жиналыстар, митингтер, демонстрациялар, салтанатты шерулер жүргізу, пикетке шығу, сондай-ақ қоғамдық орындарда, киіз үйлер құру, шатырлар құру, басқа нысандарда аштық жариялау және пикетке шығу түрінде білдіреді.

Қазақстан Республикасының азаматтарының саяси құқықтары және оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың сақтауы

Конституциямен және Қазақстанның басқа заңнамалық актілерімен кепілдік берілген.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Конституциясы шеңберінде мемлекет азаматтарына қазіргі заманғы демократияның негізгі құндылықтарына сәйкес барлық негізгі саяси құқықтарды ұсынады. Бұл оларды өздерінің мүдделерін қорғау мен ұсыну мақсатында саяси партияларға және қоғамдық-саяси қозғалыстарға біріктіруге, мемлекет ісіне, мемлекеттік билік органдарын қалыптастыруға белсене қатысуға мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Конституция Республики Казахстан. Алматы, 2007.
2. Конституция Республики Казахстан. Научно-правовой комментарий /Под ред. Г.С. Сапарғалиева. Алматы, 2006.





## Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік-экономикалық құқықтары және міндеттері

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Н.Ж. Сарсенбеков*

Құрылып жатқан құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам бостандық, еркіндік, теңдік идеалдарына негізделген. Бұл конституциялық идея ұлтына, әлеуметтік жағдайына қарамастан адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бекітетін конституциялық нормаларға сүйенеді. Қазақстан Республикасының Конституциясы тек мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге қоғамның да басты заңы болып табылады. Бұл идея азаматтардың меншігіне, әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарына, қоғамдық бірлестіктерге, отбасына және т.б. қатысты көптеген конституциялық нормаларда бекітіледі және негізделеді.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтар адамға өмір сүрудің қолайлы деңгейін және әлеуметтік қорғалуды, шаруашылық қызметінің негізгі факторларымен және тұтыну құралдары индивидтеріне еркін иелік ету құқығымен: жеке меншік және еңбекпен, сондай-ақ іскерлікке және бастама көтеруді қамтамасыз етумен байланысты.

ҚР Конституциясының 24-бабына сәйкес *«Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еркісіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі»*. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар екенін атап кету керек.

Бұл Конституцияның бабы әрбір адамға заңмен белгіленген ережеге сәйкес ұсынылатын демалу құқығына кепілдік береді.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында еңбекті қоғамдық ұйымдастыру мәселелері ерекше әлеуметтік маңызға ие болуда. Бұл өндіріс құралдарына жеке меншік қатынастардың түпкілікті түрленуімен, соған сәйкес қоғамның жаңа әлеуметтік құрылымын қалыптастырумен, еңбекті басқарудың тиімді механизмін құру қажеттілігімен, еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің жаңа түрлері мен әдістерін іздеуге байланысты. Бұл жағдайда қоғам мүдделері мен адам мүдделері арасындағы балансты қамтамасыз ету проблемасы Конституцияда және еңбек туралы қолданыстағы заңдарда принципті шешімдерін тапты. Сол кезде қоғамның құнды капиталы ретіндегі қолда бар еңбек ресурстары неғұрлым жаңартылған және өркениетті пішінде дамуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Заңының 4 бабына сәйкес (әрі қарай – еңбек туралы Заң) әрбір адам өз еңбек құқықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктерге ие болады. Ешкімге еңбек құқықтарына шек қойылмайды немесе жынысына, жасына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүліктік және лауазымды жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге қатынасына, көзқарастарына, азаматтық, қоғамдық бірлестіктерге қатынасына, сондай-ақ жұмыскердің іскерлік сапасына және оның еңбегінің нәтижесіне байланысты емес басқа жағдайларға қарамастан оларды іске асыруда қандай да бір артықшылықтарға ие болуға шек қойылмайды.

ҚР Конституциясының 26-бабы *әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар* екенін атап көрсетеді.

Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Қазақстан Республикасының азаматтары жеке меншікке кез келген заңды түрде сатып алған мүлікке ие бола алады. Әркім кәсіпкерлік қызмет бостандығына, өзінің мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқылы.

Конституцияның 26-бабының 1-тармағы ережесінің әрі қарай дамуы ҚР МК 191бабында көрініс табады, соған сәйкес жеке меншік түрінде заңнамалық актілерге сәйкес азаматтарға немесе заңды тұлғаларға тиесілі емес мүліктің кейбір жеке түрлерінен басқа кез келген мүлік болуы мүмкін. Жеке меншік түрінде болатын мүліктің саны мен құнына шек қойылмайды. Иесі қайтыс болған жағдайда оған тиесілі мүлік мұра бойынша өсиетнама және заңға сәйкес басқа тұлғаға беріледі.

Мемлекет кәсіпкерлік қызмет бостандығына кепілдік береді және оны қолдау мен қорғауды қамтамасыз етеді. Заңмен тыйым салынбаған қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлер құқығы лицензия алған қызмет түрлерінен басқа қандай да бір рұқсат алмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мүмкіндігімен; мемлекеттік органдар жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметті тексерудің заңнамалық актілерін шектеумен; заңнамалық актіде қарастырылған негіздеме бойынша шығарылған сот шешімі бойынша кәсіпкерлік қызметті мәжбүрлі тоқтатумен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабы *Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқаспанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақы мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.*

Конституциямен нарықтық экономиканы қалыптастыру жағдайындағы республика халқын әлеуметтік қорғаудың құқықтық негіздері, мемлекет тарапынан еңбек ақы мен зейнетақыны ең төменгі мөлшерден кем емес белгілеуге кепілдік, сондай-ақ басқа да әлеуметтік кепілдік беру анықталған. Қазақстан Республикасының азаматтарына, яғни қартайған, ауру, мүгедек, қамқоршысыз қалған адамдарға зейнетақы көлеміндегі және төменгі мөлшердегі еңбекақымен әлеуметтік қамтамасыз ету құқығын ұсынады.

Қосымша сақтандыру, денсаулықты қосымша әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша объектілер әзірленеді.

Әлеуметтік қорғау – бұл өмірлік қажетті игіліктерге және азаматтардың әл-ауқатының белгілі деңгейіне қол жеткізуде белгілі бір деңгейді қамтамасыз етуге шақырған шаралар жүйесі, бірқатар жағдайларға байланысты экономикалық жағынан белсенді бола алмауы мүмкін және тұрақты төленетін еңбекке араласу арқылы өзін табыспен қамтамасыз ете алмауы мүмкін.

Мемлекет әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша шаралар қабылдайды. Осы бағытта Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдеде 246-11 «Мемлекеттік мекен-жайлы әлеуметтік көмек туралы» Заңы қабылданды.

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 4 шілдеде 1541-12 «Ұжымдық келісім шарт туралы» Заңында жұмыскерлерді әлеуметтік қамтамасыз етудің қосымша нысандарын қалыптастыру мүмкіндігі қарастырылады. Демек, ұжымдық келісім шартпен басқа да жағдайлар, сондай-ақ жұмыскерлерді, олар жұмыстарын жоғалтқан жағдайда, сақтандыру тәртібі мен жағдайы; өндіріс уақытша тоқтаған кезде оларды қорғау шаралары; жұмыссыздық бойынша жәрдем ақша мөлшері мен төлем мерзімін ұлғайту мүмкіндігі; зейнеткерлерге, мүгедектерге, көп балалы және толық емес отбасыларына қосымша жеңілдіктер ұсыну және көмек көрсету; ерікті және міндетті әлеуметтік сақтандыру; жұмыскерлерді және т.б. жұмыспен қамту және қайта оқыту міндеттерімен анықталады.

*«Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар»* (ҚР Конституциясының 29-бабы). Қазақстан Республикасының азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы. Медициналық көмекті алу мемлекеттік және жеке меншік медициналық мекемелер туралы белгіленген заң негізінде және тәртіпте жүзеге асырылады.

Азаматтардың денсаулығын қорғау жүйесі кең мағынада адамның өмірдегі және еңбек процесіндегі жұмысқа қабілеттілігін және денсаулығын қорғау қауіпсіздігіне кепілдік беретін әлеуметтік экономикалық, ұйымдастыру, техникалық, гигиеналық, емдеуалдын алу шараларын жүргізуді енгізеді. Азаматтардың денсаулығын қорғаудың құқықтық, экономика-әлеуметтік негіздері, мемлекеттік органдарға қатысуы, жеке және заңды тұлғалардың меншік нысандарына қарамастан, азаматтардың денсаулығын қорғаудың конституциялық құқықтарын іске асыру Қазақстан Республикасының 1997 жылы 19 мамырдағы «Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын қорғау туралы» Заңымен және 2002 жылғы 4 желтоқсандағы 361-11 «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы туралы» Заңымен анықталған. Көрсетілген заңдар азаматтардың денсаулығын қорғауды ұйымдастыруды, халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін мемлекеттік органдардың және жеке меншік медициналық мекемелердің жауапкершілігі, денсаулықты қорғау саласындағы азаматтардың құқықтары мен міндеттемелері, денсаулықты ұйымдастыруды кадрлық қамтамасыз ету, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын қарастырады.

Өндірісте жұмыс істейтін адамдардың денсаулығын қорғау мәселелері ерекше маңызға ие. Қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайына құқық – жұмыс берушілердің негізгі құқықтарының бірі (Заңның 7-бабының 1-тармағының 3-қосымша тармағы).

Тегін медициналық көмек көрсетудің кепілденген көлемі Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына көрсетілетін, әрі республикалық және жергілікті бюджеттен тікелей қаржыландырылатын медициналық көмектің көлемі республиканың барлық аумағына ұсынылады.

ҚР Конституциясының 30-бабы азаматтардың білім алу саласындағы құқығын анықтайды. Азаматтарға мемлекеттік оқу мекемелерінде тегін орта білім алуға кепілдік беріледі. Орта білім міндетті. Азамат конкурстық негізде мемлекеттік жоғары оқу орындарында тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Жеке меншік оқу мекемелерінде білім алу заңмен белгіленген негізде және тәртіпте жүзеге асырылады. Мемлекет міндетті білім Стандартын белгілейді, ол барлық білім мекемелерінің қызметіне сәйкес келуі тиіс.

Білім алу құқығы – мемлекеттің Ата заңында белгіленген республиканың әрбір азаматының негізгі құқықтарының бірі. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принциптерінің бірі оқу мен тәрбие бірлігін, сабақтастығын қамтамасыз ететін білімнің үздіксіз процесі болып табылады (1999 жылғы 7 маусымдағы ҚР «Білім туралы» Заңының 3-бабы). Үздіксіз білім беру жүйесіндегі негізгі деңгей орта білім болып табылады және оған мыналар жатады: 1) жалпы орта; 2) бастапқы кәсіптік білім (кәсіптік лицейлер); 3) орта кәсіптік білім (колледж, училище). Конституцияда азаматтардың конкурстық негізде мемлекеттік жоғары оқу орындарында тегін жоғары білім алуға құқығы бар екені белгіленген.

Жоғары білім беру саласындағы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздер «Білім туралы» Заң және «Жоғары білім туралы» Заңмен іске асырылады.

Жоғары оқу орындарында тегін жоғары білім алу құқығы мемлекеттік білім грантын алған жағдайда, конкурстан сәтті өткенге мемлекеттік білім несиесі ұсынылады. Конкурс шарттары барынша қабілетті азаматтарға мемлекеттік грант пен несиелер алуға кепілдік береді. Бұдан басқа, мемлекет мемлекеттік емес несие беруді ынталандырады.

«Білім туралы» Заңға сәйкес республикада мемлекеттік білім беру ұйымдары және мемлекеттік емес білім беру ұйымдары әрекет жасауы мүмкін. Мемлекеттік білім грантын алған немесе мемлекеттік білім несиесін алған азамат өзіне кәсіптік білім алғысы келетін жоғары оқу орны мекемесін (меншік нысанына қарамастан) таңдауға хақылы.

Әрбір азамат Конституцияны және Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға, басқа тұлғалардың құқықтары, бостандықтары, ар намысы мен абыройын құрметтеуге міндетті. Әрбір азамат Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті. Конституция нормаларын және ҚР заңдарын сақтау, сондай-ақ басқа тұлғалардың құқықтары, бостандықтары, ар намысы мен абыройын құрметтеу азаматтардың негізгі Конституциялық міндеттеріне жатады.

Біздің республиканың әрбір азаматы оның қауіпсіздігі Конституциямен қамтамасыз етілген және кепілдік берілген, сондықтан сенімді өмір сүреді, оқиды, еңбек етеді, құқықтары мен бостандықтарына қысым жасалады деп қорықпай-ақ, еркін жүріп-тұрады. Біздің Конституциямыз бен заңдарымыз адамның шығармашылық және жасампаз жігерін белсенділендіре отырып, оның кәсіпкерлік бастамасын ынталандырады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Конституция Республики Казахстан. Алматы, 2000.
2. Закон Республики Казахстан от 17 июля 2001 года 246-11 «О государственной адресной социальной помощи».
3. Закон Республики Казахстан от 4 июля 1992 года 1541-12 «О коллективных договорах».
4. Закон Республики Казахстан от 19 мая 1997 года «Об охране здоровья граждан в Республике Казахстан».



## Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы заңнамасы

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Ж.Т. Мұсаева*

Қазақстанда білім беру жүйесінің жұмыс істеуі үшін қажетті заңды база құрылған. 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қазіргі заманғы идеялар мен принциптерге негізделеді, әлемдік білім беру прогресінің тенденцияларын есепке алады.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «әлемдік шаруашылық байланыстарына белсене кіріккен барлық осы заманғы бақуатты мемлекеттер “парасатты экономикаға” сүйенген» деп атап өткен.

1991 жылы алынған егенмендік Қазақстан Республикасының алдына маңызды міндет - әлемдік қауымдастыққа ену, ал отандық білім беру жүйесінің алдына халықаралық білім беру кеңістігімен үйлесу міндетін қойды. Осыған байланысты білім беру саласындағы мемлекеттік саясат заңнамалық базаны, басқару жүйесін реформалау және қойылған міндет контекстінде білім беруді қаржыландыру бағытында жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта әлемдік қауымдастық Қазақстанды нарықтық экономикасы бар ел ретінде таныды. Тәуелсіздік алған қысқа тарихи кезең ішінде Қазақстан жаңа ілгерішіл технологияларды пайдаланып, әлемдік өркениетке кірігіп, экономикада серпін жасады. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму перспективалары анықталды.

Бұл контекстінде қоғам өмірінің жаңа сапасының негіздерін құрайтын және еліміздің маңызды факторлары, экономикалық күшінің және ұлттық қауіпсіздігінің базасы болып табылатын, қазіргі заманғы білім беру жүйесінің, адамзат капиталының ролі мен мәні артады.

Жаңа жүзжылдықтың басында еліміздің экономикалық жағдайының жақсаруы жалпы алғанда білім беру жүйесіне позитивті әсер етті. Жаңа мектептердің құрылысы жаңғыртылды. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаржы бөліне бастады. Алайда білім беру жүйесі жағдайын түпкілікті өзгерту үшін бұл жеткіліксіз.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білімге кепілдік береді.

Қазақстандықтардың білімге тең қатынасы құқықтық базаға және ұлттық білім моделіне байланысты болады. Бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін құру – біздің алдымызға қойылған жаһандық міндет, өйткені біз мықты, гүлденуші

Қазақстанды құрып жатырмыз ғой. 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы осыны көздейді.

Онда қандай жаңалықтар бар, еліміздің ілгерішіл дамуына қандай өзгеріс енгізеді? Ең алдымен, оның құрылымының өзі бүтіндей жаңа білім беру ортасын құрудың тұжырымдамалық идеясымен алдын ала анықталған. Жеке бөлімге білім беру қызметінің субъектілері, білім алушылардың, ата-аналарының және олардың басқа заңды өкілдерінің құзыреттері, құқықтары, міндеттері және олардың жауапкершіліктері ерекшеленген. Маңызды жаңалық педагогикалық қызметкердің мәртебесін анықтау болып табылады. Бұрынғы заңда мұндай ұғым болмағаны белгілі. Мұнда білімді басқарудың мазмұны кеңінен ашылған, онда мемлекеттік билік субъектілерінің құзыреттері жазылған. Қазақстан Республикасы Президентінің құзыреттері алғаш рет жеке бапқа айырып көрсетілген. Бұл Елбасының білім беру жүйесіне басты назар аударуымен қамтамасыз етілген. Сонымен қоса, білім беруді дамытуға қатысты көптеген шаралар Президенттің бастамасымен қабылданады. Демократиялық қоғамның құрылысы тікелей әкімшіліктендіруді жүзеге асыруға қарағанда, реттеудің әрекеттегі құралдарын кеңінен таңдауды жорамалдайды. Осыған байланысты нақты әсер ету рычагтары мұқият талданған және «Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу» жеке бөліміне бөлінген. Білім беру сапасын жоғарылатудың көбінесе қаржы салымдарының көлеміне, нормативтік мақсаттарды оңтайландыруға байланысты екендігі белгілі, бұл білім беру қызметін қаржылық қамтамасыз етуге арналған бөлімде көрініс тапқан. Заңның білім беру саласының барлық субъектілерінің, ең алдымен білім алушылардың өздерінің мүдделерін қанағаттандыруды көздейтінін ерекше атап кету керек. Ал олар республикада төрт миллион 473 мың адам. Сонымен қоса, білім беру жүйесінде 432 мыңға жуық қызметкер еңбек етеді. Сондықтан ҚР Заңы білім беру қызметіне жұмылдырылған әрбір адамның мүдделерін есепке алады.

Заңда жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға басты көңіл бөлінгенін атап кету қажет. Жеке тұлғалық потенциал ХХІ ғасырдағы қоғамның игілігін және үйлесімді дамуын анықтайтын басты фактор болып табылады. Кеңінен белгілі осы түсінік әлемнің аса дамыған елдерінің тәжірибесімен сенімді расталады. Қоғамның жеке тұлғалық потенциалы адамдардың білімін, ептілігін, дағдыларын, шығармашылық, коммуникативті және басқа қабілеттерін құрайтын жүйені білдіреді.

Техникалық және кәсіптік білім берудің құрылымы және мазмұны күрделі өзгерістерге ұшырады. Техникалық және қызмет көрсететін еңбектің білікті кадрларын даярлау 10-шы сыныптың базасында да, жалпы орта білім базасында да кәсіптік лицейлерде, училищелерде, колледждер мен жоғары техникалық мектептерде жүзеге асырылатын болады. Олардың басты міндеті - өзінің білім беру деңгейін үздіксіз жоғарылатуға қабілетті, жан-жақты және икемді дағдылары бар мамандарды даярлау. ҚР Заңы техникалық және қызмет көрсететін еңбектің көпшілік мамандықтары бойынша ғана емес, сонымен бірге сирек мамандықтар бойынша да аса қолайлы құқықтық өріс жасайды. Жоғарыда айтылғандай, білім берудің жаңа деңгейі енгізілген – орта білімнен кейінгі. Мұнда оқу бағдарламалары гуманитарлық мамандықтар бойынша

қызмет көрсететін және басқаратын еңбектің кіші мамандарын даярлауға бағытталған. Осы бағдарламаларды меңгеру мерзімі бір-екі жылды құрайды. Оқытудың жинақтаушы кредиттік жүйесіне негізделген, жоғары және ЖОО кейінгі білім беру кадрларын даярлаудың үш сатылы моделі заңды бекітіледі (бакалавр – магистр – PhD докторы). Бұл Болон декларациясының ережелеріне және халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

«Білім беру туралы» ҚР заңын қабылдау 41 заңнамалық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге әкелді. Мысалы, педагогикалық этиканың міндеттері мен нормаларын бұзғаны үшін қызметкер жауапқа тартылуы мүмкін. Осы жауапкершілік шаралары «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне енгізілген, ол атап айтқанда педагогикалық этика нормаларын бұзғаны үшін; ата-аналардың білім беру саласындағы заңнамамен көзделген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін; басшының білім беру саласындағы міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін, оның салдарынан білім алушылар мен қызметкерлердің денсаулығына сәл зиян келтірілген; лицензиялық талаптарды және мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының талаптарын бұзғаны үшін, 5-тен 50-ге дейінгі айлық есептік көрсеткішті құрайтын айыппұлдарды көздейтін, 20-1 жаңа тараумен толықтырылған.

«Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, мүгедектерінің және оларға теңестірілген тұлғалардың жеңілдіктері және оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер бойынша оларға теңестірілген тұлғалардың жоғары және орта кәсіптік оқу орындарына конкурстан тыс түсу көзделген, сондай-ақ соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер бойынша оларға теңестірілген тұлғалар үшін республиканың ЖОО және колледждеріне қабылдау квотасын көздейтін толықтыру енгізілген. «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына тестілердің мазмұны және ұлттық бірыңғай тестілеу сұрақтарына дұрыс жауаптар кодтары туралы мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызуға қатысты толықтырулар енгізілген. Бұл білім беру саласындағы қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді жариялағаны үшін кінәлы тұлғаларды жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, заңды іске асыру жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келетін білім беру жүйесін құруға мүмкіндік береді, осының арқасында Қазақстан әлемдік қауымдастықта лайықты орын алады.

Өз кезегінде, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беруге әсер етеді, одан ұтқырлықты және жаңа тарихи кезеңнің мақсаттарына барабар жауапты талап етеді және жалпы алғанда экономиканың даму қажеттіліктеріне сәйкес келуі тиіс.

Кеңінен талқылаған соң ҚР-дағы білімді дамытудың 2011-2020 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, ол сондай-ақ ғылымның бірқатар мәселелерін және ғылыми кадрларды даярлауды қозғайды. Бағдарламада қазақстандық білім беру жүйесін құрылымы, мазмұны, басқаруы



және қаржыландыруы бойынша дамыған елдер деңгейіне шығару міндеті қойылған.

«Білім беру туралы» ҚР Заңынан және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасынан кейін, отандық ғылымның дамуы және оның нәтижелерін іске асыру үшін үлкен мүмкіндіктер ашатын «Ғылым туралы» заң қабылданды.

Қазіргі уақытта Қазақстан өзінің индустрия-инновациялық дамуының белсенді фазасына кірді. Ол ғылым сферасын қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға бейімдеумен сипатталады, бұл сәйкес нормативтік-құқықтық базамен реттелетін ғылымды дамытуды ұйымдастырушылық, кадрлық, инфрақұрылымдық және қаржылық қамтамасыз етуде түпкілікті өзгерістерге әкелуі тиіс.

Ұлттық және әлемдік экономикада болатын шоғырландыру процестері ЖОО бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде білім беру сапасының басым роліне әкеледі. Сондықтан Қазақстанға тек жоғары білікті мамандар ғана емес, сонымен бірге қуатты зерттеу, білім беру және ғылыми-өндірістік кешендер болып табылатын элиталы университеттер талап етіледі.

Қазақстан ғылымын дамытудың негізгі бағыттары анықталған. Бұл технологияларды дамытуға бағытталған инвестицияларды қолдау; ғылымды қолдау үшін жеке секторды көтермелеу; ғылыми сфера үшін қажетті қызметтерді қолдау; білім беруде ғылым мен технологияларды қолдау; маңызды зерттеулер сапасын жоғарылату.

Қазақстан меншік түрі және ведомстволық бағыныштылығы әр түрлі ғылыми ұйымдармен берілген, елеулі ғылыми-техникалық әлеуетті иеленетінін атап кету керек. Ғылымды құрылымдық реформалау шеңберінде озық ЖОО бар бірқатар академиялық ғылыми мекемелерді біріктіру көзделді. Еліміздің Президенті инновациялық-білім беру консорциумдарын құруда тікелей қолдау көрсетуге тапсырма берді. Жетекші университеттер базасында ғылыми және қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін жоғары технологиялар шоғырланатын болады. Аталған университеттерге инновациялық университеттер мәртебесі берілетін болады.

Министрлік отандық ғылыми әлеуеттің және ғылым дамуының басым бағыттарын ғылыми-техникалық сараптауды жүзеге асырды. Ғылым аудиті көрсеткендей, физика, қолданбалы физика және математика, органикалық химия, жер туралы ғылымдар, физикалық химия жоғары жариялау белсенділігінің бар болуымен және дәйексөз келтірудің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Өсімдіктер туралы ғылымдар, ғарыштық ғылымдар, молекулалық биология және генетика ғылыми жұмыстар сапасының жоғары деңгейімен ерекшеленеді.

Білім және ғылым министр Бақытжан Жұмағұлов сөйлеген сөзінде айтып кеткендей, заңда ғылымды басқару жүйесінің түптеп келгенде жаңа моделі ұсынылған. Ғылымды басқару жүйесінде стратегиялық, әкімшілік және сараптық функцияларды белгілеу көзделеді. Ол үшін жоғары ғылыми-техникалық комиссияның функциялары кеңейтіледі, қазақстандық және

шетелдік ғалымдар қатарынан құрылатын және жобалар мен бағдарламаларды орындау туралы түпкілікті шешім қабылдайтын ұлттық ғылыми кеңестерге ерекше орын бөлінеді.

Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығы құрылады, ол жобалар мен бағдарламаларды тәуелсіз кәсіптік бағалауды қамтамасыз ететін болады. Білім және ғылым министрлігінің бағалауы бойынша ғылымды басқарудың жаңа жүйесі өту рәсімін және ғылыми жобаларды, бағдарламаларды қарастыруды ықшамдайды. Шешімді ғылыми қауымдастықтың өзі қабылдайды, бұл оның шынайылығын арттыруға және зерттеу сапасы мен маңыздылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ заңмен зерттеулерді қаржыландырудың жаңа жүйесі енгізіледі. Құжатпен мемлекеттік ғылыми ұйымдарды ұстауды қаржыландыру көздері белгіленеді. Енгізілетін нормалармен кірістеріне салық салынбайтын ғылыми қызметті жүзеге асыратын тұлғалар шеңбері кеңейтіледі, сыйақыландырудың жеңілдік мөлшерлемесі бойынша ұзақ мерзімді бюджеттік несиелер есебінен тұрғын үй заемдарын беру мүмкіндігі тіркеледі.

Сонымен қоса, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң нормаларын қолданбай мемлекеттік бюджет есебінен гранттық, бағдарлама-мақсаттық қаржыландыру қаржыларынан жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша жұмыстарды, қызметтерді иелену мүмкіндігі беріледі.

Ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

1) ұлттық мүдделерге және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді мақсаттарына сәйкес ғылыми және ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттарын таңдау және ынталандыру және оларды іске асыру үшін ресурстарды жұмылдыру;

2) ғылым және техника бойынша мемлекеттік тапсырыстарды құру және орналастыру;

3) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті, кәсіпкерлікті және ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы рыноктық инфрақұрылымның басқа түрлерін дамыту үшін қажетті экономикалық жағдайлар жасау;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық басымдылықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін деңгейде мемлекеттік бюджеттен ғылыми зерттеулерді қаржыландыру және ғылыми әзірлемелерді басқа көздерден қаржыландыруға жәрдемдесу;

5) ғылымды, ғылыми-техникалық әзірлемелерді, өндірісті және білімді шоғырландыру;

6) ғылым мен ғылыми-техникалық қызметтің аса басым бағыттары бойынша жоғары білікті кадрларды даярлау;

7) ғылымды ұйымдастыру мен басқарудың демократиялық түрлерін дамыту, соның ішінде ғылыми-техникалық саясатты құру мен іске асыруда мемлекеттік органдардың, ғылыми ұйымдардың және ғылыми жұртшылықтың өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету;

8) экологиялық қауіпсіздік талаптарын есепке алу;

9) халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту;

10) ғылыми-техникалық ақпараттың таралу еркіндігі және ғылыми-техникалық жетістіктерді насихаттау.

Сонымен, ғылымды реттеудегі өзгерістер ең ауқымды және жүйе құрушы сипатта болады.

Ұлттық ғылыми кеңестер құрылған – олар ғылыми жобаларды іске асыру бойынша түпкілікті шешімдер қабылдайтын болады. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамасының ұлттық орталығы құрылады. Шешімдерді шығару мен қабылдаудың барлық деңгейлерінде біздің ғалымдарымыз және шетелдік жетекші ғалымдар көрінеді. Ғылымды қаржыландыру аспекті өте маңызды. Ол артып келеді және әрі қарай артатын болады. Сондай-ақ Заңмен қаржыландырудың үш түрі көзделген – базалық, гранттық және бағдарлама-мақсаттық.

Бұл білім берудің жаңа сапасына өту, ғылым мен инновациялар дамуындағы серпін. Өте маңызды сәт Зерттеу университеттері категориясын енгізу болып табылады. Олар Үкіметпен бекітілген және жоғары деңгейлі ғылыми зерттеулерді және олардың нәтижелерін практикаға шығаруды қолдайтын арнайы мақсатты бағдарламалар бойынша дамитын болады. Мұндай университеттер үшін міндетті талаптардың бірі ғылымды өзінде дамыту ғана емес, сонымен бірге ғылыми ұйымдармен – ҒЗИ және Орталықтармен тиімді өзара әрекеттесу және зерттеулерді коммерцияландыру болады.

Өзара әрекеттесудің өсуінің тағы бір нүктесі – ашық типті ұлттық зертханалар және инженерлік бейінді зертханалар. Енді оларға жаңа деңгейде қолдау көрсетіледі – базалық қаржыландыру алады.

Олардың базасында осындай зертханалар жұмыс істейтін ЖОО басшыларының міндеті – олардың жұмысын жаңа мазмұнмен толықтыру, магистранттар мен докторанттарды даярлауда, ғылыми зерттеулер жүргізуде тиімді пайдалану.

«Ғылым туралы» ҚР Заңына сәйкес ғылыми кадрлардың жаңа жүйесі енгізіледі.

PhD докторларының деңгейінде алғашқы даярлық ЖОО-да жүргізілетін болады, бірақ бұл ғылыми ұйымдардың – ҒЗИ және Орталықтардың қатысуын тіпті жоққа шығармайды.

Олар докторанттардың ғылыми басшылығы үшін үздік ғалымдарды бөлуі, диссертациялық зерттеулер жүргізу үшін базаны беретін болады.

Сонымен қоса, әрі қарай, ЖОО-ға PhD даярлауға лицензия беру үшін, ҒЗИ-мен міндетті шарттар жасасуды талап ететін боламыз.

Білім және ғылым жүйесіндегі реформалар Қазақстанды әлемдегі озық шептерге шығаруға, қазақстандық ұлттың болашағын, әрбір азаматқа лайықты өмірді қамтамасыз етуге арналған.

Қазақстан жаңа амалдарсыз, ойлау жүйесін қайта құрмай, жаңа адамды және сала мамандарын тәрбиелемей, бәсекелесуші, сонымен бірге нарықтық экономикасы бар елдерден оза алмайды. Басты түрде жастарды тіпті ең беделді университеттердің дипломдарын алуға емес, Қазақстанның нақты проблема-

ларын шешуге ұмтылдыру керек. Өмірлік университеттерді ештеңе де ауыстыра алмайды. Қайта құрудың негізі «Білім туралы» ҚР заңы болуы тиіс.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жана әлемдегі жана Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2007 жылғы 28 ақпан.

2. «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Астана, Ақорда, 2011 жылғы 18 ақпан. № 407-IV ҚРЗ.

3. 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

4. 2010 жылғы 7 желтоқсандағы ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жж. арналған бағдарламасы.

5. «Ақпараттық қоғам-2030» Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту саясаты. Алматы, 2010 жыл.



## Зияткерлі меншік және оны қорғау

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының аға оқытушысы  
К.В. Ушакова*

Әрбір мемлекет пен қоғамның өміріндегі материалдық өндірістен басқа рухани өмір маңызды орын алады. Әрбір адам жасына, психикалық жағдайына, азаматтығына, сол немесе басқа шамадағы сипаттамаларына қарамастан ғылым мен мәдениетті жасауға және жаңалықтар ашуға қабілетті. Алайда адамдар бұл қабілетті әр түрлі көлемде пайдаланады. Қазіргі кезде Қазақстан индустриялы-инновациялық даму стратегиясын қабылдай отырып, ғылыми сыйымдылықты жобаларды белсенді іздеу мен енгізу процесінен сырт қалған жоқ. Бұл ретте Халыққа Жолдауда Қазақстанның әлемнің барынша бәсекеге қабілетті 50 ел қатарына ену Стратегиясы баяндалады, Н.Ә. Назарбаев, әсіресе Қазақстанда сауда маркасы және интеллектуалды меншіктің қорғалған құқықтары бар тауарлар өндірісі үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру қажеттілігін атап көрсетті. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт ішінде 38 мың күзет құжаттары берілген, оның ішінде өнертабысы бойынша тек – 20 мыңға жуық патенттер және алдын-ала патенттер алды.

Қазақстан өнертабыстық белсенділігінің деңгейі бойынша Ресей мен Украинадан кейін үшінші орында тұр. Экономиканың әр түрлі секторларына интеллектуалды меншік объектілерін енгізу бойынша дамыту институттардың қатысуымен жобалар түрінде белсенді жүзеге асырылып жатыр.

«Интеллектуалды меншік» деген терминнің өзі республика заңнамалары үшін жаңалық болып табылады, себебі КСРО кезінде шығармашылық қызметтің нәтижесін пайдалану құқығы жалпылама түрде болды, тек тұтастай мемлекетке және әр түрлі ұйымдарға ғана тиесілі болды.

«Интеллектуалды меншік» термині кең мағынада интеллектуалды қызмет нәтижесін немесе даралау, жекелеу құралдарының нәтижесін заңмен бекітілген уақытша айрықша құқық дегенді білдіреді. Интеллектуалды меншік құқығын анықтайтын заңнаманы монополия өзінің интеллектуалды, шығармашылық қызметінің нәтижелерін белгілі бір нысанда пайдалана алатын авторларға бекітеді, осылайша басқа тұлғалар тек бірінші автордың рұқсатымен ғана пайдалана алады.

Дүние жүзінде интеллектуалды меншікті дамыту және қорғаумен 1967 жылы негізі қаланған Дүние жүзілік интеллектуалды меншік ұйымы (ДИМҰ) айналысады, ол шығармашылық және интеллектуалды меншік мәселелері бойынша БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі болып табылады. ДИМҰ жаңа халықаралық келісімдерге қол қоюға және ұлттық заңнамаларды жаңартуға

көмек көрсетеді, елдер арасындағы әкімшілік ынтымақтастықты дамытады, дамушы елдерге техникалық көмек ұсынады, ол көмек өнеркәсіптік өнертабыстары, белгілері мен үлгілерін халықаралық түрде қорғауды жеңілдетеді. ДИМҰ жанында арбитраж бен делдалдық жөніндегі орталық жұмыс істейді. 1999 жылдан бастап ДИМҰ Интернеттегі домендердің (.com, .net, .org) барынша типтік таралған атауларын тіркеу мен пайдалану кезінде пайда болатын дау-дамайларды реттеу бойынша көрсетілетін қызметтер ұсынып келеді. ДИМҰ интеллектуалды меншіктің негізгі аспектілерін қамтитын 21 келісімді басқаруды жүзеге асырады. Басты келісімдер өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясы (1883), әдебиет және көркем әдебиет туындыларын қорғау туралы Берн конвенциясы (1886), туындылардың шығу орындарының атауларын қорғау және оларды халықаралық тіркеу туралы Лиссабон келісімі (1958), өнеркәсіптік үлгілерді халықаралық сақтау туралы Гаага келісімі (1934) болып табылады.

Интеллектуалды меншіктің келесі түрлері атап көрсетіледі: авторлық және аралас құқық, тауар белгілері, өнеркәсіптік үлгілер, патенттер. Сондай-ақ «интеллектуалды меншікті» коммерциялық құпия және әділетсіз бәсекелестік туралы заңдарға жиі қосады, ол заңдар өздерінің құрылымы бойынша айрықша құқықтар ұсынбайды.

Ғылым, әдебиет, өнер туындыларын жасауға және пайдалануға байланысты туындаған қатынастар авторлық құқықпен реттеледі. Авторлық құқық негізінде қандай да бір объективті пішінде қолданылатын шығармашылық қызметтің түпкілікті нәтижесін білдіретін «туындылар» ұғымын білдіреді. Атап айтқанда, көрсетудің осы объективті түрі авторлық құқықты қорғау құралы болып табылады. Авторлық құқық идеяларға, әдістерге, процестерге, жүйелерге, тәсілдерге, тұжырымдамаларға, принциптерге, жаңалықтарға, фактілерге қолданылмайды.

«Аралас құқық» деген XX ғасырдың екінші жартысынан бастап XXI ғасырдың басына дейін жасалған айрықша құқықтар тобы дегенді білдіреді, яғни авторлық құқық үлгілері бойынша шығармашылығы жеткіліксіз болып табылатын қызметтің түрлеріне арналған, олардың нәтижесіне авторлық құқықты тағайындау қажет. Аралас құқықтың мазмұны әр түрлі елдерде маңызды түрде ерекшеленеді. Барынша кеңінен таралған үлгілерге орындаушы музыканттардың, фонограмма дайындаушылардың, эфирден хабар тарату ұйымдарының айрықша құқықтары болып табылады.

Тауар белгісі — бұл заңды тұлғалар немесе жеке кәсіпкерлердің тауарларын даралап жекелеп көрсетуге қызмет ететін белгі (сөзбен, бейнеленген, аралас немесе басқалай). Заң жүзінде тауар белгісін куәландыратын куәлігі бар тауар белгісіне деген айрықша құқық танылады. Тауар белгісін иелену құқығы бар адам оны пайдалана алады, басқа тұлғалардың иелік етуіне және оны пайдалануына тыйым салады.

Өнеркәсіптік үлгі ретінде өнеркәсіптік немесе қолөнер өндірісінің оның сыртқы түрін анықтайтын бұйымдардың жаңа және түпнұсқалы көркемдік-конструкторлық шешімі қорғалуы мүмкін. Өнеркәсіптік үлгілерге деген құқық

авторлық және патенттік құқықтар арасындағы аралық нысан болып табылады. Оларды әр түрлі елдерде қорғау түрі айрықша ерекшеленуі мүмкін.

Патент— авторлық және өнертабысының басымдылығын, пайдалы модель немесе өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқықты куәландыратын қорғау құжаты. Патенттің әрекет ету мерзімі патенттеу объектісіне байланысты және 10 мен 25 жыл аралығын құрайды. Патент интеллектуалды меншік бойынша атқарушы биліктің мемлекеттік органдары арқылы беріледі. Патенттік заң мағынасында өнертабыс дегенді, өнімдерге (жеке алғанда құрылғы мен затқа) немесе тәсілге (материалдық қаржы көмегімен материалдық объектіге іс-әрекет жүргізу процестеріне) жататын кез келген саладағы техникалық шешім ретінде түсінеміз.

Интеллектуалды меншік құқығы басқа меншік құқықтары сияқты авторға немесе патент иесіне тауар белгісінен өз туындыларынан немесе шығармашалық үлесінен пайда табуға мүмкіндік береді. Бұл құқық адам құқығын қорғау жөніндегі Дүниежүзілік декларацияның 27-бабында баяндалған, ол авторлықтан кез келген ғылыми туындыларға шығатын моральдық және экономикалық мүдделерді қорғау артықшылықтарын пайдалану құқығын белгілейді.

Интеллектуалды меншік мағынасының маңыздылығы және оны қорғау алғашқы рет 1883 жылы өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясы, 1886 жылы әдебиет және көркем әдебиет туындыларын қорғау туралы Берн конвенциясында танылған.

Шығармашылық қызмет өнімдері басқа тауарларға қарағанда, егер олар мемлекет тарапынан арнайы құқықтық қорғаумен қамтамасыз етілмейтін болса, онда иелеріне қандай да бір кепілдік беретін пайда әкелетіндей жағдайда болмайды. Содан кейін олар қоғамға қалай белгілі болады, бір немесе бірнеше тұлғаларды иелену объектілері бола алмайды. Қажетті экономикалық ресурсы бар әрбір қоғам мүшесі арнайы құқықтық қорғау болмаған кезде оларды пайда табу үшін пайдалануы мүмкін, сондықтан мұндай жағдайлардың алдын алу үшін шығармашылық қызмет өнімдеріне деген айрықша құқық институты қызмет етеді. Айрықша құқық – бұл қандай да бір материалдық түрде білдірілген материалдық емес игілікке деген абсолютті құқық.

Шығармашылық қызмет нәтижесі мемлекеттік шекарамен шек қойылмайтын жағдайларды да атап өту қажет: интеллектуалды меншіктің қазақстандық объектілерінің үлкен мөлшері шетелде де пайдаланылады, сол сияқты Қазақстанда да шетелдік объектілер де белсенді түрде пайдаланылады. Мұндай құбылыстың келеңсіз зардабы заңсыз қолданудың кең таралуына апарады, яғни интеллектуалды қызмет объектілерінің қорғалатын құқығын біркелкі емес пайдалануға ұшыратады (ең бірінші кезекте компьютерлік программалар және аудиовизуалды шығармалар).

Қазіргі кезде интеллектуалды қызметтің барлық жаңа салалары пайда болуда, нәтижесінде оларды құқықтық қорғауды талап етеді. Көбінесе, цифрлық технологиялар авторлық құқықты қорғауға тап келген туындыларды, мультимедиа пішімдеріндегі магниттік тасығыштарда сақтауға және пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы 1993 жылдан бастап Дүние жүзілік интеллектуалды меншік ұйымы (ДИМҰ) мүше болып табылады және сонымен қатар авторлық және аралас құқықтарды регламенттейтін көптеген халықаралық конвенциялар, келісімдер мен келісім шарттарға қатысушы болып табылады. Қазақстан Париж Конвенциясына, Мадрид Келісіміне, Патенттік ынтымақтастық туралы Келісім шартқа қатысушы болып табылады және басқа да маңызды құжаттарға қол қойды. Қазақстанда интеллектуалды меншік объектілерінің құқығын «Авторлық құқық және аралас құқықтар туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасының Патенттік Заңымен, «Тауар белгісі, қызмет ету белгілері және тауарлардың шыққан жерлерінің атаулары туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қол қою туралы» Заңдарымен қорғау жүйесі қарастырылған, Әкімшілік, Азаматтық және Қылмыстық кодекстерде интеллектуалды меншік объектілеріне деген құқықтың бұзылғаны үшін әкімшілік, азаматтық және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Авторлық құқығы қорғалған тұлғалар және олардың мұрагерлері мен мирасқорлары «құқық иелерінде» ҚР «Авторлық құқық және аралас құқық туралы» Заңына сәйкес белгілі бір құқықтары болады. Олар келісілген мерзім бойынша басқаларға туындыларын пайдалануға немесе беруге айрықша құқығы болады. Құқық иелері мыналарға тыйым салуы немесе рұқсат ете алуы мүмкін:

- туындыларды қайта жаңғыртуға (қайта жаңғырту құқығы);
- кез келген тәсілмен туындылар түпнұсқаларын немесе даналарын таратуға: сатуға, айырбастауға, жалға беруге (жалға), басқа операциялар жасауға (тарату құқығына);
- тарату мақсатында туындылар даналарын, автордың рұқсат етуімен немесе басқа авторлық құқық иелерінің рұқсат етуімен дайындалған даналарды импорттауға (импорттау құқығы);
- туындыларды жариялап көрсетуге (жариялап көрсету құқығы);
- туындыларды жариялап орындауға (жариялап орындау құқығы);
- туындыларды жариялап хабарлауға (барлық мәліметтер үшін туындыларды хабарлауға), соның ішінде эфирден немесе кабель бойынша таратуға (жариялы хабарлауға);
- туындыларды эфирден хабарлауға, жалпы мәліметтер үшін эфирде бірінші және (немесе) соңғы хабарлау (эфирде хабарлау құқығы);
- туындыларды кабель бойынша хабарлауға, жалпы мәліметтер үшін кабель бойынша бірінші және (немесе) соңғы хабарлау (кабель бойынша хабарлау құқығы);
- туындыларды аудару (аудару құқығы);
- туындыларды қайта жасауға, өңдеуге немесе басқа түрде қайта жасауға (қайта өңдеу құқығы).

Жазу және қайтадан өндіру сияқты құқықтар аралас құқықтармен қорғалады.

Авторлық және аралас құқықтар туралы заңдармен қорғалатын жұмыстың көптеген түрлері оларды табысты тарату үшін қаржылық инвестиция және жаппай таратуды талап етеді (мысалы, жарияланымдар, дыбыс жазбалары,



фильмдер); сондықтан, авторлар туындыларының құқығын, көбінесе компанияларға береді, онда сыйақының орнына туындыларды дамыту мен сатуға қабілетті.

Авторлық құқықтың әрекет ету мерзімі оның берілген күнінен басталады, автордың бүкіл өміріне және қайтыс болғаннан кейін 50 жыл мерзімге дейін созылады. Бұл қорғау мерзімі авторларға, мұрагерлерге бірқатар уақыт аралығында материалдық пайда табуға мүмкіндік береді. Аралас құқықтың әрекет ету мерзімі авторлар оны орындаған немесе қойған кезден бастап 70 жыл неғұрлым қысқа уақытқа созылады. Авторлық құқық - орындаушыларды қорғау, сондай-ақ сол жұмысқа авторлығын мойындауды талап ету құқығын, кез келген өзгерістерге, жұмыстың бұрмалануына қарсы әрекет ету құқығын енгізеді.

Қазақстан Республикасында интеллектуалды меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және сақтандыру бойынша белгілі бір шаралар қабылданады. Интеллектуалды меншікке еліміздің көзқарасы мен қатынасы басқа елдермен тиімді сауда жүргізуге және көлеміне әсер етеді. Осыған байланысты құқықтық реттеу және интеллектуалды шығармашылық құқықтарын қорғау ерекше маңызға ие болды. Интеллектуалды меншікті қорғауды жүзеге асырмайтын елдерде тозған техника мен технологияны сатып алу ықтималдығы артады. Қаржылық инвестиция, атап айтқанда ұсыну көлемі мен шарттары интеллектуалды меншікті құқықтық қорғаумен байланысты.

Халықаралық қауымдастықта серіктестік өзара қатынастар шарттарының бірі ретінде саудада әр түрлі преференциялар мен жеңілдіктер ұсыну, сол немесе басқа елдің экономикасына инвестициялар салу да интеллектуалды меншік құқығын қорғау болып саналады.

Қазақстан Республикасының заңдарын сақтау нормалары Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кедергісіз еруге мүмкіндік береді, ол мүмкіндік Қазақстанға әлемдік рынокқа еруге және өзара пайдалы сауданы дамытуға мүмкіндік туғызады. Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше болуға ұмтылу инвесторлардың қызығушығын арттырады, сондай-ақ әр түрлі кемсітушіліктер мүмкіндігін жоққа шығарады.

Интеллектуалды шығармашылық қызмет өндірістік қызметпен қатар материалдық салада әрбір қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады, сондай-ақ азаматтық заңнамалар институты болып табылады. Осыған сәйкес, интеллектуалды меншік құқығының объектілеріне интеллектуалды шығармашылық қызмет нәтижелері жатады, сондай-ақ азаматтық айналым, сауда, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтерге қатысушыларды даралау құралдары жатады. Аталған объектілерге деген құқық оларды жасау фактісінің күшінде пайда болады немесе Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылған тәртіпте және жағдайда уәкілетті органдардың құқықтық қорғауды ұсынған жағдайда туындайды.

Азаматтық, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершіліктің жалғыз негіздемесі құқық бұзушылықтар болып табылады, яғни заң нормаларының орындалмауы және сақталмауы болып табыады. Қазақстан Республикасының заңдарымен шараларды қолдану тәсілдері мен механизмдері белгіленген.

Осыған байланысты қоғамның ғылыми және интеллектуалды потенциалы дұрыс қойылған, жүргізілген әлеуметтік, экономикалық іс-шаралармен қатар қоғамның алдыға қойған міндеттеріне жетуді қамтамасыз етеді.

Құқық бұзушылықтан тауар белгісін немесе патентін қорғау үшін интеллектуалды меншіктің осындай объектісіне иесінің құқығын қамтамасыз ету үшін, Қазақстанда оны сәйкес тіркеу қажет. Интеллектуалды меншік объектісіне құқықты тіркеудің болмауы осындай құқықтардың бұзылуына апарып соқтыруы мүмкін.

Шетел азаматтары немесе компаниялар интеллектуалды меншік объектілерін тек тіркелген патенттік тексерістер арқылы тіркей алады. Иесінің келісімі лицензиялық келісіммен немесе беру туралы келісіммен ресімделеді. Лицензиялық келісімдерге сәйкес интеллектуалды шығармашылық қызметінің нәтижесіне немесе жекелендіру құралдарына (лицензиар) айрықша құқықты басқа тарапқа (лицензиатқа) ұсынады (интеллектуалды меншіктің тиісті объектілерін уақытша пайдалану құқығы).

Уәкілетті мемлекеттік билік органдары және интеллектуалды меншік объектілеріне деген құқық иелері Қазақстандағы интеллектуалды меншікке деген құқықты қорғау бойынша тиісті шараларды қабылдайды. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Интеллектуалды меншікке құқық жөніндегі комитет (ИМК) уәкілетті мемлекеттік органы болып табылады, интеллектуалды меншік мәселелерімен айналысады. ИМ жөніндегі комитет интеллектуалды меншік объектілеріне деген құқықты тіркеу және авторлық құқықты, өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді және интеллектуалды меншік объектілерін қорғаумен, сондай ақ авторлық құқыққа, патенттер, тауар белгісіне куәліктер беру және жалпы мойындалған тауар белгілерін мойындаумен байланысты мемлекеттік саясатты орындау үшін жауап береді.

Ұлттық интеллектуалды меншік институты (ҰИМИ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 756 11.07.2002 ж. және № 886 29.08.2003 ж. Қаулысына сәйкес интеллектуалды меншік объектілерін пайдалану және құқықтық қорғау саласында мемлекеттік билік органдары үшін сараптама, ғылыми зерттеулер және басқа жұмыстарды ұйымдастыру мен көмектесу мақсатында құрылған. ҰИМИ өнертабыстарына, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге деген патенттер беруге, тауар белгілерін тіркеуге деген өтінімдерді қабылдайды, тауар белгілерінің сараптамасын жүргізеді, интеллектуалды меншік объектілеріне мемлекеттік тіркеуді жүргізеді және ресми жарияланымдарды ұйымдастырады.

Интеллектуалды меншік объектілеріне деген құқықты қорғау кеден органдарымен қамтамасыз етіледі, олар интеллектуалды меншік объектілерін қамтитын тауарлар тізімін жүргізеді. Тауарлар мұндай тізімге интеллектуалды меншік объектісіне деген құқығы бар иелері өтініш бергеннен кейін енгізіледі. Қазақстан Республикасының Кеден Кодексінің 10-тарауына сәйкес интеллектуалды меншік объектілерін қамтитын тауарлар Тізімі және бар мәліметтер негізінде кеден органдары Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтетін тауарларды кедендік бақылау және кедендік

рәсімдеуді тікелей жүзеге асыратын кедендік органдар интеллектуалды меншік объектілеріне деген құқықты қорғау бойынша барлық шараларды қабылдауға міндетті.

Соңғы жылдары интеллектуалды меншік объектілеріне деген құқықты қорғау мәселелері бойынша халықаралық ұйымдар тарапынан да, Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан да ерекше назар аударылуда. Бұл кездейсоқ емес. Осы маңызды саладағы құқықты қорғау бойынша еліміздегі өркениетті әлеуметтік экономикалық өзара қатынастарды қалыптастыруда біздің еліміздің өркендеуінің ерекше көрінісі болып табылады. Бір жағынан, интеллектуалды меншік объектілеріне деген құқықты қамтамасыз ету халықаралық келісім шарттармен және келісімдермен байланысты, соған сәйкес Қазақстан Республикасында осы саладағы белгілі бір міндеттемелер қабылданды.

Жоғарыда аталған келісім шарттар мен келісімдерді табысты орындау үшін интеллектуалды меншік объектілерін қамтитын тауарлардың заңды пайдаланылуын және құқық иелерінің заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуде бірыңғай саясатты өңдеу мақсатында барлық мемлекеттік органдардың үйлестірілген әрекеттері қажет.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Парижская конвенция по охране промышленной собственности от 20 марта 1883 года.
2. Закон Республики Казахстан «Об авторском праве и смежных правах» //Казахстанская правда. 1996. 10 июня.
3. «Патентный Закон Республики Казахстан» // Казахстанская правда. 1999. 16 июля.



## Еңбек заңдары және жас маман

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының меңгерушісі,  
филос.ғ.к., доцент  
С.Б.Балшыкеев*

Еңбек заңдарының ұғымы оның анықтамасына қарағанда, анағұрлым кең ұғым. Еңбек заңдарының ұғымын ашу үшін тек оның анықтамасын ғана емес, оның қызметін де, мәнін де, яғни халық шаруашылық және құқықтық рөлін ескеру керек.

Еңбек заңдарының көмегімен еңбекшілер ҚР Конституциясының 24-бабына сәйкес еңбек еркіндігінің өз принципін ғана емес, мамандықты, айналысатын ісін таңдау, сондай-ақ жұмыс орнын таңдау құқығын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында, ұйымдарда жұмыс істейтін барлық қызметкерлер еңбек еркіндігі принципін еңбек заңдары арқылы өз еркімен келісімге отыру жолымен жүзеге асырады. Еңбек заңдары қызметкерлердің таңдап алынған қызмет саласында адал еңбек етуде басқа еңбек құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырудың бір мезгілде заңды фактысы болып табылады. Еңбек заңдарын үш аспектіге бөлеміз: 1) қызметкер ретінде еңбек туралы келісім; 2) еңбек құқықтық қатынасының уақытпен пайда болу негізі және әрекет ету формасы болып табылатын және еңбек заңдарымен тығыз байланыстағы басқа құқықтық қатынастардың пайда болуы мен әрекет етуінің алғы шарты болып қызмет ететін заңды факт ретінде; 3) еңбек құқығы институты, яғни жұмысқа қабылдау, басқа жұмысқа ауыстыру және одан босату туралы құқықтық нормалар жүйесі.

Заң шығарушы ҚР ЕЗК 15-бабын нұсқай отырып, еңбек заңдарына (келісім-шартына) заңды анықтама береді, бұл еңбекшілер мен ұйымдар арасындағы келісім белгілі мамандық, кәсіп немесе лауазым бойынша, кәсіпорынның ішкі еңбек тәртібіне бағына отырып жұмыс атқаруға, ал екінші тарап еңбекшілерге, еңбек заңдары қарастыратын және тараптардың келісімімен жалақы төлеуге, әрі еңбек жағдайымен қамтамасыз етуге міндеттеледі.

Еңбек заңдары жас маманның құқықтық жағдайын, осы еңбек ұжымының жұмыскері ретінде, белгілі еңбек кооперациясына қатысушы ретінде анықтайды. Тек еңбек заңдарының шешімімен ғана жұмыскер осы ұйымның еңбек ұжымының мүшесі болады және ішкі еңбек тәртібіне, еңбек режиміне бағынады. Еңбек заңдары осы арқылы еңбекпен байланысты шектес азаматтық құқықтардан ерекшеленеді. Еңбек заңдарының ерекше өзіне тән белгілері мыналар:

1. Оның пәні берілген өндірістік ұжымның жалпы еңбек процесінде еңбек қызметін жеке басының атқаруы, яғни күнделікті еңбек қызметі, жас маманның осы еңбек ұжымында жалпы еңбек процесінде келісілген белгілі бір мамандық, кәсіп, лауазым бойынша физикалық және ойлау энергиясын байқату болып табылады. Осыған орай, еңбек заңының пәні - жұмыскердің өндірістің жалпы процесіндегі жанды еңбегі, оның жалпы және арнайы еңбек қабілетін уақытпен байқату.

2. Жұмыскердің еңбек қызметін атқару барысында ішкі еңбек тәртібі ережелеріне, бекітілген еңбек шамасын орындау арқылы бағынуы. Осы міндеттерді бұзғаны үшін оған тәртіптік жауапкершілік жүктеледі, бұл азаматтық-құқықтық заңдарда болмайды.

3. Ұйымның жұмыскер еңбегін ұйымдастыру, оған қалыпты еңбек жағдайын жасау, алдын ала бекітілген нормалар бойынша нақты еңбегі үшін оны жүйелі түрде марапаттау міндеті. Жеке мердігерлік, тапсырма, авторлық және өнертапқыштық т.б. заңдар бойынша еңбекшілер тәртіпке, берілген кәсіпорынның ішкі тәртібіне бағынбайды, ал жұмысты өзі ұйымдастырады, өз тәуекелі үшін орындайды, еңбек қорғауды өзі қамтамасыз етеді және оған тек еңбектің затталған соңғы нәтижесі немесе орындалған тапсырма төленеді.

Жас мамандар үшін арнайы шарттар қарастырылған. Қажетті шарттар - олар бойынша келісім болмаған жағдайда олардың еңбек келісім-шарттарына отыруы жүзеге асырылмайды, еңбек құқықтық қатынасы тумайды деп түсінген жөн. Қажетті шарттар – бұл олар жоқ болған жағдайда еңбек келісім-шарты болмайды және нақты еңбек құқығының қатынасы пайда болмайды. Оларға мыналар жатады: 1) жұмыс орны туралы; 2) еңбек қызметі туралы, оны жұмыскер орындайды, яғни мамандықтар, кәсіптер, лауазымдар кәсіптерді қоса атқару; ұйым жұмыскерінің, сондай-ақ сол ұйымдар қызметкерлерінің жалақы көлемі туралы, жалақы айлықтарында штаттық кесте бойынша айыр болады, яғни айлықты қарастырылған көлемнің минимумынан бастап, максимумға дейінгі шекте бекіту мүмкіндігі бар. Бюджеттік салалардағы жас маман үшін төлем тарифы туралы шарттар тараптармен келісілмейді, себебі ол тікелей заңмен бекітілген және тараптар келісімі бойынша өзгертуге жатпайды. Жұмыскер ол туралы – біртұтас 18 разрядты тарифтық кестеге сәйкес оның разряды бойынша қандай айлық бекітілгенінен тек ақпарат алады.

Бірақ көптеген қосымша ақылар мен үстеме ақыларды ұйымның – жұмыс берушінің өзі бекітетіндіктен, мұнда да жұмыскер жалақысының жалпы көлемі еңбек заңдарымен анықталады.

Еңбек қызметі тараптардың жұмыскер үшін мамандық, кәсіп, біліктілік немесе қызметкер үшін лауазым заңдарын бекіту жолымен анықталады, сол бойынша осы еңбекші жұмыс істейді.

Мамандық – бұл еңбек қызметінің түрі, ол еңбек қызметтерінің сипатымен және мақсатымен анықталады, мысалы, металлург, құрылысшы, тоқымашы, тағам даярлаушы, теміржолшы, дәрігер, оқытушы, заңгер және т.б.

Жас маман үшін еңбек қызметінің белгіленуі қабылданатын жұмыскердің жалпы еңбек процесінде функционалдық орнын да, осы процестегі оның еңбек режимін де бекітеді. Еңбек қызметінің белгіленуі принципі әкімшіліктен еңбек

заңдары бойынша келісілмеген жұмысты атқаруды жұмыскерден талап етуге тиым салатын ҚР ЕЗК 26-бабында да айқындалған.

Еңбек шартына отыру кезінде тараптар келісімі бойынша, қабылданатын жұмыскердің оған тапсырылатын жұмысқа сәйкестігін тексеру мақсатында жас маманды сынау бекітіледі. Қанағаттанарлық емес сынау нәтижесінде жұмыскер кәсіподақ комитетінің келісімінсіз және демалыс жәрдемақысын төлемей жұмыстан босатылуы мүмкін (ҚР ЕЗК 24-бабы).

Сынау мерзімі үш айға дейін, ал жеке жағдайларда кәсіподақ комитетінің келісімімен - алты айға дейін бекітілуі мүмкін (ҚР ЕЗК 24-бабы 1-бөлімі).

Жұмысқа қабылдау кезінде 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге, кәсіптік-техникалық училищелерді аяқтағаннан кейін келетін жас жұмысшыларға, жоғары және орта арнайы оқу орындарын бітірген жас мамандарға, квота есебінен жұмысқа жіберілген еңбек және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне, сондай-ақ басқа жерлерге жұмысқа қабылдау кезінде және басқа жұмысқа, басқа ұйымға ауыстыру кезінде сынау қоюға болмайды (ҚР ЕЗК 23-бабы). Жұмысқа қабылдау кезіндегі сынау жұмыскердің берілген жұмысқа жарамдылығын анықтайды. Практика көрсеткендей, жұмыскердің атқаратын жұмысқа сәйкес келмеуі бойынша жұмыстан босатылуы, сынау мерзімімен қабылданған тұлғаларға қатысты болмайды деуге болады. Сынау, осыған орай, жақсы кадрларды таңдауға бағытталған.

Өндірістік оқытуға қабылдағанда, сондай-ақ уақытша, мерзімдік, сайлау жұмыскерлеріне, конкурс бойынша қабылдағанда, жедел еңбек заңдарын бекіткенде сынау мерзімі қойылмайды.

Тауарлық-материалдық құндылықтармен жұмыс істеуге байланысты жұмысқа 18 жасқа толған жұмыскерлерді, арнайы тізімде көрсетілген лауазыммен қабылдау кезінде оларға сеніп тапсырылған құндылықтарға толық материалдық жауапкершілігі туралы жазбаша келісім-шарт жасалады. Жұмыскер осындай заңмен келісуден бас тартуы кезінде оны өндіріс процесінде оған берілген құндылықтарды сақтаумен, өңдеумен, сатумен, тасымалдаумен немесе қабылдаумен тікелей байланысты лауазымдарға қабылдауға болмайды.

Еңбек туралы заң, тұлғалардың белгілі бір категориялары еңбек заңдарына отырмас бұрын өздерінің денсаулығы немесе қоғам денсаулығын сақтау мүддесінде медициналық куәландырудан өтуі керек. Бұл: 1) 21 жастан кіші тұлғалар; 2) ауыр және зиянды еңбек жағдайындағы жұмысқа қабылданатын тұлғалар; 3) жұмыскерден ерекше психологиялық-физикалық деректер талап ететін жұмысқа қабылданатындар (жүргізушілер, ұшқыштар және т.б.); 4) балаларға, науқастарға қызмет көрсетумен, қоғамдық тамақтанумен байланысты кейбір жұмысқа қабылданатындар және т.б. азаматтардың денсаулықтарын қорғау тұрғысынан ас блоктарына, балалар мекемелеріне, ауруханаларға жұмысқа инфекциялық аурулары бар және бацилла тасымалдаушы адамдар қабылданбауы тиіс; 5) ұйымдастырушылық жинақ бойынша жұмысқа қабылдау кезінде.

Еңбек заңдары жеке еңбек шарттарына отыру кезінде кейбір шектеулер бекітті. Жұмысқа толық емес жұмыс күнімен немесе толық емес жұмыс

аптасымен қабылдау жалпы негізде жүргізіледі, бірақ еңбек кітапшасына толық емес жұмыс уақыты жөнінде жазба енгізілмейді.

Толық емес жұмыс уақыты тараптардың келісімі бойынша мерзімі шектелместен де, сондай-ақ жас маман үшін кез келген қолайлы оқу жылы кезеңіне және т.б. бекітілуі мүмкін. Толық емес жұмыс уақытындағы жұмыс, еңбек демалысына арналған еңбек өтілімен қоса еңбек өтілінің барлық түріне есептеледі.

**Штаттан тыс жұмыскермен бекітілетін еңбек заңдары.** Штаттан тыс жұмыскерлер өндірістік ұжымда белгілі бір еңбек қызметін атқаратын, оның ішкі еңбек тәртібі ережелеріне бағынатын, бірақ штаттық құрамға енбеген тұлға болып табылады. Оған сақтандыру агенті, кітап тасымалдаушы, суретшілер, репортерлер және басқа да штаттан тыс жұмыскерлер жатады. Штаттан тыс жұмыскермен бекітілетін еңбек заңдары, ережеге сай, типтік форма бойынша, жазбаша түрде белгілі бір мерзімге отырғызылады. Заңдарда жұмыс және оның көлемі, уақыт нормалары және жұмыс бағасы, оның басталу және аяқталу мерзімдері, жалпы құны мен жұмыс режимі көрсетіледі.

Өндірістік оқытуға арналған еңбек заңдары жаңа білікті жұмыскерлерді (ең басты түрде жастардан) тікелей өндірісте дайындау мақсатында бекітіледі. Бұл дайындық жұмыскерлердің жастарына, мамандықтарына және өндірістеріне сәйкес бекітілген жұмыс уақыты шегінде курстық, топтық және жеке оқу түрлері арқылы жүргізіледі (ҚР ЕЗК 179-бабы). Курстық оқыту ерекше күрделі мамандықтар бойынша жүргізіледі. Оқу мерзімі әр түрлі. Өндірістік оқыту заңдарын бекіткенде оның тараптарының келісімімен белгілі бір мамандық бойынша, ережеге сай, алты айға дейін оқу шартталады.

Жеке құқықтық қатынастар – бұл ерлі-зайыптылардың некеге отырған және бұзған кезде тегін таңдауына, отбасылық өмірдің барлық мәселелерін бірлесіп шешуге, жұмысты, мамандықты және тұрғылықты жерді еркін таңдауына, баланы асырап алуға келісім беруге, некені бұзу туралы мәселені шешуге және т.б. байланысты пайда болатын құқықтық қатынастар. Осы құқықтық қатынастарды қарастырамыз. Ерлі-зайыптылардың некелесу кезінде тегін таңдауға құқығы бар. Тек қоғамдағы жеке тұлғаны жекешелендірудің маңызды әлеуметтік функциясын орындайды. Ерлі-зайыптылар өзінің шешуіне қарай біреуінің тегін таңдауға немесе өзінің некеге дейінгі тектерін сақтай алады ("Неке және отбасы туралы" ҚР Заңының 30-бабы). Әдетте, ерлі-зайыптылардың өмірінде ортақ тек болады. Осы текте некеден туған балалар да болады. Ерлі-зайыптылар әйелдің тегін күйеуінің тегіне қосу жолымен құрылған қосарлы текті де таңдай алады.

Ерлі-зайыптылардың отбасы өмірінің мәселелерін бірлесіп шешуге құқығы мазмұны бойынша ауқымды және мәні бойынша отбасылық өмірдің

барлық құрылысын қамтиды: шаруашылықты келісіп жүргізу; балалар тәрбиесі және олардың денсаулығы туралы қамқорлық және т.б. Заң отбасылық өмірдегі мәселелерді шешуде ешқайсысының артықшылықтарын көздемей, ерлі-зайыптылар құқықтары мен міндеттерінің теңдігін анықтайды.

Тұрғылықты жерді таңдау бостандығы ерлі-зайыптылардың біреуінің тұрғылықты жерді ауыстыруының екіншісінің оның артынан бару құқықтық міндетіне әкелмейтінін білдіреді. Жеке құқықтық қатынастарға лайықты баға бере отырып, отбасында пайда болатын мүлктік қатынастарды бағаламауға болмайды. Отбасының оның әлеуметтік функцияларын (балалар туылуы және тәрбиесі, отбасының мұқтаж мүшелеріне қолдау көрсету, әр түрлі материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру) орындау үшін экономикалық негіз – мүлік қажет.

Әдетте ерлі-зайыптылар мүмкіндігіне қарай жалпы шығындарға қатысады және мүліктерін сенікі және менікі деп бөлмейді. Бірақ даулар пайда болған жағдайда, заңмен айқын ережелер белгіленген. Ерлі-зайыптыларға тиесілі мүлік жеке (бөлек) және олардың ортақ мүлкі болуы мүмкін. Әрқайсысына некеге тұрғанға дейін тиесілі болғанның барлығы оның жеке меншігі болып қалады және ол осы мүлікті өз бетімен иеленуге құқылы. Мұндай мүлік "некеге дейінгі" деп аталады.

Неке уақытында тапқан-таянғанның барлығы ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігі болып танылады ("Неке және отбасы туралы" Заңның 32-бабы). Ер мен әйел осыған қатысты тең құқықты иеленеді. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне олардың әрқайсысының еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтен, зейнетақыдан, жәрдемақыдан түскен табыстар, жылжымалы және жылжымалы емес мүлік, бағалы қағаздар, салымдар, капиталдағы еншілер және т.б. жатады. Ерлі-зайыптылардың ортақ (бірлескен) меншігі – үлессіз. Ол меншік иесінің әрқайсысының, жалпы алғанда, мүлікке құқығын жорамалдайды. Бұл теңдік олардың біреуі үй шаруашылығын жүргізгенде де, бала күтумен айналысқанда немесе басқа орынды себептер бойынша өзінің меншікті еңбек ақысы болмаған кезде бұзылады.

Ерлі-зайыптылардың бірлескен мүлік меншігінің заңмен белгіленген режимі некеге тұрғанға дейінгідей, сондай-ақ неке шартын жасасу жолымен неке кезінде кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін. "Неке және отбасы туралы" ҚР Заңының 39-бабына сәйкес неке шарты деп некеге тұратын тұлғалардың келісімі немесе некедегі немесе ол бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылардың мүлктік құқықтары мен міндеттерін анықтайтын ерлі-зайыптылардың келісімі болып танылады. Неке шарты мемлекеттік тіркеу жасалғанға дейін де, неке кезеңінде кез келген уақытта жасалуы мүмкін. Тіркеуге дейін жасалған неке шарты некелесу мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Неке жазбаша жасалады және нотариуспен куәландырылады. Неке шартының мазмұны нақтылы шектермен шектелген. Ол ерлі-зайыптылардың құқықтық қабілеттігін және әрекет ету қабілеттілігін, олардың некедегі тең құқықтылығын принципін шектей алмайды, ерлі-зайыптылар арасындағы жеке құқықтар мен міндеттерді, олардың балаларына қатысты құқықтар мен міндеттерді реттей алмайды.



Ерлі-зайыптылардың өмірінде неке ажырасумен тоқтатылады. Өкінішке орай, біздің елімізде ажырасу саны әлі де көп. Ажырасу жұбайлардың арасындағы келешек уақытқа құқықтық қатынастарды тоқтататын заңды акт болып табылады. Ажырасу мемлекеттің бақылауымен қойылған және тек мемлекеттік органдармен: АХАЖ-бен және сотпен ғана іске асырылуы мүмкін. Жұбайлардың біреуі де, екеуі де некені бұзу туралы өтініш білдіре алады. АХАЖ органдарында ажырасуға келісім білдірген және жасы кәмелетке толмаған балалары бар жұбайлар арасындағы некелер бұзылады. Егер жұбайлардың әрі қарай бірлескен өмірі және отбасының сақталуы мүмкін емес болғаны сотпен анықталса, неке бұзылады. Неке бұзылуы нәтижесінде некедегі жұбайлар арасында пайда болған жеке және мүліктік құқықтық қатынастар тоқтатылады. Неке бұзылуы АХАЖ-да тіркелген сәттен бастап бұзылған болып саналады.

Сотта неке жұбайлардың екеуінің немесе біреуінің арызы бойынша бұзылады. Егер әйелі жүкті болса, сонымен қатар бала туылған соң бір жыл ішінде күйеуі әйелінің келісімінсіз ажырасу туралы талаппен сотқа баруға құқығы жоқ екенін ескеру керек. Бұл ереже бала дүниеге өлі келгенде немесе бір жылға дейін өмір сүрмегенде қолданылады. Әйел ажырасу туралы мәселені сотта кез келген жағдайда қоюға құқылы.

Жоғарыда айтылғандай, некені не сотта, не АХАЖ-да бұзудың белгілі тәртібі заңмен белгіленген. Басқа органдар ажырасу туралы істерді қарауға құзыретсіз болады.

Сот тәртібінде некелер: а) жасы кәмелетке толмаған балалары бар жұбайлардың арасында; б) жұбайлардың біреуі некені бұзуға келіспеген жұбайлардың арасында, себебі бұл жағдайда шешілуі соттың құзыретінде болатын дау пайда болады; в) ажырасуға келісім білдірсе де, бірақ олардың ортақ бірлескен меншігі болып табылатын мүлікті бөлу туралы, еңбек етуге қабілетсіз мұқтаж жұбайына алимент төлеу туралы дауласатын жұбайлардың арасында; г) қарсылықтары жоқтығына қарамастан, АХАЖ органдарында некені бұзудан бұлтартатын жұбайлардың арасында (арыз беруден бас тартады, немесе, оны беріп, ажырасуды тіркеу үшін келуді қаламайды) бұзылады.

Неке бұзу туралы істер ортақ ереже бойынша, ашық сот мәжілісінде, бірақ жұбайлардың өтініші бойынша олардың өмірінің құпия жақтары сөз қозғалғанда, жабық мәжілісте қарастырылады. Сот неке бұзумен бір уақытта жұбайлардың арасында пайда болған: а) ажырасқан соң балалар кіммен тұрады; б) балаларды асырауға қаржы төлеттіру туралы; в) еңбек етуге қабілетсіз жұбайды асырауға қаржы төлеттіру туралы; г) ортақ бірлескен меншік болатын мүлікті бөлу туралы дауларды шеше алады.

Бала туылған соң ата-аналарда оларға қатысты әр түрлі құқықтар және олармен үздіксіз байланысты міндеттер пайда болады. Берілген тұлғалардың баланың нақты ана-анасы болып табылатыны заңмен белгіленген тәртіпте, атап айтқанда, АХАЖ органдарындағы жазумен куәландырылуы тиіс. Балаларға деген қамқорлық, оларды тәрбиелеу - ата-аналардың тең құқығы және міндеті (ҚР Конституциясының 27-бабы). ҚР Конституциясы жариялаған ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігі отбасылық заңдармен

қамтамасыз етіледі. Оның нормалары ата-аналардың (әке және ана) өз балаларына қатысты тең құқықтары мен тең міндеттері болатынын анықтайды.

Олардың әрқайсысы (балалар кәмелетке, яғни 18 жасқа толғанша) өз балаларын тәрбиелеуге, олардың денсаулығына, физикалық, психикалық, рухани және адамгершілік дамуына қамқор болуға құқылы және міндетті.

Ата-аналар балаларының негізгі жалпы білім алуын қамтамасыз етуге міндетті. Олар балаларының пікірін есепке алып, олардың қайда және қандай түрде: мемлекеттік немесе жеке мектепте, отбасылық білім беру түрінде, өздігінен білім алу, экстернат және т.с.с. білім алатынын таңдауға құқылы.

Ата-аналарға балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау да жүктеледі. Олар өз балаларының заңды өкілдері болып табылады және кез келген тұлғалармен қатынастарда, соның ішінде сотта, арнайы өкілеттіктерсіз олардың құқықтары мен мүдделерін қорғап сөз сөйлеуге құқылы.

Ата-аналар тәрбие құралдары мен әдістерін таңдауда ерікті, дегенмен олардың ата-аналық құқықтарының мақсаттары тәрбиелеу мақсатымен шектелген. Заң ата-аналық құқықтардың балалардың мүдделерімен қарама-қайшылықта жүзеге асырылмайтынын ерекше атап өтеді. Балалардың мүддесіндегі отбасылық заңдар оларды тәрбиелеудің тиісті шарттарының қамтамасыз етілуін түсіндіреді. Тәрбие тәсілдеріне адамның ар-намысын кемсітетін немқұрайды, мейірімсіз, дөрекі қатынас, балаларға тіл тигізу және пайдалану жатпайды.

Балалардың тәрбиесі мен біліміне қатысты барлық сұрақтар ата-аналармен өзара келісімі бойынша, балалардың мүдделерінен алғанда және олардың пікірін есепке алғанда шешіледі. Алауыздықтар болған жағдайда ата-аналар оларды шешуге қамқорлық және қамқоршылық органдарына немесе сотқа жүгінуге құқылы. Әдетте, жақсы отбасында мұндай алауыздықтар туындамайды. Бірақ отбасы бұзылып, ата-аналар екі жаққа кеткенде, әсіресе, неке бұзылса, ата-аналар балалардың кіммен тұратыны туралы жиі келісімге келе алмайды. Мұндай дауды тек қана сот шешеді. Балалардың әкесімен немесе шешесімен тұратыны сот шешімімен бекітіледі. Сот мұндай істерді шеше отырып, баланың мүдделерін айрықша есепке алады және өзінің моральдық қасиеттері, баламен қалыптасқан қарым-қатынасы және өмір сүру жағдайы бойынша оны тәрбиелеу үшін аса қолайлы жағдай жасай алатын ата-анасының біреуіне береді. Сонымен бірге жасы 10-ға толған баланың пікірі міндетті түрде есепке алынады.

Баланы ата-анасының біреуіне беру екіншісінің оның тәрбиесіне қатысудан шеттетілуі тиіс екенін білдірмейді. Ата-аналарының бір-біріне қарым-қатынасы қандай болса да, баланың мүддесінде оны жартылай жетім етпей, оған анасын да, әкесін де сақтау қажет екендігін естерінде сақтауы тиіс. Бөлек тұратын ата-ана баланың тәрбиесіне қатысуға құқылы және міндетті. Бала онымен қалған ата-ананың оған кедергі келтіруге құқығы жоқ. Егер ата-аналар өзара келісе алмаса, онда тәрбиеге қатысу және қарым-қатынас тәртібін сот анықтайды. Іске араласуға қамқорлық және қамқоршылық органы міндетті түрде қатыстырылады.

Ата-ана құқықтары заңмен қорғалады. Мысалы, егер бала қандай да бір себептерге байланысты үшінші тұлғада (мысалы, атасында немесе әжесінде,

әпкесінде және т.б.) болса және олар баланы қайтарудан бас тартса, онда ата-аналар баланы сот бойынша қайтаруды талап етуге құқылы. Алайда бала тұрғысынан алғанда, жеке жағдайларда бұл талапты қанағаттандырмауы мүмкін, дегенмен жалпы ереже бойынша басым көпшілігінде бала тәрбиесі ата-аналарға беріледі.

Жалпы ереже бойынша ата-аналар өз балаларының тәрбиесіне жауаптылықпен қарайды. Бірақ олай болмауы да мүмкін. Егер ата-аналар өз міндеттерін орындамаса немесе ата-аналық міндеттерін балалардың мүдделеріне қарама-қайшылықта жүзеге асырса, онда ата-аналардың мұндай тәртібі оларды ата-аналық құқығынан айырумен білінетін санкция қолдануға әкелуі мүмкін. Әрине, бұл соңғы, айрықша шара. Ол басқа әсер ету әдістері нәтиже бермегенде қолданылады.

Ата-аналарды немесе олардың біреуін ата-аналық құқығынан айыру заңмен белгіленген жағдайларда: баланы тәрбиелеу бойынша міндеттерін орындаудан бұлтарғанда; ата-аналық құқығын теріс пайдаланғанда; балалармен мейірімсіз қарым-қатынаста болғанда; ата-аналардың адамгершілікке жат мінез-құлқының балаларға зиянды ықпал етуінде; оларда созылмалы маскүнемдік немесе нашакорлық сияқты ауру бар болғанда рұқсат етіледі. Ата-аналық құқықтан айыру бірнеше мақсатты көздейді: баланың денсаулығын және психикасын сақтау және оған өмір сүрудің қалыпты жағдайларын тудыру, ата-ананы олардың тәртібі үшін жазалау, отбасындағы және тұрмыстағы тұрақсыз басқа азаматтарға тәрбиелік ықпал ету. Олар ең алдымен балаларды тәрбиелеу, сонымен бірге баламен бірге тұру құқығын, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және т.б. құқығын жоғалтады.

Отбасында ата-ана мен балалардың арасында азаматтық құқық, оларға тиесілі мүлікке байланысты мүліктік құқықтық қатынастар, сонымен бірге отбасылық заңдармен реттелген, алименттік құқықтық қатынастар пайда болады. Ата-аналар мен балалардың мүлкі бөлек. Ата-аналары тірі болғанда балалардың олардың мүлкіне құқықтары болмайды. Олар өзара бір-бірінің заттарымен пайдаланса да, ата-аналардың өз балаларының мүлкіне құқықтары болмайды. Ата-аналармен сатып алынатын киім, аяқ киім, кітаптар және балаларға арналған басқа заттар соңғыларға тиесілі болады. Ата-аналар және балалары өз араларында заңмен рұқсат етілген барлық мәмілелер (сауда-саттық, жалға алу және т.б.) жасай алады.

Заңға сәйкес ата-аналар өздерінің жасы кәмелетке толмаған балаларын асырауы тиіс. Әдетте, бұл міндетті ата-аналар ерікті түрде орындайды. Ата-аналар балаларын өмір сүру, оқу, даму үшін қажеттінің барлығымен қамтамасыз етеді. Егер ата-аналар балаларды асырауға қаржыны өз еркімен бермесе, олар сот шешімі негізінде алимент төлеуге мәжбүрленеді. Балаларды асырау бойынша міндет екі ата-анаға да жүктеледі. Балалар анасымен бірге тұрғанда, алименттер төлеу туралы чек әкесіне беріледі. Әкесі тәрбиелейтін балаларға алиментті олардың аналары төлейді. Балаларды басқа тұлғаларға (атасына, әжесіне, әпкесіне және т.б.) тәрбиелеуге берген жағдайда бұл тұлғалар екі ата-анасынан да алимент төлеттіре алады. Жасы кәмелетке толмаған балалардың пайдасына алименттер олардың ата-анасынан

соңғылардың еңбекақысынан (табысынан) пайыздық есептеумен төлеттіріледі. Өздерінің жасы кәмелетке толмаған балаларына алимент төлеуден қасақана бұлтартатын ата-аналар қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Конституциясына және отбасылық заңдарына сәйкес, ата-аналар ғана балаларды асырауға және алименттер төлеуге міндетті емес, сонымен бірге жасы кәмелетке толған балалар да еңбек етуге қабілетсіз, мұқтаж ата-аналарын, аталарын, әжелерін, ағаларын, әпкелерін және т.б. асырауға міндетті.

Ата-аналары қайтыс болған жағдайда, олар ата-аналық құқығынан айырылған жағдайда және басқа ата-аналық қамқорлықты жоғалту жағдайларында балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамқорлық және қамқоршылық органдары жүзеге асырады, заңға сәйкес олар жергілікті өзін-өзі басқару органдары болып табылады. Олар мұндай балаларды айқындайды, оларды есепке алады, олардың жұмысқа орналасуын қамтамасыз етеді.

Балаларды орналастыру түрлерін таңдағанда, олардың тәрбиесінің отбасылық түрлеріне: баланы асырап алуға, қамқорлыққа немесе қамқоршылыққа, асырап алған отбасына басымдылық беріледі.

Асырап алу (құқықтық көзқарастан) – бұл асырап алушы (оның туысқандары) мен асырап алынған бала (кейіннен – оның ұрпағы) арасында туған ата-анасы мен балалар арасындағы қатынасқа ұқсас құқықтық қатынастарды (жеке және мүліктік) орнату.

Қандай да бір себептер бойынша баланы ата-анасы уақытша тәрбиелей алмайтын жағдайлар кездеседі. Мысалы, ұзақ іссапарға кетеді немесе емдеу мекемесінде болады және т.б. Жасы 14-ке толмаған балаларға - қамқорлық, 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балаларға қамқоршылық бекітіледі.

Қамқорлық (қамқоршылық) жергілікті өзін-өзі басқару органының шешімімен бекітіледі. Оның мақсаты отбасындағы баланың тәрбиесін қамтамасыз етуден, оның жеке мүліктік құқықтары мен мүдделерін қорғаудан тұрады.

Сонымен бірге асырап алған отбасы қамқорлықпен және қамқоршылықпен қатар, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасылық тәрбиесінің түрі болып табылады.

Баланы немесе балаларды тәрбиелеуге алғысы келетін азаматтар (жұбайлар немесе жеке азаматтар) асыранды ата-анасы деп аталады: тәрбиелеуге берілетін бала – асыранды бала, ал мұндай отбасы асыранды отбасы деп аталады.

Бұл құқықтардың осы құқықтардың тағайындалуына қарама-қайшылықта жүзеге асырылатын жағдайларын қоспағанда, отбасылық құқықтар заңмен қорғалады.

ҚР Конституциясына сәйкес азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауы тиіс. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылыс негіздерін, адамгершілікті, денсаулықты, басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында қажет шамада ғана заңмен шектелуі мүмкін. Мұнымен отбасылық құқықтарды жүзеге асыру және міндеттерді

орындау шектері де анықталған. Отбасылық құқықтарды олардың тағайындалуымен дәл сәйкестікте жүзеге асыру, азаматтарға отбасының нығайтылуына барынша көмектесетіндей, балалардың тиесілі тәрбиесін қамтамасыз ететіндей, отбасының барлық мүшелерінің жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасайтындай берілген мүмкіндіктерді іске асыруды жорамалдайды.

Отбасылық-құқықтық нормалардың сақталмауы, отбасылық құқықтық қатынастар субъектілері міндеттерінің бұзылуы заңмен белгіленген санкцияларды қолдануға әкеледі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года с изменениями и дополнениями от 21 мая 2007г. Алматы: Норма, 2002.
2. Закон Республики Казахстан «О браке и семье» от 17 декабря 1998 г. Алматы: Юрист, 2008.
3. Гражданский Кодекс Республики Казахстан от 1 июля 1999г. Алматы: Юрист, 2000.
4. Уголовный Кодекс Республики Казахстан от 16 июля 1997г. Алматы: Юрист, 2008.



## Қазақстан Республикасының дінге сену мәселелерін реттеу бойынша заңнамасы

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы*  
**К.Н. Әлсенова**

Қоғамдағы адамның жеке бостандығы мен абыройы туралы жағдаймен мемлекеттің даму деңгейі сипатталады. Адамның жеке өміріне, еркіндігіне, арнамысы мен абыройына ешкім нұқсан келтіре алмайды.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері құқықтық мемлекет идеалдарын және демократиялық дәстүрлерді қалыптастыруда көптеген жұмыстар жасалды. Соның айғағы ретінде халықаралық құқықтық құжаттар ережелері негізінде белгіленген, көбінесе 1948 жылғы желтоқсанда жарияланған Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында жарияланған «Адам құқықтары жалпыға бірдей декларациясы», 1950 жылы қарашада Еуропа Кеңесіне мүше елдердің Үкіметтері қабылдаған «Адам құқықтары мен негізгі еркіндіктерін қорғау туралы» Конвенциясына негізделген 1995 жылғы Қазақстан Республикасы ІІ Конституциясының 10-39 тарауының баптарында белгіленген.

Еліміздің Ата заңының 22-бабында белгіленген ар ұят еркіндігі тұлға еркіндігінің маңызды көріністерінің бірі болып табылады. Әрбір адам өз еркі бойынша өзінің дінге деген қатынасын анықтауға құқылы. Егер адам қандай да бір дінге сенетін болса, оған діни рәсімдері мен салттарын орындауға ешкім кедергі бола алмайды. Әрине, діни рәсімдерді, салттарды, ережесін орындау, діни бірлестіктерді құру қоғамға, басқа адамдарға заңды түрде зиян келтірмеуі тиіс. Азаматтардың көзқарастарының еркіндігіне, теңдігіне, діни бірлестіктерді құру тәртібі мен қызметіне және басқа аспектілерге қарамастан азаматтардың құқықтарының конституциялық кепілдіктері «Дінге сену еркіндігі және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы Заңымен жүзеге асырылады (1995жг. 5 қазандағы, 1997ж. 11 шілдедегі, 2004ж. 20 желтоқсандағы, 2005ж. 23 ақпандағы, 8 шілдедегі, 2007ж. 15 мамырдағы өзгертулері мен толықтырулармен). Ол заңға бес тарау енгізілген:

- 1) жалпы ережелер;
- 2) Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер;
- 3) Діндер еркіндігімен байланысты діни бірлестіктер мен азаматтардың құқықтары;
- 4) Діни бірлестіктердің мүліктік еңбек және қаржылық құқықтық қатынастары;

5) Заңның 23-бабында дінге сену еркіндігі және діни бірлестіктер туралы Заңның сақталуын бақылау мен заңды бұзғаны үшін жауапкершілік туралы баяндайды.

Қазақстан діни қатынастары саласында өлшенген мемлекеттік саясатты ұстанып отыр. Бұл жерде қазақстандық мемлекеттік саясаттың үш негізгі принципі – бұл бейтараптылық, толеранттылық және паритет принциптерін атап өту керек.

Бұл реттегі басты орынды **мемлекеттік көзқарастағы бейтараптылық принципі** алады, оған діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпау енеді. «Дінге сену еркіндігі және діни бірлестіктер туралы» Заңының 4-бабында діни бірлестіктер мемлекеттен алшақтанған және ешқандай дін немесе діни бірлестіктер басқалары сияқты ешқандай артықшылықтарға ие емес деп баяндалады. Діни бірлестіктер қандай да бір мемлекеттік функцияларды орындамайды және мемлекет, егер заңға қайшы келмесе, діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды.

**Толеранттылық принципі** тек қана шыдамдылықты ғана емес, сонымен бірге басқа көзқарастардан ерекшеленетін діни көзқарастарды құрметтеу дегенді білдіреді.

**Паритет принципі** адамдардың экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық саласында олардың діндерге деген қатынасына қарамастан теңдікті талап етумен байланысты.

Қазақстанда барлық діндер және діни бірлестіктер заң алдында тең.

Діндер туралы Заңның 16-бабына сәйкес діни бірлестіктер мүлікке деген құқығы, оларды сатып алуға немесе өзінің жеке қаражатымен жасауға, азаматтарға, бірлестіктерге қайырымдылық көрсетуге немесе заңға қайшы келмейтін басқа негіздеме бойынша сатып алуға хақылы. Діни бірлестіктердің меншік құқығы заңмен қорғалады. Діни бірлестіктер заңға сәйкес және өзінің жарғысына (ережесіне) сәйкес баспа, полиграфиялық, өндірістік, қайта жанарту-құрылыс, ауыл шаруашылығы, заңды тұлғалардың құқықтарын иеленген басқа кәсіпорындарды құруға хақылы.

Діни бірлестіктер жанында Діндер туралы Заңның 14-бабына сәйкес діни бірлестіктер қайырымдылық көрсету үшін, діни әдебиеттерді оқу және басқа мәдени-ағартушылық қызметтерді тарату үшін бауырластық қоғамы және басқа бірлестіктер құрылуы мүмкін. Діни бірлестіктер қауымдастыққа (одаққа) ерікті түрде біріге алуы мүмкін, қайырымдылық қызметтерді және қоғамдық қорлар арқылы қайырымдылық көрсетуге, сондай-ақ қайырымдылық мекемелерін (жетім сәбилер баспанасы, интернаттар және т.б.) құруды жүзеге асыруы мүмкін.

Азаматтар және діни бірлестіктер топтық немесе жеке негізде халықаралық байланыстар мен жеке байланыстарды орнатуға және қолдауға, қажылыққа бару үшін шетелге сапарға шығуға, басқа да діни іс-шараларға және жиналыстарға қатысуға құқығы бар.

Діни бірлестіктер азаматтарды шетелге діни оқу орындарында оқытуға және осы мақсатта да шетел азаматтарын қабылдауы мүмкін.

Мемлекет Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған діни бірлестіктермен байланыстар бойынша уәкілетті орган тұлғасында діни бірлестіктер қызметіне араласпай, азаматтардың дін тұту еркіндігі мен діни бірлестіктермен өзара әрекет етулерінің құқығын қамтамасыз ету саласында негізгі бағыттарды қалыптастыруға және анықтауға қатысады. ҚР аумағында құрылған діни бірлестіктер, миссионерлер, заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтар қызметін зерттеу мен талдауды жүргізеді, облыстың жергілікті атқарушы органдары (республикалық маңыздағы қалалар, астаналар) жұмысын үйлестіреді. Діни бірлестіктермен қатынастарды реттеу саласында діни ұйымдары өкілдерінің, қоғамдық бірлестіктер, дінтанушылар, заңгерлер және құқық саласындағы басқа мамандардың қатысуымен діни сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді.

Атқарушы билік органдары және құқық қорғау органдары тұлғасында олардың құзіреттілігіне сәйкес дін тұту және діни бірлестіктер еркіндігі туралы заңнамаларды сақтай отырып бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстанның маңызды жетістіктерінің бірі конфессия аралық қатынастарды саясаттандырудан алшақ кетуі болып табылады. Конституцияның 5-бабының 4-тармағына сәйкес «Республикада діни негіздегі партиялар қызметіне жол берілмейді». Аталған құқықтық норма Діндер туралы Заңның 4-бабының 2-тармағында баяндалған «Діни сипаттағы партиялар және басқа да саяси ұйымдардың, сондай-ақ діни бірлестіктердің саяси партиялар қызметіне қатысуға немесе оларға қаржылық қолдау көрсетуге жол берілмейді. Діни бірлестіктердің қызметшілері саяси өмірге тек өзінің атынан ғана басқа азаматтармен қатар қатыса алады». Қазіргі күні Қазақстан 40-тан астам конфессиялардың өкілдері, сондай-ақ 130-дан астам ұлт пен этникалық топ өкілдері Бейбітшілік пен Келісімде өмір сүре алудың жарқын үлгісі болып табылады.

Қазақстанда адам құқықтары мен еркіндігін сыйлауға, қоғамдық және діни мүдделер балансында, серіктестік қатынасында және өзара түсіністікке ұмтылуға, демократиялық принциптерге негізделген мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қатынастарының моделі – бұл Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мақсатқа бағытталған саясатының қорытындысы.

Біздің еліміз адам құқықтары саласында алпыстан астам халықаралық келісімдер мен келісім шарттарға, соның ішінде осы саладағы БҰҰ іргелі актілеріне қосылды. 2009-2012 жылдарға арналған Республикадағы адам құқықтары саласындағы әрекет етудің Ұлттық жоспары қабылданды. Ол жоспарда адам құқықтарын қорғаудың жалпыға танылған принциптері мен стандарттары ескерілген. Қазақстан дінге сенушілер құқығына қатысты міндеттер саласында ЕҚЫҰ адам құқықтары және демократиялық институттары бойынша Бюромен тиімді өзара әрекет жасайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі Жарлығымен адам және азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру бойынша өзінің құзыреті шегінде шаралар қабылдай алатын адам құқықтары жөніндегі Уәкілетті лауазымы тағайындал-



ған. Уәкілетті өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен, Адам құқықтары жөніндегі Уәкілеті туралы ережемен басшылық жасайды.

Сондай-ақ Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия құрылды, Мемлекет және Мемлекеттік емес секторлар арасын өзара байланыстыратын буынды білдіретін азаматтық қоғамның даму қажеттіліктеріндегі адам құқықтарын қорғау саласындағы жағдай туралы қоғамдық пікірлерді зерттейді.

Қазақстанның конфессиялар арасындағы өзара қатынастарды нығайту және жаһандық диалогына қосқан зор үлесі 2003-2006-2009 жылдарда Астана қаласында өткізілген діндер арасындағы форум болып табылады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдары діни институттардың маңызды сандық және сапалы өсімі байқалды. Қазіргі кезде діни бірлестіктердің жалпы саны 4 мыңды құрайды, ал 1990 жылдарда бар болғаны 670 болды. Қазақстан халықтарының көпшілігі (шамамен 70 процент) - мұсылмандар, алайда Республикадағы ислам доминанттары басқа діндердің толық мағынада жұмыс істеуіне ешқандай кедергі жасамайды. ҚР Әділет министрлігінің діндер жөніндегі комитеттің мынадай деректерін келтіруге болады: тәуелсіздік жылдары ислам бірлестіктерінің саны 46-дан 2441-ге дейін артты. Орыс православие шіркеуінің саны бір уақытта 62-ден 293-ге дейін артты, римдік-католиктер шіркеуі екі есеге 42-ден 86-ға дейін, евангелиялық христиан-баптистер 168-ден 362-ге дейін артты, жетінші күні адвентистердің 36-дан 66-ға дейін, протестанттық бірлестіктердің саны 521-ден 1189-ға дейін артты. Елімізде 27 иуда қауымдастығы, 4 буддистер бірлестіктері қызмет істейді.

Діни бірлестіктердің 3129 мәдени құрылыстары бар, олардың ішіндегі 2229-ы мұсылман мешіттері, 258 православие шіркеулері, 93 католик костельдері, 6 синагога және 548 протестант шіркеулері және ғибадатхана бар.

Діни бірлестіктер 44 мерзімдік діни басылымдарын шығарады. Бұрын бір де бір діни газет немесе журнал болған жоқ.

Қазақстан халықтарының мәдени мұрасымен үйлесетін мәдени және тарихи құндылықтарды тани отырып, Республикада діни мейрамдар: мұсылмандардың Құрбан айты, православиелік Рождество Христово мерекелік демалыс күндері деп жарияланған, дінге сенушілер өздерінің мәдени іс шараларын толық түрде өткізуге мүмкіндік берілген.

Мемлекет және діндердің өзара қатынастарының жұқа материясы ерекше, деликат тәсілді талап етеді. Діни қызметтердің міндеттері сөзбен және іспен дау дамайларды бейбіт түрде шешу, адамдардың ар ұяты мен моральдық құндылықтарын шақыруға уағыздау болып табылады.

Әлемнің және Орталық Азияның көптеген өңірлерінде болып жатқан жаңалықтар кез келген мемлекеттің ұлттық және рухани бірлігін нығайту проблемасы мен діндер мәселесі органикалық байланысын, ұлттық қауіпсіздікті сақтау міндеттерін көрнекті түрде растайды.

Діни экстремизммен қатар нақты күрес тәсілі – діни ағарту болып табылады. Адам өзінің дінін неғұрлым терең білсе, ешқашан өзін экстремистермен күрес құралына айналдырмайды. Діни мәдениеттің элементарлық негіздерін білмеу, әсіресе, жас адамдарды қауіпті экстремисттік ағымдардың алдында әлсіз болуға итермелейді. Экстремизмнің пайда болуына және таралуына бәрінен бұрын, діни көшбасшылар қалқалап кедергі жасауы тиіс. Атап айтқанда, олар - имамдар және діни қызметшілер өздерінің беделі мен ықпалы арқасында бұзушы идеялар нақты және аргументтерге қарсы тұру, гуманистік рухани ағарту бағытына белсенді әсер ете отырып, дәстүрлі діни құндылықтарды уағыздайды.

Діни сана этникалық бояуға ие болған сайын, діни радикализм идеяларының таралуына қарсы әрекет етуге ұлттық-мәдени бірлестіктер көшбасшыларының беделін пайдалану маңызды. Соңғы 10-15 жылда барлық кәсіби экономистер діндерді экономикалық дамудың дербес және маңызды факторы ретінде қарастырады.

Еуропада және әлемде көптеген зерттеулер жүйелі жүргізіледі, олар экономикалық өсудің әр түрлі параметрлердің, технологиялық дамудың, өмір сапасына, халық табысының деңгейіне діндердің белсенді әсер етуін анықтайды. Шынында да, әлеуметтік, этникалық және адамзат капиталының категориясында жиі пайдаланылатын адамгершілік, сенім, ерікті қызмет ету, мақсатқа талпынушылық, ынтымақтастыққа дайындық және басқа моральдық сапа ұғымдары адамдардың діни көзқарастарынан туындайтын Құдайға сыйыну, ниеттестік, үміт ұғымдары болмаған кезде ұзақ уақыт сақталмайды. «Рухани капитал жойылған кезде, қоғам мен экономика төмен құлдырайды, олар басым болғанда қоғам мен экономика өркендейді» - деп санайды ғалым-экономистер.

Қазақстандық модель – бұл мемлекет пен діндердің біздің еліміздің қазіргісі мен болашағы үшін тығыз өзара байланысты. Республика мемлекеттік-діни қатынастарда серіктестік ұстанымда болады, діндер ресурсына сүйенеді, онымен белсенді ынтымақтастық жасайды. Билік азаматтарға діни-адамгершілік уағыздаудан ығыр қылмайды. Бірақ ол адамдарға Құдай туралы сөздер естуге кедергі жасамауы тиіс. Біздер, қазақстандықтар үшін діндер арасындағы келісімді сақтау, қоғамда өзара түсіністік пен диалогты сақтау азаматтық әлемнің маңызды құрамы және еліміздегі саяси тұрақтылықты сақтау болып табылады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995г. Алматы, 2007.
2. «О свободе вероисповедания и религиозных объединениях». Закон Республики Казахстан от 15 января 1992г. Алматы, 2008.
3. Сапарғалиев Г. Конституционное право Республики Казахстан. Алматы, 2002.
4. Права человека. Сб. междунар. документов. М.: МГУ, 1986.
5. Права и свободы человека. Сб. нормативных правовых актов. Алматы, 2007.



## Құқық бұзушылық және олар үшін жауапкершілік шаралары

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы*  
**Ж.Т. Мұсаева**

Ғасырлар бойы адамзаттың ең ақылдылары қоғамдағы құқық бұзушылық себептері мен оны жою жолдарына бастарын қатырып келеді. Бүгінгі күні бұл мәселе заң ғылымында бұрынғыдай соншалық күрделі, әрі қарама-қайшылықты болып келеді. Оның өзектілігі - күмәнсіз. Құқық бұзушылық әрқашан болған. Сондықтан француз социологы Эмиль Дюркгейммен келіспеуге болмайды, ол қылмыс кез келген салауатты қоғамның элементі болып табылады деп санады. Осыған орай, бір де бір қоғам қылмысты мүлдем жоя алмайды. Олар болған, бар және әрқашан болады.

Нақ сондықтан құқық бұзушылықпен күресудің жаңа теориялық тұжырымдамаларын үнемі тұжырымдау, жаңа әдістер мен рәсімдерді құрастыру қажет. Қылмыс, басқа әлеуметтік құбылыс ретінде үнемі дамып, жаңа түрге ие болады.

Құқық бұзушылықпен күресуде негізгі күштер осы қателіктердің алдын алуға және оларды тудыратын себептерді жоюға бағытталған. Алайда құқық бұзушылық жасауға айыпты тұлғаларға қатысты құқықтық санкцияларды қолдану мүмкіндігін жоққа шығармайды. Нақ іздену арқылы, басқа шаралармен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу қамтамасыз етіледі.

Осы санкциялар өз беттерінше емес, құқық қолдану қызметі процесінде жүзеге асырылады. Оны жүзеге асыру барысында құзыретті органдар құқық бұзушылық жөнінде істерді қарастырып, шешім қабылдайды. Ізденімді қолдану, құқық бұзушылық жөніндегі істі қозғау негізі жасалған істе құқық бұзушылық құрамының болуы болып табылады. Сондықтан құқық қолдану қызметін жүзеге асыру құқық бұзушылық ұғымын терең білмейінше мүмкін емес. Қажетті білім құқық бұзушылықты дұрыс біліктілеуге, іс бойынша заңды шешімдер қабылдауға, заңдылықты сақтауды қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға көмектеседі.

Құқық бұзушылықтың ең жалпы түрі қоғамға зиян келтіретін және заңға сәйкес жазаланатын қоғамға қарсы әрекет ретінде сипатталуы мүмкін.

Құқық бұзушылықтың бәрі түгелдей табиғат пен заттардың күш әрекеттері емес, жануарлардың әрекеті емес, адамдардың іс-әрекеттері болып табылады. Адамның ойлары мен сезімдері құқық бұзушылық болып саналмайды.

Құқыққа қарсы жасалатын іс-әрекеттердің алуан түрлі себептеріне, жағдайларына, субъектілері мен сипатына қарамастан олардың бәрінде, құқық бұзушылық сияқты әлеуметтік құбылысқа жатқызуға мүмкіндік беретін ортақ белгілер бар.

Заң құқық бұзушылық белгілерін бекітеді, ол құқық бұзушылықты адамдардың қоғамға қарсы басқа әрекеттерінен, мысалы, заңмен жазаланбайтын адамгершілікке жат қылықтан айыруға мүмкіндік береді.

*Біріншіден*, құқық бұзушылық деп құқық нормалары тыйым салған заңды бұзатын іс-әрекет қана мойындалады. Сондықтан құқық бұзушылықтың маңызды белгісі – оның құқыққа қайшылығы. Құқыққа қайшылық оның белгіленген орнына қарамастан құқық талабынан шығып кетумен (құқықты теріс пайдалану) және т.б. бейнеленеді.

*Екіншіден*, құқық бұзушылық – бұл әрекетке, жауапқа қабілетті, яғни заңмен бекітілген жасқа жеткен (ережеге сай 14-16 жас) және өз істеріне есеп беруге, өз әрекеттерін басқаруға қабілетті тұлғалардың іс-әрекеті. Осылайша, құқық бұзушылық ақыл-оймен әрекет ететін адамның еркінің байқалуымен сипатталады. Жасы толмағандардың заңмен қарастырылған қоғамдық зиянды әрекеттеріне қажетті қадағалау мен тәрбиені жүзеге асырмағандығы үшін кінәлі адамдар жауап береді.

*Үшіншіден*, әрекетке қабілетті адам жасаған құқыққа қайшы іс-әрекеттердің бәрі бірдей емес, тек осы тұлғаның кінәсі бойынша жасалғандары ғана құқық бұзушылық деп саналады. Айыптылық – субъектінің жасалған құқық бұзушылыққа психикалық қарым-қатынасын сипаттайды. Осылайша, құқық бұзушылықтың ең маңызды белгісі айыптың болуы, яғни заңсыз іс-әрекеттерді жасаудағы ниеті немесе абайсыздығы болып табылады.

Әрбір құқық бұзушылық қоғамдық, мемлекеттік немесе жеке бастың мүдделеріне залал келтіреді, қоғамға зиянды нәтижелерге алып келеді. Зиян - материалдық және моральдық, өлшеулі және өлшеусіз, физикалық және рухани, маңызды және маңызды емес, қалпына келтірілетін және қалпына келтірілмейтін болады. Осылайша, қоғамдық қауіпсіздік құқық бұзушылық белгісі ретінде құқық бұзушылық жасау нәтижесінде жеке тұлғаның, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесіне зиян келтіреді.

Жазаланушылықты құқық бұзушылық белгісіне жатқызуға да болады, сондықтан кез келген құқық бұзушылықты жасағаны үшін заңды жауапкершілік қарастырылуы керек.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, келесі қорытындыға келуге болады:

*Құқық бұзушылық - қоғамдық қауіпті (зиянды) сипаты бар, өз істеріне өз бетінше жауап беруге қабілетті тұлға жасаған кінәлі құқыққа қайшы іс-әрекет.*

Барлық құқық бұзушылықты екі топқа бөлу қабылданған – қылмыс және теріс қылық. Оларды бөлудің басты критерийлері, біріншіден, қоғамдық зияндылықтың сипаты мен дәрежесі, екіншіден, субъективті фактор, бұл шешуші шамада құқыққа қайшылық ретінде сол немесе басқа іс-әрекетті мойындауға әсер етеді. Қоғамдық зияндылықтың сипаты мен дәрежесі нысан

құндылығымен, құқыққа қайшы қастандықпен, жағдаймен, уақытпен, (зорлық немесе зорлық емес) тәсілдермен, өлшеммен және келтірілетін зиян сипатымен және т.б. анықталады.

*Теріс қылықтар* – бұл, қылмыстармен салыстырғанда қоғамдық қауіптің аз дәрежесімен сипатталатын құқық бұзушылық, ол қоғамдағы құқықтық тәртіптің жеке жақтарына қастандық жасайды. Теріс қылықты құқық салаларында қолданарлық түрде, сондай-ақ олар теріс қылық енгізетін қарым-қатынас түрлері бойынша және солар үшін қолданылатын жаза түрлеріне қарай топтауға болады.

*Тәртіптік теріс қылық* – қызметтік қарым-қатынастар аумағында жасалатын құқық бұзушылық және ол ең алдымен қызмет бойынша бағынушылық қатынастың тәртібін бұзады. Тәртіптік теріс қылық адамдардың (жұмысшылардың, қызметкерлердің, оқушылардың және т.б.) белгілі ұжымдарының қызмет тәртібіне қастандық жасайды, ол еңбек, қызмет немесе оқу тәртібін әлсіретеді де, тәртіптік теріс қылықты тудырады. Сонымен, мысалы, Еңбек туралы заңдар кодексі ескерту, сөгіс, белгілі бір мерзімге төмен жалақылы жұмысқа ауыстыру немесе төменгі лауазымға түсіру, жұмыстан босату сияқты тәртіптік жазалар қарастырылған. Тәртіптік жазаларды кәсіпорын, мекеме, ұйым теріс қылық шыққан күннен бастап бір айдан кеш қалмай және оны жасаған күннен бастап алты айдан кеш қалмай салады. Тәртіптік жазаның мерзімі – бір жыл.

*Әкімшілік құқық бұзушылық (теріс қылық)* - заң бойынша бекітілген қоғамдық тәртіпке, мемлекет органдарының атқару және орналастыру қызметі саласындағы қарым-қатынасқа қастандық жасайтын, қызметтік міндеттерді жүзеге асырумен байланысты емес құқық бұзушылық. Әкімшілік теріс қылықтар, мысалы, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін, мемлекеттік немесе жеке кәсіпорындарда санитарлық гигиенаны бұзу болып табылады. Әкімшілік делиттер, қоғамдық зияндылық немесе қауіп белгілеріне ие бола отырып, зияндылығының аз дәрежелілігімен қылмыстан айтарлықтай айырмасы болады.

Әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік заңмен қарастырылады. Бұл ең алдымен, айыппұл, арнайы құқығынан айыру (мысалы, көлік құралдарын басқару құқығы), түзету жұмыстары (екі айға дейін), әкімшілік тұтқындау (15 тәулікке дейін) және т.б. Жаза құқық бұзушылық жасаған күннен бастап екі айдан кеш қалдырмай қолданылуы керек.

Әкімшілік жаза түрлері әкімшілік құқық бұзушылық істерін олар жөнінде істер бойынша өндіріс қарастыратын өкілетті органдар, сондай-ақ әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыларды орындау тәртібі әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекспен анықталған.

*Азаматтық теріс қылықтар (деликттер)* – мүліктік және сондай-ақ мүліктік емес аймақта жасалатын құқық бұзушылық, ол адам үшін рухани құндылық болып табылады. Азаматтық құқық бұзушылық - ұйымдарға және жеке азаматтарға келісім бойынша міндеттерін орындамаудан, азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұсқан келтіретін мәліметтер таратудан тұратын мүліктік зиян келтірумен бейнеленеді. Азаматтық құқық бұзушылық, зиянның

орнын толтыру, бұзылған құқықты мәжбүрлеп қалпына келтіру немесе орындалмаған міндетін атқару сияқты санкцияларды қолдануға алып келеді.

*Еңбек құқығын бұзу (еңбек туралы заңды бұзу)* – еңбек міндеттерін бұзудан, орындамаудан тұратын және еңбек туралы заңның нормаларында болатын санкциялармен тыйым салынған еңбек құқығы субъектісінің құқыққа қайшы айыпты іс-әрекеті.

Іс жүргізудегі құқық бұзушылық азаматтардың немесе мемлекеттік органдардың әділ сот мүдделерін немесе құқық бұзушы құқықтық қатынаста тұрған жақтың іс жүргізу құқығын бұзушылығына байланысты. Бұл объективті түрде, соттың қолдау хатты қанағаттандырудан бас тартуы, бекітілген пішінге сәйкес келмейтін ізденім өтінішін қабылдау сияқты қорғау шараларын қолдануға және т.б. алып келетін құқықтық әрекет емес.

*Халықаралық құқық бұзушылық (деликт)* – халықаралық құқық нормаларына немесе жеке басының міндеттемелеріне қайшы келетін әрекет немесе басқа субъектіге, халықаралық құқық субъектілерінің тобына немесе барлық халықаралық қауымдастыққа залал келтіретін халықаралық құқық субъектісінің әрекетсіздігі. Халықаралық деликтіге - дипломатиялық өкілдерге қатысты құқыққа қайшы әрекеттердің жолын кесу жөнінде шаралар қолданбау, сауда міндеттемелерін бұзу және т.б. жатады.

Құқық бұзушылықтың ерекше түрі – құқыққа қайшы жағдай туғызу - өз бетімен орналасу немесе құрылыс орнату, бөгде адамның мүлкін ұстау, заңға қайшы мәміле жасасу, заңсыз акт шығару, азаматтардың құқықтарын немесе оларға жүктелетін заңмен қарастырылмаған міндеттерді бұзу және т.б. болып табылады. Осындай құқық бұзушылықтарды қалпына келтіру санкциялар құқығын қолдануға алып келеді.

Құқықтық норманың санкциясы деп, құқық бұзушылық жағдайында қолданылатын және оның қорытынды құқықтық бағасы енетін мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын нормативтік анықтауды атаймыз. Барлық санкциялардың ортақ мақсаты – құқықтық тәртіпті қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу. Мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану кезінде бұл мақсатқа екі негізгі тәсілдермен қол жеткізіледі: 1) бұзылған құқықтарды қалпына келтіру; 2) жеке тұлғаға әрекет ету және құқық бұзушының оны түзету, қайта тәрбиелеу, осындай құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы құқықтық статусы.

Санкциялар - құқықты қалпына келтіру (міндеттерін мәжбүрлеу арқылы орындауға, бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған) және айыппұл салушы, жазалаушы (құқық бұзушының кейбір құқықтарын шектеуді, оған арнайы міндеттер жүктеу немесе ресми түрде бетіне басуды қарастыратын) болып бөлінеді.

Құқық бұзушылықтың ең қауіпті түрі - *қылмыс* болып саналады. Қылмыстар дегеніміз - қоғамдық қауіпті, қылмыстық заңдармен тиым салынған, адамгершілік тұрғыдан сотталатын, айыпты деп табылған, жазаланатын, мемлекеттік конституциялық құрылысына, оның саяси және экономикалық жүйесіне, азаматтардың құқықтары мен бостандық меншігінің бекітілген түрлеріне қастандық келтіретін немесе құқықтық тәртіпті бұзатын

сондай-ақ мемлекеттің, қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғалардың заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіретін іс-әрекеттер. Қылмыстық әділ соттың мақсаты қоғамды тұтастай қорғау болып табылады. Сондықтан, қылмыстық сотқа жататын кез келген іс-әрекет қоғамдық қауіпті деп саналады.

Қылмыстың теріс қылықтардан айырмасы - қоғамдық қауіпінің жоғарғы дәрежесі және жеке тұлғаға, мемлекетке, қоғамға анағұрлым ауыр зиян келтіреді. Қылмыстар мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың негіздеріне, азаматтардың жеке меншігіне, жеке басына және құқығына, қарулы күштер қауіпсіздігіне қастандық жасайды, әрі қылмыстық жаза шараларын қолдануға алып келеді. Қылмыстық жаза қылмыс жасағаны үшін ғана емес, қылмыстық қастандығы, соған дайындалғаны, бірге қатысқаны, ал кейбір құрамдар бойынша – қылмысты жасырғаны және ол туралы хабарламағаны үшін де қолданылады. Тек сот қана, бекітілген іс жүргізу тәртібімен, қылмыс жасағаны бойынша айыпты деп санап, жаза белгілей алады.

Заң жүзіндегі жауапкершілік заңдылық принципіне, сондай-ақ гуманизмге, әділдік пен демократизмге негізделген. Бұл нақты түрде келесі: заң жүзіндегі жауапкершілік құқық бұзушылық құрамы болған жағдайда ғана мүмкін болуымен көрінеді. Құқық нормасы бұзылған жағдайда заң жүзіндегі жауапкершілік міндетті түрде тууы керек. Заң жүзіндегі жауапкершіліктің түрі мен шегін бұзылған құқық нормасында мемлекет айқын анықтайды.

Заң жүзіндегі жауапкершілік әрқашан қатаң түрде жеке басқа жүктеледі. Заң жүзіндегі жауапкершілікті жүктеу кезінде ерекше іс жүзіндегі тәртіпті сақтау және қолдану қажет.

Заң жүзіндегі жауапкершілік құқық бұзушыны жазалау үшін салынады. Қылмыстық ісі үшін сазайын тарту және айыбын өтеу идеясы заң жүзіндегі жауапкершілікті тек шектік әмбебап түрде жүктеу кезінде ғана болады: санкция көлемі (бас бостандығынан айыру немесе айыппұл, болмаса түзету жұмыстары, әйтпесе айып төлеу) қылмыстық істің ауырлығына байланысты.

Заң жүзіндегі жауапкершіліктің мақсаты – құқық бұзушыны қайта тәрбиелеу (келешекте құқық бұзушылық жасаудың алдын алу). Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп немесе залалдың орнын толтырып, немесе сөгіс алғаннан кейін айыпкер азаматтастарының қатарында қалады да, одан әрі өмір сүріп, жұмыс істеуін жалғастырады.

Қоғам өз қатарында, жазалаудан ызаланған емес, басқаға жамандық істесе, өзіне де жаман болатынын, ең қымбат игілігін - бостандықты, жақсы атағын, ар-намысын жоғалтқаннан гөрі адал өмір сүріп, заңды жолмен келген игіліктерді пайдаланып өмір сүру артық екенін мойындаған адамның қатарларында болуына мүдделі.

Заң жүзіндегі жауапкершілікті қолдану қоршаған адамдарға, олардың тарапынан құқыққа қайшы іс-әрекеттерді жасаудың алдын алу үшін насихаттаумен жүзеге асырылады. Кері жағдайда, олар сол бір жағымсыз нәтижеге ұрынуда немесе құқық бұзушы өтеген жеке басының игіліктерінен айрылудан басқа амалы болмайды.

Заң жүзіндегі жауапкершіліктің негіздемесі – құқық бұзушылық болып табылады. Субъектінің тәртібі құқық бұзушылық белгілеріне жатпаса, онда бұл

тұлға заң жүзіндегі жауапкершілікке жатпайды. Заң жүзіндегі жауапкершілік – бұл күрделі әлеуметтік процесс. Ол құқықтық нормалардың белгілеулерін бұзу нәтижесінде туады және құқық бұзушыға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану түрінде көрінеді. Заң жүзіндегі жауапкершіліктің маңызды белгісі мынада: оны мемлекет анықтайды және оның құзыретті органдары қолданады.

Заң жүзіндегі жауапкершіліктің басты мақсаттары құқық тәртіптерін қорғау және азаматтарды құқықты құрметтеу рухында тәрбиелеу деп санауға болады. Заңға және құқыққа құрметпен қарау әрбір адамның жеке наным-сенімі болып қалуы керек. Осы тәрбиелік процесте өз сөзін мектеп, еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдар және т.б. айтуы керек.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Гражданский кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994г. Общая часть. (С изменениями и дополнениями от 20.12.2004 г.) Алматы: Юрист, 2006.
2. Уголовный кодекс Республики Казахстан. Общая часть. (С изменениями и дополнениями от 21.12.2002 г.) Алматы: Юрист, 2006.
3. Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 30 января 2001 г. (С изменениями и дополнениями от 29.12.2008 г.). Алматы: Юрист, 2006.
4. Оспанов К.И. Основы права: Учебное пособие. Алматы: Жеті жарғы, 2007.
5. Венгеров А. Б. Теория государства и права. М.: Юриспруденция, 1996.





## Жастардың девианттық тәртібі және оның салдары

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Д.Г.Шорманбаева*

Адам өмірі нормалармен және құқықтармен реттеледі. Адамдардың қызметтері, егер олар жағдайға сәйкес тәртіпті анықтайтын ережелерді ұстанбаған болса, ретсіздікке айналған болар еді. Егер жүргізуші жол жүру ережелерін сақтамаса, жолдағы қозғалыс мүмкін емес. Біздің әрекетімізде сақталатын нормалар әлеуметтік өмірге реттілік пен алдын ала болжамдық береді. Алайда медальдың екінші жағы да бар. Адамдардың әрекеттері әлеуметтік күтуде әрқашан және бәрі сай келе бермейді. Үлкен асығыстықта немесе алкогольдің әсерімен адам автомобильді абайламай, жауапсыз жүргізуі, бір жақты қозғалыстағы көшемен кері жаққа жүріп кетуі мүмкін. Адамдар өздері сақтауға міндетті ережелерден жеткілікті түрде жиі ауытқиды.

Ауытқушы тәртіпті зерделеу (девианттық) – ең тартымды міндеттердің бірі. Талдау үшін бұл сала күрделі, өйткені ережелерді бұзу типтері әлеуметтік нормалар мен құндылықтар қанша болса – сонша көп. Сонымен қатар, түрлі мәдениет, сондай-ақ субмәдениет нормаларының бір қоғам шеңберінде айтарлықтай айырмасы бар. Сондықтан да, бір қауымдастықта қалыпты болып саналса, басқасында ауытқу болып табылуы мүмкін.

Жастардың девианттық тәртібі жөнінде мәселе жеткілікті түрде өзекті болып табылады. Девианттық тәртіп – бұл қандай да бір нормалардан ауытқу тәртібі. Қалыпты тәртіптен ауытқу салдарынан тіршілік қызметінің бейбіт қалпының бұзылуы болады. Жастар ең белсенді психологиялық субъект болып табылады, сондықтан да әлеуметтік жат қылық ең айқын түрде нақ соларда байқалады. Осы, тұрақты көзқарас қалыптаспаған жастағы тұлғалар сыртқы әсерге анағұрлым берілгіш. Қоршаған ортаның мүдделері мен көзқарастарын қабылдай жүріп, олар қандай да бір үлгілерді таңдап, бойларына сіңіреді де, одан әрі соны басшылыққа алады. Девианттық тәртіптің дамуымен қатар жастардың жақсы сезімдері уақыт өткен сайын сөне бастайды, бұл болашақ қылмыстылық үшін резерв болуы мүмкін.

Девианттық тәртіп соңғы кездері жаппай бұқаралық сипат алды, бұл осы құбылысты социологтардың, педагогтардың, психологтардың, медиктердің, құқық қорғаушы органдардың қызметкерлерінің назар аударатын орталығына айналдырды. Осы ауытқудың себебі адамның қоршаған әлеммен, әлеуметтік ортамен және өз-өзімен өзара байланысы мен өзара әрекеттесуінің ерекшелігінде жатыр. Сондықтан девианттық тәртіптің негізгі ұғымдарын,

негізгі тәсілдерін қарастыру, катализаторлар ретінде осы тәртіптің динамикасына әсер ететін оның мәні мен факторларын ұғыну маңызды.

Девианттылықтың мазмұны туралы айту үшін норма мен оның мәні туралы жалпы түсінік болуы керек.

Әлеуметтік норма - берілген нақты қоғамдағы адамдардың, әлеуметтік топтардың, әлеуметтік ұйымдардың қызметтері мен ұйғарылған тәртібінің тарихи қалыптасқан шектеуі, шамасы, аралығы.

Норманың қалыптасу субъектісі тұрғысынан олар:

- ресми бекітілген нормалар;
- нақты қалыптасқан нормалар болып бөлінеді.

Ресми бекітілгендер – бұл, заң шығарушылар немесе басқа осыған өкілетті тұлғалар жасаған нормалар.

Ресми бекітілген нормалар заңнамалар жинағында, әкімшілік актілерінде, лауазымдық нұсқаулықтарда, ұйымдар мен мекемелердің ішкі тәртіп ережелерінде, қоғамдық ұйымдар жарғыларында және т.б. жазылған.

Нақты қалыптасқан нормалар – бұл, қоғамдардың тарихи дамуы барысында немесе қандай да бір жағдайға байланысты стихиялық түрде туған ережелер. Осындай нормалар қатарына: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, адамгершілік нормалары, этикет нормалары жатады.

Қоғам нормаларында мәдениеттің басқа элементтері сияқты консерватизмге деген тенденциясы бар. Алайда әлеуметтік жүйелер сыртқы және ішкі процестердің әсерінен өзгереді. Өткендегі әлеуметтік қатынастарды ұқсас бейнелейтін нормалар, енді өзгерген жүйенің сұранысына жауап бермейді. Тек олардан ауытқу қиын жағдайдан шығуға мүмкіндік береді. Уақыт өткен соң, ауытқу - нормаға, норма ауытқуға айналады. Осылайша, девианттық – бағалаушы ұғым екеніне көңіл аударайық. Тәртіптің бір түрлері қолпаштанады, екіншілерін, керісінше, топтар немесе қоғам талқыға салады.

Әлеуметтік кеңістікте девианттық бағасының айырмасы бір қоғам құрайтын топтардың мәдени түсінігінің айырмасы ретінде ұғылады. Мысалы, жеткіншектер ортасында ұсақ бұзақылық - қаһармандық, «шынайы еркектік» қасиетті таныту деп саналады, ал ересектер бұл туралы мүлдем басқа пікірде болады. Осылайша, норма мен девианттық - мүлдем салыстырмалы құбылыстар. Норма мен девианттықтың қатынасы қалай салыстырмалы болса да, ауытқушы тәртіптің жағымды және жағымсыз жақтарын айыру қажет.

Біз атап өткендей, ауытқушы тәртіптің жағымды түрлерін бөлеміз.

Жеке тұлғаның данышпандық сияқты қасиеті әрқашан ең үлкен қызығушылық тудырады. Миллиондаған адамдар өз бетінше шығармашылықпен, әсіресе, көркем өнермен айналысады. Кәсіптік шығармашылықпен мыңдаған адамдар айналысады. Алайда, шеберлік шыңына аздаған адам ғана жетеді. Табыс шыңына табиғи ерекше дарынды индивидтер жетеді. Олар өз өмірлерін не өнерге, немесе ғылымға, болмаса өнертабысқа арнайды. Алайда, мұндай адамдардың өмір салты, көбінесе қоршаған ортаға түсініксіз болып келеді – олар немесе отбасын құрмайды, немесе шектен тыс кірпияз, болмаса күнделікті істерге икемі жоқ, немесе ысырапшыл, немесе жөнсіз қылықтарға жол береді.

Шығармашылық түрде дарынды, көркем өнер шығармаларынан шешім тапқан адамдардың девианттығы азаматтарға өзін және қоршаған ортаны түсінуге, өмірден ләззат алуға көмектеседі. Ал ғылыми жаңалықтар адамзат болмысының түрлі салаларындағы прогреске ықпал етеді.

Принциптілік. Күнделікті практикада адамдар айтарлықтай икемді болады: өз мүдделерін жағдайға қарай қорғайды. Билеушілер пікірімен жанжалға баратындар аз. Басқаша айтқанда, көпшілігі конформист болып қалады. Алайда, қандай жағдайда болмасын өз сенімін өзгерте алмайтын және оны белсенді түрде қорғайтын адамдар бар. Принципті адамдар көбінесе қоршаған ортаға ыңғайсыз келеді, олардан еңбек ұжымдарында да және ұйымдарында құтылуға тырысады. Алайда, олардың нақты девианттық тәртібінсіз әлеуметтік құрылымдар үлкен дәрежеде құлдырауға кетеді.

Шектен тыс зиялылық. Бұл өздерінің кейпімен және тәртібімен этикет пен адамгершілік эталонын іске асыратын адамдарда болады. Олар әрқашан әдепті, жинақы, оқыған, ниеттес, манераларының жұмсақтығымен ерекшеленеді, жол беруге икемді, өз пікірлеріне бағындырмайды, кімге қатысты болса да менсінбеушілік көрсетпейді. Осындай адамдардың тәртібін қоршаған орта қолдайды. Бірақ олардың үлгісімен жүруге асықпайды. Аталған қасиеттердің зиялылықты шектен тыс уәждемей тұжырымдалғаны әбден айқын. Олар, айнытпай қайталануы екіталай жеке басының тағдыры мен өмір салтының ерекшелектерімен тұжырымдалған.

Көбінесе, девиацияның соңғы түрлеріне зор көңіл аударады, себебі нақ солар жеке тұлғалардың мүдделеріне, әлеуметтік топқа, тұтастай қоғамға зиян келтіреді, бұзылатын нормалар типінен девианттық тәртіптің келесі негізгі түрлерін ажыратуға болады: өлтіру, зорлау, жезөкшелік, нашақорлық, өзіне-өзі қол жұмсау. Алайда девианттық ауқымы аталған жағымсыз құбылыстарға қарағанда, анағұрлым кеңірек.

Маскүнемдік және алкоголизм. Осы түсініктер арасында айырмашылық бар. Алкоголизм – спирт ішімдігіне патологиялық құмарту және одан кейін жеке тұлғаның әлеуметтік-адамшылықтан кері кетуі. Маскүнемдік – бұл алкогольді шамадан тыс қолдану, ол жеке басының денсаулығына қауіп төндірумен қатар оның әлеуметтік бейімделуін бұзады. Маскүнемдікке апаратын жол көбінесе, ойын-сауық, естелік күндерді тойлау, ерлі-зайыптық, отбасылық келіспеушіліктер, жұмыстағы жағымсыз жағдайлар болып табылады.

Алкогольге тәуелділік бірте-бірте қалыптасады да, ішкіш адамның ағзасындағы күрделі өлшемдермен анықталады. Спирт ішімдігіне құмарлық адамның тәртібінен: ішуге дайындық кезінде тым абыржушылық, «қолдарын ысқылау», эмоциялық көтеріңкілік байқалады. «Алкогольдік өтілі» көп болған сайын, ішімдікке салыну аз рахат әкеледі.

Алкоголизмнің қалыптасуына бірнеше факторлар әсер етеді: тұқым қуалау факторлары, мінезі, жеке тұлғаның өзіндік қасиеттері және қоршаған ортаның ерекшеліктері. Алкоголизацияға ықпал етуші факторларға – материалдық жағдайының және білімінің төмен деңгейін жатқызуға болады.

Қылмыс – бұл құқыққа қайшы, айыпты жазаланатын қоғамдық-қауіпті, заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қастандық жасайтын және оларға айтарлықтай зиян келтіретін іс-әрекет. Теріс қылықтар – бұл да құқыққа қайшы айыпты, бірақ үлкен қоғамдық қауіп тудырмайтын іс-әрекет. Теріс қылықтар әкімшілік, азаматтық, еңбек нормаларымен және т.б. құқық салаларымен реттеледі. Теріс қылық түріндегі құқық бұзушылық жасөспірімдерде тәртібінің шамданған мәнерімен, бейпіл ауыздықпен, төбелес құмарлықпен, ұсақ ұрлықпен, маскүнемдікпен, қаңғыбастықпен көрінеді. 14-18 жастағы жасөспірімдер мен жеткіншектерге құқыққа қайшы тәртіпті пайдакүнемдікпен де, сондай-ақ зорлықпен де уәждеу тән. Пайдакүнемдік құқық бұзушылықта аяқталмаған балалық мінез болады, себебі бұл агрессиямен уәжделмейтін сотқарлық пен әуестіктен туады. Бүгінгі күні жасөспірімдер мен жеткіншектердің құқық бұзушылықтарына автокөлікті мініп кету, жастар сәніндегі заттарды тартып алу (радиоаппаратура, спорттық бұйым, сәндік киім, ақша, тәтті тағамдар, шарап және т.б.) жатады.

Зорлық жасау құқық бұзушылығы өзін таныту қажеттіліктерінен, айуандық сезімнен, өз компаниясы алдында жалған ұғымдағы парызынан, тәрбиенің жетіспеуінен туады. Әсіресе, бұл тәртіп нормасы маскүнемдік, дөрекілік, қатыгездік болған отбасыларында өскендерге тән. Жастардың типтік зорлық жасау құқық бұзушылығына жастардың «жанжалын» жатқызуға болады, ол былапыт сөздермен, зорлықпен қатар жүреді.

Қылмыстың барлық көріністері – бұл ауытқушы тәртіптің соңғы дәрежесі, мұнда жеке тұлғалардың, әлеуметтік институттар мен қоғамның мүдделері қатер үстінде болады. Әрине, бір де бір қоғам өзі құқыққа қайшы деп санаған тәртіпке және олармен күрес жүргізуде қандай құралдар мен әдістерді қолдануда немқұрайды қалған емес.

Өзіне-өзі қол жұмсау (суицид) – бұл өз еркімен, әдейі өз өмірін тоқтату. Суицидтік тәртіп - бұл, оған алкоголь ішу, есірткі қолдану, табанды түрде емделуді қаламау, көлікті мас күйде жүргізу және өмірлік бағдарларды анықтай білмеуі сияқты түрлерін жатқызуға болатын ең бұзақы тәртіп. Суицидтік тәртіп жеткеншектерде көбінесе өмірлік тәжірибенің жоқтығынан және өмірлік бағдарларын анықтай білмегендікпен түсіндіріледі. Осы себептерден басқа ерекше себептер бар:

Суицидтің келесі себептері таралған:

- маңайындағы жақындарынан сүйікті адамын жоғалту немесе махаббат; сезімінің менмендіктен тапталуы;
- жеке басының қасиетіндегі осалдық сезімін;
- тым қатты шаршау;
- алкогольдік мастық, психотропты заттарды қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қорғаушы механизмдерінің бұзылуы;
- токсикомания және нашақорлық;
- өзіне-өзі қол жұмсаған беделді адаммен өзін теңестіру;
- адам өз тәртібіне бақылауды жоғалтқан кезде қатты агрессия, қорқыныш түріндегі фрустрация және аффект жағдайы;

Суицидтік тәртіп себептерін бекіту үшін олардың мәнерлері мен осыған алып келетін нақты жағдай туралы талқылауға мүмкіндік беретін себептердің маңызы зор.

Нашақорлық - бұл есірткілерге физикалық және психологиялық түрде тәуелділікпен, оларға құмарлығын жеңе алмаумен айқындалатын ауру, бұл бірте-бірте ағзаны физикалық және психологиялық азғындауға алып келеді. Нашақорлықтың әлеуметтік салдары болады. Қылмыстық элементтер үшін бұл - ақша табудың оңай жолы. Нашақорлықты шектен тыс қолдану, әсіресе жастар арасындағы өлім-жітімнің артуына және соматикалық, психикалық аурулардың тұтас бір бумасының дамуына алып келеді.

Нашақорлық негізінде қылмыстар жасалады, себебі «сырқырау» жағдайында нашақор кез келген қылмыс жасауға қабілетті. Есірткілерді алу - тұлғаларға қарсы бір қатар қылмыстардың: ұрлық, тонау, қарақшылық жасаудың аясы бола бастайды. Нашақорлық ұрпаққа теріс әсерін тигізеді. Балалар айтарлықтай физикалық және психикалық ауытқулармен туады, бұл өз кезегінде отбасының құлдырауына әкеледі. Нашақор, тұлға ретінде жойыла бастайды, себебі есірткіге құлдық тәуелділік адамға жат әрекеттер жасауға итермелейді.

Нашақорлықтың психологиялық субъективті себептерінің бірі сан түрлі жағдайларға: жеке қиыншылықтарға, әлеуметтік-мәдени саланың жетіспеушілігіне, әлеуметтік әділетсіздікке, бос уақытының орнықтауына, тұрмысының жайсыздығына, оқуда немесе жұмыстағы сәтсіздіктерге, адамдардан түңілуге байланысты өмірге көңілі толмау болып табылады.

Нашақорлық себептері этнологиясындағы нашақор тұлғасы айтарлықтай орын алады. Демографиялық, жасына байланысты және әлеуметтік-медициналық аспектілер айтылады. Нашақорлар арасында еркектер басым. Басқа маңызды жағдай - бұл ең бастысы осы ауруға жастардың душар болғаны.

Нашақорлық пен токсикоманияның мүмкін мәнерлері:

- 1) есірткі затының әсеріне қатысты әуестікті қанағаттандыру;
- 2) белгілі бір топқа қабылдану мақсатында соларға жататындық сезімін тексеру;
- 3) тәуелсіздігін, ал кейде қоршаған ортаға қатысты жауластық күйін білдіру;
- 4) рахаттандыратын жаңа, толқытатын немесе қатер тұнған тәжірибені тану;
- 5) «ойлау айқындығына» немесе «шығармашылық шабытқа» жету;
- 6) толық босаңсу сезіміне жету;
- 7) еңсесін басатын бірдеңеден қашу.

Нашақорлық үшін қоректену негізі микроорта болып табылады. Отбасы, қоршаған көше үлкен рөл атқарады. Ең болмаса бір нашақордың көшеде, аулада, мектепте, жұмыста пайда болуы қоршаған ортаға жаман әсер етеді. Ең басында есірткілерді тегін береді, сосын қарызға, сосын ақша талап етеді.

Токсикомания – токсинді заттарды, транквилизаторлар таблеткаларын, яғни күшті шайдан – «чифирден» алынған кофеинді, тұрмыстық химияның

жұпар иісті заттарымен дем алу арқылы тұтынудан туатын ауру. Мас күйде эйфориядан басқа көру галлюцинациялары пайда болады.

«Проституция» термині латынның prostitution – қорлау, абыройын төгу деген сөзінен шыққан. Ғалымдар жезөкшелікте келесі мән береліктей белгілерін бөліп қарастырады:

- 1) айналысу тегі – клиенттердің нәпсілік талаптарын қанағаттандыру;
- 2) айналысу сипаты – түрлі адамдармен жыныстық қатынас түріндегі, сезім құмарлығынсыз және клиенттерінің жыныстық құмарлығын кез келген түрде қанағаттандыруға бағытталған жүйелі кәсіп;
- 3) айналысу мәнері – ақша және материалдық құндылықтар түрінде алдын ала келісілген сыйлық, ол жезөкше тірлігінің негізгі немесе қосымша көзі болып табылады.

Жезөкшеліктің себептері басқа да көптеген ауытқулармен бірдей әлеуметтік-экономикалық және адамдық-этикалық факторлар болып табылады. Алайда өзіне тән себептері де бар. Әйелдердің бір бөлігінде күшті либидо болады, олардың сұраныстары орташадан жоғары, осыдан спорттық секске шығады. Жезөкшеліктің екінші себебі жезөкшені қоршаған ортада. Осы, өздерінің өзара қатынас нормаларын бекітетін рэкетирлер, сутенерлер, «малиналарды» қамтамасыз етушілер және т.б. оларды өз «жарғысына» бағындырады.

Сарапшылардың басым көпшілігі, жезөкшеліктен құтылмаймыз, себебі көбею талабы – күшті физиологиялық қажеттілік. Жезөкшелік – бұл қылмыс, алкоголизм және девианттық тәртіптің басқа түрлері сияқты әлеуметтік мәселе. Жезөкшелікті жою – күдері үзілген іс, себебі нәпсілік талаптар – адамның бастапқы қажеттіліктері. Сондықтан әңгіме жезөкшелікті жою туралы емес, оны өркениеттік реттеу туралы болуы керек.

Жезөкшелікті ұстап тұратын факторлар - халықтың тұрмыстық деңгейін көтеру, жыныстық тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру, әлеуметтік теңсіздікті тегістеу, жезөкшелікпен паразиттендіретін сутенерлердің, «хаталар» мен т.б. ұстаушылардың қызметіне қылмыстық жауапкершілік енгізу болуы керек. Әсіресе, жезөкшелікке кәметтік жасқа толмағандарды енгізу қауіпті. Біздің кезімізде жезөкшелік «махаббатты сату» жөніндегі бизнеске кеңінен қанат жайғызды. Жезөкшелік пен жыныстық үйлеспеушілік сөзсіз ЖИТС-тің таралуына алып келеді. Ғалымдардың болжауынша 10-15 жылдан кейін осы эпидемия №1-ші мәселе болады.

Адамдардың «жағымды» және «жағымсыз» туралы түсініктері тұрақты шама болып табылмайды. Олар уақытпен де, сондай-ақ кеңістікпен де өзгереді. Уақытпен өзгеру, сол бір халықта сол бір әрекет бір кезеңде жағымды, екінші кезеңде жағымсыз болып бағалануы мүмкін. Мысалы, еврейлердің КСРО-дан ағылып келуін көпшілігі патриотизмнің жоқтығы, бейімделушілік көрінісі деп қабылданған болатын. Қазіргі кезде эмиграцияға көзқарас, сондай-ақ шетелдіктермен некеге тұрған әйелдерге де анағұрлым төзімділік танытып келеді. Кеңістіктегі өзгерісті мәдениет контекстінде қарастыру қажет. Физикалық кеңістіктегі өзгеріс халықтар мәдениеттерінің айырмасына жанасады. Мысалы, американдық социолог Н. Смелзер, шағын Канзас

қаласында жезөкшелік заңсыз, әрі девианттық болып саналады, ал Ренода ол заңдастырылған, бірақ қолдау тудырмайды, Парижде – заңды және талқылау тудырмайды деп дәлелдейді.

Осылайша, девианттық тәртіптің барлық түрі бірдей соншалық талшықтап талдауды қажет етпейді. Әлеуметтік ауытқулардың басым саны қоғамның дамуында бұзушы роль атқаратынын мойындаған жөн. Тек кейбір аздаған ауытқуларды пайдалы деп санауға болады.

Әлеуметтік ауытқудың қалыптасуында қылмыстық тәртіпке дейін әлеуметтік орта зор роль атқарады. Сондықтан ауытқулармен күресудің жаңа әлеуметтік бағдарламалары болуы керек. Олар қоғамның барлық әлеуметтік терапиясына, оның физикалық денсаулығының, мәдениеті мен жақсы тұрмысының артуына ықпал етулері керек. Тек қоғамның ұйымдастырушылық мәдениетін өзгерту жолымен әлеуметтік қатынастардың анағұрлым жоғары деңгейлеріне көтерілуге болады, бұл халық тәртібінің әлеуметтік түрлерінің өсуіне ықпал етеді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бытко Ю.И., Ладно А.С. Девиантное поведение подростков // СоцИс. 1988. №4.
2. Бачинин В.А. Антропология анормативного поведения // Общественные науки и современность. 2001. № 3.
3. Осипова О.С. Девиантное поведение: благо или зло? // Социологические исследования. 1998. № 9.
6. Афанасьев В., Гишинский Я. Социология девиантного (отклоняющегося) поведения.- СПб., 1993.



## Қарулы күштердегі қызмет - Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеті

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының меңгерушісі,  
т.ғ.к., доцент  
Н.Қ. Смағұлов*

Қазақстан қоғамының тыныштығы, шекараның мызғымас беріктігі, еліміз аумағының тұтастығы, тәуелсіз және егеменді Қазақстанның қалыптасуы мен өркендеуі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың негізгі міндеттері болып табылады. Алайда барлық осы міндеттердің шешілуі ең бірінші кезекте әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасымен байланысты.

Қазақстанның әскери қауіпсіздігі барлық одақтас республикалар сияқты 1990-жылдарға дейін Кеңес Одағының бірыңғай әскери-экономикалық және өнеркәсіптік потенциалымен қамтамасыз етілді, ол әскери потенциал дүние жүзіне өзінің күш қуатын азамат және Ұлы Отан соғыстары кезінде дәлелдеді. Соғыстан кейінгі кезеңде КСРО және қазіргі заманғы қарау-жаракпен және әскери техникамен жарактандырылған Варшава келісім-шарты елдері құрамында НАТО блогына әскери бақталастықта алғашқы орында болды. Сондықтан Қазақстан соңғы уақытқа дейін КСРО құрамында бірыңғай Қарулы Күштер қатарынан орын алды. Бірақ КСРО-ның ыдырауымен бірыңғай Қарулы Күштер де ыдырады.

Конституция бойынша сол кезде Қазақстанда республиканың әскери қауіпсіздігінің мәселелері шешілуі мүмкін жеке меншік Қорғаныс Министрлігі де болмады. Қазақстанның әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің барлық аспектілері 1991 жылға дейін КСРО Қорғаныс Министрлігінде талқыланды, түзетілді және шешілді, ал бұл министрлік 1991 жылдан бастап — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Біріккен Қарулы Күштерінің командованиясы деп аталды [1].

Еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесі тұрғысынан Қазақстанның жоғары басшылығы соңғы сәтке дейін бірыңғай Қарулы Күштерге — ТМД мемлекет басшыларының 1991 жылғы кездесуіне дейін енді.

1991 жылы желтоқсанда Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан одақтық келісім шартта біздің мемлекетімізді тұтас ағза ретінде сақтау және оның қауіпсіздігі мен халықаралық беделін қамтамасыз ету үшін жалғыз нақты жол екенін көріп отыр... Сондықтан біз Одақ — жаңа, әділ Одақ, егемендігі тең республикалар одағына енеміз» деп баса айтып өтті. Елбасы «Келісімшартқа қол қою Қазақстанның егемендігін нақты жүзеге асыруға,



одақтас және республикалық органдардың функциясын дәл айқындауға, өзін-өзі анықтау құқығын іске асыруға мүмкіндік береді» деп атап көрсетті [2].

Кейін осы ұстанымды бірізділікті дамыта отырып, Н.Ә. Назарбаев өзінің келесі сөйлеген сөзінде: «Қазақстан — Одақ үшін. Бұл 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғары Кеңесімен қабылданған мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда анық айтылған. Бірақ республикада қалыптасқан жағдайлармен санасатын Одақ үшін...» деп атап көрсетті [3].

Бірыңғай Одаққа және бірыңғай әскери басшылыққа Прибалтика, Украина, Молдова мен Закавказье республикаларында басқаша көзқарас қалыптасты.

Латвия Коммунистік партиясының жетекшісі А.П. Рубикс Одақ құрамында қалу немесе қалмау керек пе деген сұраққа бір мағыналы оң жауап бермеді, «Латвия аумағында орналасқан Кеңестік Қарулы Күштердегі және Коммунистік партияға орынсыз айыптауға» сілтеме жасай салды [4]. Бәрінен бұрын ол Латвияда адамдар Латвия Ұлттық қорының саясатымен және Жоғары Кеңестегі оның фракциясымен келіспейді, бұқаралық ақпарат құралдарында қатаң моральдық терроршылдыққа ұшырады, жұмыстан қуылды, оларда шыдамсыздық атмосферасы қалыптасты, оларға «халық жауы» деген атау тағылды деп айыптады. Осылайша Латвияның бірінші басшысы бірыңғай Одақты қабылдамайтыны туралы өз пікірін білдірді.

Егеменді Украинада сол жылдары саяси күштер арасындағы қарама қайшылықтар байқалды. Одақ қарсыластары «қоғамдық-саяси құрылыстың ауысуына және капитализмнің келуіне жақтасты, КСРО құрамынан шығуды үндеді» [5].

Бұл жағдайда Қазақстан өзінің дербес саясатын бірізділікті табанды қорғай білді, бұл «Одақтық келісім шартты жасау және рыноктық қатынастарға сауатты көшу — бұл екеуі соңғы құтқарушы шеңбер» екенін көрегенділікпен танып білді [6].

Бірақ соған қарамастан тарих өз дегенін жасады, бірқатар себептерге байланысты Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ыдырады.

КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінде өткен тарихи реалияларды ескере отырып, неғұрлым қырағы бола білді. 1990-жылдардың басында екі жүйенің қарама-қайшылығының орнына басқа тәртіптегі проблемалар пайда болды. Он шақты жыл ішінде қалыптасқан өңір аралық, өңір ішіндегі, екі тарапты экономикалық, саяси, этникалық, азаматтық дау-дамайлар ашық түрдегі әскери қақтығыстарға әкеліп соқты (кейінірек жекелеген нүктелерде өрши түсті). Бұрынғы Кеңестер Одағының әр түрлі бөліктеріндегі бұрқ еткен қанды соғыстарды басу мүмкін болмады, ол соғыстарда мыңдаған адамдар құрбан болды.

Егеменді Қазақстан «Кеңестер Одағынан қалған аса мол ядролық қаруы бола отырып, халықаралық қауіпсіздікті нығайтудың негізгі жолы өңірлік және өңір аралық байланыстар орнату, ұжымдық қауіпсіздік принциптеріне негізделген қауіпсіздіктің жаңа жүйесін дамыту деп таныды» [7].

Бұл жағдайда 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Қаулысымен қабылданған «Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияға» қол қою негіз болды [8].

Мемлекеттік егемендік туралы декларацияға ұқсас КСРО-ның барлық республикаларында бұрын қабылданған еді. Сондықтан КСРО-ның барлық республикалары ішінен ең соңында ғана мемлекеттік егемендігін жариялады, тек осы сәттен бастап қана өзінің әскери қауіпсіздігін жеке меншік күштерімен қамтамасыз етуге бағыт алды.

КСРО ыдырағаннан кейін Егеменді Қазақстанның Қарулы Күштерін құру процесін талдай отырып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері министрі, армия генералы С.К. Нұрмағамбетов КСРО бірыңғай Қарулы Күштерінің ыдырауы басталды деп санайды, бұрынғы одақтас республикалар өз егемендіктерін жариялағаннан кейін «республикалардың саяси және мемлекеттік қайраткерлері өздерінің барлық отандастарын Отанына оралуға шақырды» [9].

С.К. Нұрмағамбетов өз республикаларына оралуға шақыруды осы мерзімде КСРО Қарулы Күштерінде әскери қызметін өтеп жүрген барлық ұлттың офицерлері, прапорщиктері, сержанттар мен солдаттар да естіді. Соның нәтижесінде көптеген әскери қызметшілер әскери бөлімдерін демалысқа кеткенде немесе басқалай да себептермен тастап кетті, қайтадан оралмады, ал республикалық әскери шенеуніктер командирлердің әскер бөлімін өз бетімен тастап кетуші әскери қызметшілерді іздестіру туралы жолдаған ресми сауалдарына жауап бермеді. Әскерде әскер бөлімін өз бетімен тастап кетушілік жаппай құбылысқа айналды.

Республика Президентінің өкімі бойынша 1993 жылы құрылған жедел топтың мәжілісінде өткен 1992 жылда 12000 адам Қорғаныс министрлігі бөлімдерін заңсыз тастап кеткен деп баяндалды [10]. Қалыптасқан жағдайда әскер бөлімін өз бетімен тастап кетушілікке амнистия жариялау «әскери құрамаларды басқа солдаттардың өз бетімен тастап кетуіне итермелейді» немесе оларды мемлекет осы заңға қайшы іс-әрекеттері үшін қылмыстық жазадан ресми қорғауды мойнына алды.

1991 ж. 21 желтоқсанда Алматы қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы кездесу болып өтті. Осы кездесу барысында стратегиялық қару-жарақтар туралы Келісімге қол қойылды. Қазақстан СНВ-1 және бірқатар басқа келісім-шарттарға қол қоюға келісім берді, бірақ бірден ядролық қарусыз мемлекет деп жарияламады. Қазақ КСР Президенті Н.Ә.Назарбаев сол жылдары «ең бірінші ұлы державалар тарапынан Қазақстан қауіпсіздігінің кепілдігі қамтамасыз етілуі керек, содан кейін ғана республика өзінің аумағында орналасқан барлық ядролық қару-жарақтардан бас тарта алады» деп біржақты жариялады [11]. Мұндай позиция 1991 жылғы тамыз оқиғаларына ұқсас оқиғалардан егеменді Қазақстан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылуымен түсіндірілді.

Соған қарамастан, Қазақстан осы мерзім ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Біріккен Қарулы Күштерін құру идеясын жалғастыра берді. Өтпелі кезең ішінде бірыңғай инфрақұрылымды, жалпы қорғаныс кеңістігінің

маңызды элементтерін сақтау кезінде ұлттық армияда бірыңғай Қарулы Күштердің өркениетті өзгеруін қамтамасыз ету мағынасынан тұрады. Бұл ретте Достастыққа мүше барлық мемлекеттердің экономикалық, әскери-техникалық, меншік әскери артықшылықтары айқын болды. Бірақ ең бастысы әскери қызметшілердің өмірлік мүдделерін, олардың отбасыларын қорғау қажет еді, себебі олардың күрделі жағдайлары да тәуелсіз мемлекеттердің жеке әскерін құрумен байланысты күрделіленді.

Осы мақсатта Қазақстан басшылығы тарапынан белсенді қолдау кезінде бұрынғы КСРО Қарулы Күштерінің Біріккен командованиясі құрылды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Біріккен Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы авиация маршалы Шапошников Евгений Михайлович болды.

Біріккен Қарулы Күштері командованиясінің функциясы мен міндеттері ең бірінші кезекте КСРО Қорғаныс Министрлігі ретінде қарастырылды. Бірақ жекелеген республикаларда олардың аумақтарына орналасқан әскерлер сол өңірдегі үкімет билігіне бағына бастады.

Қазақстанның жеке меншік әскер құруға көшу мәселесі туралы ұстанымын анықтау күрделі геосаяси процестер шеңберінде қалыптасты. Бұрынғы КСРО оңтүстік шекаралары тұрақсыздық белдеуі ретінде сипатталды, тіпті ашық әскери тартыстар ошағына айналуы ықтимал еді. Ауғанстандағы соғыс мемлекеттік шекаралар аралығын аттап өтті және ашық түрдегі соғыс қатерін білдіреді. Қырғызстан Республикасындағы Ош қаласында екі көршілес қырғыз бен өзбек халықтарының өкілдерінің қанды қақтығыстары орын алды, соның нәтижесінде ондаған жазықсыз адам қаза тапты. Қазақстан Закавказье өңірінде болып жатқан қақтығыстардан шет қала алмады. Ол жерде Әзірбайжан мен Армения арасындағы ірі қақтығыстар орын алды. Грузияда да соғыс өрті бұрқ ете қалды.

Сол жылдары көптеген республикаларда қалыптасқан жағдайға байланысты егеменді мемлекеттердің Қорғаныс министрлігі асығыс түрде құрылды. Жағдай Қазақстанға ауыстырылған әскерге жақсы жолға қойылған қатаң бақылауды жүзеге асыруды талап етті. Ел басшылығы бұл үшін барлық қажетті шараларды қабылдады. 1991 жылы 21 тамызда Қазақ КСР қауіпсіздік Кеңесін құру туралы» мемлекет басшысының Жарлығы шықты [12].

Сол жылдардағы мемлекет басшысы әкімшілігінің лауазымды тұлғаларының бірі Президент аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлім меңгерушісі К. Сүлейменов жеке меншік Қарулы күштерді құру қажеттілігі туралы былай деп жазды: «...республикадағы соңғы жылдар ішінде бірнеше рет көтерілген әскери құрылым құруға байланысты мәселелер күн тәртібіне қойылды». Бәрінен бұрын, ол «қазіргі кездегі күрделі жағдайда, бұрынғы Одақ жоқ болған кезде, жарияланған егемендікті қорғау үшін, сондай-ақ республикадағы және еліміздегі әскери саясатқа нақты әсер ету үшін республикалық қорғаныс ведомствосын құру объективті қажеттілікке айналуға» деп атап көрсетті [13].

Осы жағдайда Қазақстанның Қарулы Күштерін құрудағы егемендік құқығы туралы шешімдер бірізділікті және логикалық түрде көрінді.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі қазақ ұлтының өзін-өзі билеу құқығын мойындады, азаматтық және құқықтық мемлекет құру туралы шешімнен шыға отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады. Конституциялық заң жеке меншік Қарулы Күштер құруда республиканың құқығын анықтады [14].

Жоғарыда баяндалғандар негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: Қазақстан Қарулы Күштер құру мәселесіне қалыптасқан тарихи, геосаяси және әскери реалиялар тұрғысынан келді. Республика басшылығы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттер арасынан жеке меншік әскерді құру мәселесін шешті. Ұжымдық қауіпсіздік идеясын соңғы сәтке дейін қолдай отырып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Біріккен Қарулы Күштері құрылды.

1992 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құрылған күннен бастап тәуелсіз, егеменді Қазақстан әскерінің тарихы басталды.

Меншік қарулы Күштерді құру саяси, экономикалық және этникалық қиыншылықтармен ілесе жүрді.

Ел Президенті, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларының жүйесі іске асырылды, соның негізінде ұжымдық қауіпсіздікті нығайту, басқа державалармен достық пен ынтымақтастықта әлемдік өзара пайдалы саясатын жүргізу арқылы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің өзіндік қорғаныс жүйесін жасау мен жетілдіруге үлкен көңіл бөлінді.

Бастапқы кезеңнің негізгі проблемасы егеменді мемлекеттің әскерін және әскердің нормативтік-құқықтық базасын басқарудың тиімді жүйесін жасау қажеттілігі болды. Күн тәртібінде Қарулы Күштердің офицерлік кадрларын дайындау және жинақтау мәселелері, әскер дайындығын, әскери және жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру, әскери тәртіпті арттыру, әскер бөлімдерін өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілерге жаза қолдану мен заң бұзушылықтарды анықтау проблемалары тұрды. Әскерді жасақтауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру басталды.

«Қазіргі күні біз, - Қазақстан Республикасы Қорғаныс экс-Министрі армия генералы М.К. Алтынбаев, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Әскери Академиясында сөйлеген сөзінде, - Қорғаныс министрлігінің жүйесі тұтастай осы мерзім ішінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыстар жасадық және мемлекеттің әскерді ұйымдастыру реформасы шеңберінде мемлекет басшысы — Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасын орындадық» - деп атап көрсетті [15].

Осы жылдар ішінде Қазақстанның Қарулы Күштер қатары мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ҚР ҚҚ әскери қызметшілердің әл-жағдайын арттыру мен реформалар жасау мақсатындағы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тұрақты қамқорлығын сезінді.

Соңғы жылдары Қарулы Күштерді қаржыландыру нақты ұлғайды. Бұл әскери округтерді қалыптастыру, Жұмылдыру күштері мен Құрлықтағы әскерді құру бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыруға мүмкіндік берді және ең бастысы әскери қызметшілердің қызметі мен өмірінің әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді.

Тәуелсіздік Қазақстан Республикасы әскери қызметшілеріне егемендікті және аумақтық тұтастықты қорғау ісіне өз үлестерін қосу мүмкіндігін береді. Олар барлық қазақстандықтармен бірге құқықтық-демократиялық мемлекет құру жолында, экономиканы көтеруде, ғылым мен мәдениетті дамытуда, ұлтты рухани жетілдіру жолына белсене атсалысуда.

Біздің әскеріміз неғұрлым сапалы және қазіргі заманға лайықты түрде қалыптасып келеді, жалпы халықтық құрметке лайықты. Мұның барлығы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің ертеңгі күніне деген сенімділік пен оптимизмді күшейтеді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Сатпаев Д., Спанов М. Национальная безопасность Республики Казахстан: опыт определения // Евразийское сообщество: общество, политика, культура. 1998. №4. 166 с.
2. Доклад Н.А. Назарбаева на XVII съезде Компартии Казахстана //Казахстанская правда. 1990. 23 декабря.
3. Выступление Е.М. Асанбаева // Казахстанская правда. 1990, 13 декабря.
4. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. Алматы: Онер, 1996. 63 с.
5. Декларация о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики //Казахстанская правда. 1990. 28 октября.
6. Нурмагамбетов С.К. А в памяти нет тишины... Алматы: Ана тілі, 1999. 88 с.
7. Результаты заседания оперативной группы при Президенте Республики Казахстан // Казахстанская правда. 1993, 13 мая.
8. Об образовании Совета безопасности Казахской ССР. Указ Президента Казахской ССР // Казахстанская правда. 1991. 22 августа.
9. Бакаев Л.К. Защита Отечества (военно-исторический опыт: проблемы, противоречия и достижения). Алматы, 1996. 14 с.
10. О государственной независимости Республики Казахстан. Конституционный Закон Республики Казахстан от 16 декабря 1991 г. //Новые законы Республики Казахстан: Алматы: Әділет, 1992. Т.1. 7 с.
11. Уразов Е.Л., Аманжолов К.Р., Муханбеткалиев Х.С. На страже независимости Казахстана. Алматы: Білім, 2003. 9 с.

## Мазмұны

Кіріспе.....	3
<b>Самақова А.</b> Мемлекеттің басты институты .....	4
<b>Тоқпақбаев С.</b> Әскер: кемелдену жасы .....	7
<b>Матвеевкова Л.Г.</b> Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекетті және азаматтық қоғамды қалыптастыру .....	10
<b>Матвеевкова Л.Г.</b> Конституция – Қазақстан Республикасының Ата Заңы.....	17
<b>Қыстаубаева Ғ.А.</b> Жалпыға ортақ адам құқықтарының Декларациясы. Қазақстандағы адам құқықтары .....	24
<b>Нөкербекова Ә.Х.</b> Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтары.....	28
<b>Сәрсенбеков Н.Ж.</b> Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік-экономикалық құқықтары және міндеттері .....	33
<b>Мұсаева Ж.Т.</b> Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы заңнамасы.....	38
<b>Ушакова К.В.</b> Зияткерлік меншік және оны қорғау.....	45
<b>Балшыкеев С.Б.</b> Еңбек заңдары және жас маман.....	52
<b>Қарасартова М.М.</b> Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы .....	61
<b>Қарасартова М.М.</b> Отбасы-неке қатынастарын реттеу туралы Қазақстан Республикасының Заңдары .....	69
<b>Әлсенова К.Н.</b> Қазақстан Республикасының дінге сену мәселелерін реттеу бойынша заңнамасы .....	78
<b>Мұсаева Ж.Т.</b> Құқық бұзушылық және олар үшін жауапкершілік шаралары...83	
<b>Шорманбаева Д.Г.</b> Жастардың девианттық тәртібі және оның салдары.....	89
<b>Смағұлов Н.Қ.</b> Қарулы Күштердегі қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеті.....	96

**ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен.**

## **ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ**

### **7-кітап**

2-ші басылым, өңдел. және толық.

**Құрастырушы-авторлар:** Г.А. Байжабагинова, Л.Г. Матвееенкова, А.В. Волкова, А.К. Сламбекова, Ғ.А. Қыстаубаева, Н.Қ. Смағұлов, Ә.Х.Нөкербекова, Н.Ж. Сәрсенбеков, К.В. Ушакова, Мұсаева, С.Б. Балшыкеев, М.М. Қарасартова, Д.Г. Шорманбаева.

31.03.2004 ж. берілген № 50 мемл.баспа лиц.  
Басуға 15.12.2011 ж. қол қойылды. Тапсырыс 1926  
Пішімі 60x84x16. Есептік баспа табағы 6,3. Таралымы 3 дана.  
Бағасы келісімді.  
ҚарМТУ баспасы. 100027. Қарағанды. Бейбітшілік бульвары, 56